

Бекітілді:



Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

№2 ҰОҚ. Тақырыбы: Менің көңіл күйім(жырту техникасымен заттықаппликация)	Мектеп/МҰ: №8 негізгі орта мектеп	
Күні: 03.09.2021	Педагогтың аты- жөні Қолшинбаева ҚШ	
СЫНЫП-ТОП: 0 «А»	Қатысқандарсаны:	Қатыспағандар саны:
ҰОҚ-ның оқытылу мақсаттары	0.1.1.1. Жырту, қиып алу әдістерімен түрлі ертегі бейнелерін, т.б. жасай отырып, қарапайым заттарды жапсыру. 0.2.2.1. Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсау (тығыздығы, түсі, текстурасыжағынан әртүрлі қағаздар). 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -жырту әдісімен қарапайым заттарды жапсыра алады; -желімді пайдалану дағдыларын қолдана алады; -жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіре алады. Көптеген тәрбиеленушілер: -жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсай алады; -қағаз парағын толтыра алады, заттарды бір жолаққа орналастыра алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -елестету арқылы бейнелерді жасай алады. Дағдыларды дамыту. Тәрбиеленушілер: -жапсыру жөнінде ойларын ұсыну; -өзінің және өзгелердің жұмыстарын талқылау және түсіндіру; -пікір алмасу; -қазақ, ағылшын тілдерінде таныс сөздерді білу; -бастапқы біліктерді меңгеру. <i>Көптілділік:</i> жапсыру–аппликация–applique. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -аппликация, қайшы, желім, түрлі түсті қағаз, әліппе-альбом, жұмыс орны, жырту тәсілі. Талқылауға арналған сұрақтар: Аппликация дегеніміз не? Аппликация кезінде қандай материалдар мен құралдарды пайдаланамыз? Жырту тәсілімен не істеуге болады? Бүгін сенің көңіл күйің қандай? Оны ненің көмегімен білдіруге болады? Қандай түстерді пайдалануға болады?	
Өткен ҰОҚ-даналған білім	Бейнелеу өнерінің түрі – аппликация туралы бастапқы түсінік. Қайшымен жұмыс дағдылары. Қағазды жырту техникасы туралы бастапқы түсінік.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыты	Жоспарланған жұмыс түрлері	Ресурстары
I Дұрысәсерлі көңіл күй орнату. 0–2мин. II Өмірліктәжірибені маңыздандыру.Мақсатты болжам. 3–5 мин	Бейнелеу өнерінің түрі – аппликация туралы бастапқы түсінік. Қайшымен жұмысдағдылары. Қағазды жырту техникасы туралы бастапқы түсінік. Ұ) Педагог балалардан Аппликациятуралы небілетіндерін сұрайды. (Аппликация – қағаздан,қатырғықағаздан әртүрлі фигураларды, ою-өрнектерді немесе бүтін картиналарды қиып алу жәнежапсыру.) ҰОҚ-де шығармашылық тәжірибе ұйымдастыруды– өз көңіл күйін білдіру үшін әсерлі бейне жасаудыұсынады.	Музыка мен сүйемелдеу
ҰОҚ-ның ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 6 – 27мин	(Ұ) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялықматериалмен жұмыс. Аппликация көлемді болуы үшін қағаз бөлшектерінқалай жапсыру керектігі туралы ойланыңдар. Бүгінбіз жапсырудың жаңа түрімен танысамыз.Ол жырту тәсілімен жапсыру. Жырту тәсілімен жасалатын жапсыруда суреттіңбарлық бөлшектері түрлі түсті қағаздан қиыпалынбайды, олар жырттылып алынады және контур ішіне жапсырылады, құралдарды ретке келтіругежұмылдырады. Сен қандай құралдарды пайдалана аласың? Бүгін бізге қайшы керек пе? Құрал ретінде неніпайдаланамыз? (Қолдарымызды.) Саған қағаздыңқандай қасиеттері белгілі? Проблемалық сұрақ: көңіл күйдің пішініқандай болуы мүмкін? Түсі қандай? (Балалардыңболжамдары.) Педагог балаларға жұмысқа қажет құрал-жабдықтарды: төсеніш клеенка, қайшы, желім, желімжаққыш, шүберек, қоқыс салғыштың дайындығын тексеруді ұсынады. (Ұ) Саусақтарға арналған жаттығулар жасайды. Кемпірқосақ Қарандар, кемпірқосақ аспанда (қолдарын жоғарыкөтеріп жарты шеңбер салады), Ағаштардың үстінде (қолдарын жоғары көтеріп,саусақтарын тарбитады). Теңіздің де, толқынның да үстінде (қолдарын жоғарыкөтеріп толқын жасайды).	Аппликация жұмыстарының үлгілері. Әліппе-альбом. Музыкалық сүйемелдеу. Түстер палитрасы. Музыкалық сүйемелдеу.

	Ол менің де үстімде <i>(қолдарын бастарына тигізеді).</i> (Ұ, Ж) Жұмыстың орындалу технологиясы (жұмысты орындау кезектілігін түсіндіру).Педагог балаларға жапсыру алгоритмін түсіндіреді.Балалар өз көңіл күйлерін айқындап алуы тиіс – шеңбер, бұлт, шлейф және т.б. Пайдаланатын қағазтүсін таңдайды. Педагог жай қарындашпен бейненің контурынсызуды ұсынады. Одан кейін балалар жыртылғанқағаз бөлшектерін контурдың ішіне орналастырады.Суреттің ірілеу жерінен бастаған дұрысырақболады. Суреттің қажетті жеріне желім жағылады,түрлі түсті қағаздар контурдан бастап желімжағылған жерге жапсырылады, одан кейін ортасы толтырылады. Бұдан басқа бұл суретте айқынконтур мен тегіс сызықтар қажет емес, балалардыңшығармашылық қиялына еркіндік беріледі. Өзіндікжұмыс кезінде педагог тапсырма берудің орнына,балаға кеңестер, жанама сұрақтар қойып, оның өзбетімен жұмыс жасауына қолдау көрсетеді. (Ұ) Қауіпсіздік ережелері. Педагог ҰОҚ кезінде қауіпсіздік ережелерінсактауды ескертеді. Аппликацияға арналған материалдарды «тиімді»пайдалану дегеннің не екенін түсіндіреді.Тәрбиеленушілерді жұмыс барысында жұмыс орны мен құралдарды ретке келтіруге жұмылдырады.	Тіктөртбұрышты түрлі түсті қағаздар, ПВА желімі, желімге арналған жаққыш, шүберектер, клеенка
IV. ҰОҚ-ның қорытындысы. Рефлексия. 28-30 мин.	(Ұ, Ө) Шағын көрме ұйымдастырылады.Балаларталқылайды және ең жақсы жұмыстарды таңдайды. Педагог балалардан өз жұмыстарын бағалаудысұрайды: Кімге өз жұмысы ұнады? Өз жұмысыңды үлгімен салыстыр. Жұмыс мұқият орындалды ма? Жақсы ма, немесеонша емес пе? Нені істей алмадың?Кімнің аппликациясы барлығынан да артық ұнады? Не себепті?	Әліппе-дәптер, түрлі түсті қарындаштар

№3 ҰОҚ. Менің аулам (жырту техникасымен заттыкаппликация)	Мектеп/МУ: №8 негізгі орта мектеп	
Күні: 10.09.2021	Педагогтың аты- жөні Қолшинбаева ҚШ	
СЫНЫП-ТОП:	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
ҰОҚ-ныңоқытылу мақсаттары	0.1.2.1. Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау, заттардың кеңістіктікқатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке алаотырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыру. 0.2.1.1. Геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттардың бейнесін кию (жолақтардытікөртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп кию, шаршының немесе тіктөртбұрыштынбұрыштарын кию арқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып алу). 0.2.2.1. Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсау (тығыздығы, түсі, текстурасы жағынанәртүрлі қағаздар). 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
	Барлық тәрбиеленушілер: -жолақтарды тіктөртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп кию, шаршының немесе тіктөртбұрыштын бұрыштарын кию арқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып ала алады; -заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерініңтекстурасын есепке ала алады.	
	Көптеген тәрбиеленушілер: -геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттарды қия алады; -жапсыруда жеке сюжеттік композиция құра алады; -суреттерді үлкенінен бастап, кейіннен оларды ерекшелігі бар ұсақтарымен толықтыра отырып,қағаз парағына жапсыра алады; -геометриялық фигуралар негізінде қарапайым заттарды қия алады.	
	Кейбір тәрбиеленушілер: -өз бетімен елестету бойынша суреттерді құрастыра алады; -композиция заңдарын қолдана алады; -фигуралардың көлемінің әртүрлі екендігін айқындай алады.	
Тілдік мақсат	Дағдыларды дамыту: -сұрақтарға жауап беру , бұрын меңгерілген білімді еске түсіру; -шығармашылық үдеріс кезінде мүмкіндіктер шеңберін талқылау ; -тапсырмаларды орындау кезінде сөйлеу және тыңдау дағдыларын бекіту ; -қазақ, ағылшын тілдерінде таныс сөздерді тану ; -түпкі ойды түсіндіру . <i>Көптілділік:</i> аула–двор–court. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері. Сюжеттік композиция, кесу, кию, бөлу, ою, геометриялық фигуралар, қайшы, желім. Талқылауға арналған сұрақтар: Сен қайда тұрасың? Сенің аулаңда не бар? Құрылыстар қандай геометриялық фигураға ұқсайды? Қандай түсті пайдалануға болады? Қандай тәсілмен киюға болады? Қағазды қалай бүктеуге болады?	
Өткен ҰОҚ-даналған білім	Бейнелеу өнерінің түрі – аппликация туралы бастапқы түсінік. Қайшымен жұмыс дағдылары. Қағазды жырту техникасы туралы бастапқы түсінік.	
Алдыңғы бөлім	Қарапайым сюжеттік композиция құру, қағаз парағын толтыру білігі. Қайшымен жұмыс істеудағдылары. Геометриялық фигураларды білу. Негізгі түстермен және олардың реңктерімен танысу. Қазақстанның табиғатын, адамдардың еңбегін бейнелеу.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыты	Жоспарланған жұмыс түрлері	Ресурстары
I Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. 0–2мин.	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату. Сәлеметсің бе, оң қол (<i>қолымызды оңға қарай созамыз</i>), Сәлеметсің бе, сол қол (<i>қолымызды солға қарай созамыз</i>), Сәлеметсің бе, достым (<i>бір қолымызбен көршінің қолын ұстаймыз</i>), Сәлеметсің бе, достым (<i>екінші көршінің қолын ұстаймыз</i>), Сәлем, сәлем татулық шеңбері (<i>қолдарымызды тербелтеміз</i>), Қол ұстасып тұрғанда (<i>біз бір үлкен шеңбер құрамыз</i>), Кішкентай да бола аламыз (<i>отырамыз</i>), Үлкен де бола аламыз (<i>тұрамыз</i>), Бірақ ешкім де жалғыз қалмайды.	Музыка мен сүйемелдеу
II Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам. 3–5 мин	(Ұ) Педагог балалардан қоршаған орта–көше,үй,аула туралы пікірбөлісулерін ұсынады. Жұмбақ жасырады: Алыстағы апаңмен, Оқудағы ағаңмен, Тілдестіріп тұратын, Заттың атын табар ма ең? (Телефон) Тұмсығымен ояды, Ұя салып қояды, Табындаршы, балалар, Ол қандай құс болады? (Тоқылдақ)	

	Балаларды алдағы жұмысқа жұмылдырады. Жұмысқа қажет құрал-жабдықтардың – төсеніш клеенкасы, қайшы, желім, желімге арналған жаққыш, шүберек, түрлі түсті қағаз, қоқыс салғыштың дайындығын тексереді.	
ҰОҚ-ның ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 6 – 27 мин	(Ұ) Әліппе-альбомның иллюстрациялық материалымен жұмыс. Педагог тәрбиеленушілерге иллюстрацияға қарап, аулада ненің орналасқанын белгілеуді сұрайды. Аулада достарымен бос уақыттарын қалай өткізетіндерін сұрайды. (Ж) Тәрбиеленушілер жұптасып, аулада орналасқан геометриялық фигуралар неге ұқсайтынын талқылайды. Педагог балалардың алдына геометриялық пішіндер негізінде қиылған қарапайым заттардан «Менің аулам» тақырыбына жеке сюжеттік композиция құрастыру міндетін қояды. (Ұ) «Үйшік» саусақтарға арналған жаттығу. Саңырауқұлақтың асты – күрке-үй <i>(алақандарын күрке тәрізді біріктіру)</i>, Ол жерде көңілді құртақан тұрады, Біз оның есігін жаймен қағамыз <i>(жұдырықпен екінші қолдың алақанын соғу)</i>, Қоңырауын соғамыз <i>(екі қолдың алақандарын төмен қаратып, саусақтар айқастырылып, оң қолдың ортаңғы саусағы төмен бүгіліп, сол теңселеді)</i>, Бізге есікті құртақан ашады, Күрке-үйіне бізді шақырады. Күркенің ағаш едені бар <i>(алақандарын төмен қаратып, қырларымен бір-біріне тақап, қысады)</i>, Үстінде емен үстел тұр <i>(сол қолдың жұдырығының үстін оң алақанмен жабады)</i>, Жанында арқасы биік орындық <i>(сол қолдың алақанын тігінен жоғары көтеріп, ал оның төменгі жағына бас бармақты өзіне қаратып оң қолдың жұдырығын тірейді)</i>: Үстелде шанышқы мен тостаған <i>(сол қолдың алақанын жоғары қаратып үстел үстіне қойып, оң қолмен шанышқыны бейнелейді: алақанды төмен қаратып, төрт саусақты түзу тарбитып, ал басбармақты алақанға қысады)</i>. Буы бұрқырап құймақтар тұр. (Ұ, Ж) Жұмыстың орындалу технологиясы Педагог жұмысты бастамас бұрын нені бейнелейтінін, қандай түсті қағаз керектігін, бөліктерін қандай тәсілмен қию керектігін ойланып алуларын ұсынады. Педагог суретті құрастыру процесін, жапсырма жасау кезектілігін көрсету үшін тікелей үйрету әдісін қолданады. Жұмыстың кезектілігі тақтада барлық кезеңдері көрсетілген схематүрінде бейнеленеді. Балаларды жұмыс алгоритмімен таныстырады. Тіліктер тіктөртбұрыш етіп қиылады. және өзінің жұмыс орнын жинастырып қоюға бағыттайды. (Ұ) Қауіпсіздік ережелері. Педагог тәрбиеленушілерге жұмбақ жасырды: Қос таяқ, Бастары дөңгелек, Тұтас затты Кеседі бөлек-бөлек. (Қайшы) Бұл құрал өте мықты, Жұмысы жетіп артылады. Кесіп, киодан шаршамайды.	Әліппе-альбом. Музыкалық сүйемелдеу. Түрлі түсті қағаздар, ПВА желімі (немесе қарындаш-желім), желімге арналған жаққыштар, шүберектер, клеенка. Қайшының суреті. Қайшымен жұмыс істеу ережесі жазылған плакат (слайд).
IV. ҰОҚ-ның қорытындысы. Рефлексия. 28-30 мин.	(Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау Сабактың соңында тәрбиеленушілер педагог ұсынған сұрақтарға жауап береді: бір-бірінің құлағына сыбырлайды немесе ойын кейіпкерлеріне не бүкіл сыныпқа дауыстап айтады: Сен нені барлығынан да жақсырақ істедің? Бүгін саған кім көмектесті? Сен нені жасай алмадың және не себепті? Келесіде оны жасау үшін не істейсің? Ең қиыны не болды? Ең қызықтысы не болды? Тағы да нені жасай алмадың?	Ойын кейіпкерлері. Музыкалық сүйемелдеу.

Бекітілді: 
Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

№ 3 ҰОҚ Тақырыбы: Қамзол мен шапанды безендіреміз (сәндік жапсыру)	Мектеп/МҰ: №8 негізгі орта мектеп	
Күні: 17,09,2021	Педагогтың аты- жөні Қолшинбаева ҚШ	
Сынып-Топ: 0 «А»	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
ҰОҚ – ның оқытылу мақсаты	0.1.3.1. Қазақстан халықтарының сәндік-қолданбалы өнерінің желісімен, өрнектерді симметриялы, ырғақпен пішіндер мен ою элементтерін кезектестіре отырып, жапсырудағы өрнек элементтерінің кеңістіктік қатынасын есепке ала отырып, геометриялық пішіндер, өсімдік элементтері негізінде өрнектерден жапсырулар құрастыру. 0.2.1.3. Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қиып алу. 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -геометриялық пішіндер, өсімдік элементтері негізінде өрнектерден жапсырма құрастыра алады қағаз парағын толтыра алады, заттарды бір сызыққа орналастыра алады; жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіреді; қайшыны дұрыс ұстап, оны еркін қолдана алады. Көптеген тәрбиеленушілер: жапсырудағы өрнек элементтерінің кеңістіктік қатынасын есепке ала отырып, өрнектерді симметриялы, ырғақты орналастыруды біледі; Кейбір тәрбиеленушілер: -елестету бойынша суреттер жасай алады;	
Тілдік мақсаттар	Дағдыларды дамыту: -сөзбен түсіндіру арқылы композицияны нақтылау ; -жұмыс әдістері мен кезектілігі туралы айтып беру ; ұлттық дәстүрлермен және қолөнерлермен, халық шығармашылығы бұйымдарымен танысқан кезде сөздік қорды байыту -түстерді, пропорциялық қатынастарды сөзбен сипаттау ; -қазақ, ағылшын тілдерінде таныс сөздерді есту арқылы тану ; -өзінің және басқалардың жұмыстарын талқылау және түсіндіру . <i>Көптілділік:</i> ою–орнамент– decorative pattern.	
	Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -қамзол, шапан, ою-өрнек, геометриялық фигуралар, түс, реңк, сұлба, екіге бүктелген, қатпарланған	
	Талқылауға арналған сұрақтар: Қазақтың қандай ұлттық киімдерін білесің? Ою-өрнек дегеніміз не? Қандай түстерді пайдаланамыз? Не себепті? Оюды паракқа қалай орналастырамыз? Қағазды екіге қалай бүктейді? Қатпарлап ше?	
Алдыңғы білім	Қайталау және ырғақ қағидалары негізінде қарапайым өрнектер құрастыру. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен танысу. Желіммен және қайшымен жұмыс. Қағазды бірнеше қабат етіп бүктеу, геометриялық сәндік элементтерді, фигураларды бірден көп етіп қию, шаршыларды, тіктөртбұрыштарды, шеңберлерді, сопақ пішіндерді екіге бөліп қию, шаршыларды диагоналі бойынша қию және т.б.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Оң көңіл күй орнату. 0-1 минут	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату. Балалар шаттық шеңберін құрып тұрады. Қолыңды бер, шеңберге кел. Күлім қағып, ойна да күл. Қол ұстасып, ширақ басып, Біз жүреміз достасып.	Музыкалық сүйемелдеу.
II. Өмірлік тәжірибені өзектендіру. Мақсат қою 2-5 минут	(Ұ) Педагог тәрбиеленушілерге қазақ оюларының белгілі элементтерін атауды ұсынады: тұмарша, бестаңба, балта, ирексу, жіліншік, гүл, омыртқа, қайнар, ботагөз, қошқармүйіз. Балалар олардың неге ұқсайтынын айқындайды. Педагог балалардың назарын қамзол мен шапанның суретіне аударып, мақсат қоюға әкеледі. ҰОҚ-не	Иллюстрациялар, тұсаукесер слайд. Балаларға арналған ұлттық көйлектер

III. ҰОҚ-нің тақырыбы бойынша жұмыс 6-25 минут IV. ҰОҚ-ның қорытындысы. Рефлексия 28-30 минут	дайындықты тексеру. Тәрбиеленушілер клеенканы төсейді, үстелдің оң бұрышына қайшы, желім жаққыш, қарындаштар мен фломастерлер салынған стақанды қояды. Стақанның қасына желім, қағаз қиындыларын салуға арналған ыдысты қояды. Қиып алынған суреттерге желім жағуға арналған қағаз парақтарын дестелеп қояды. Артық желімді сұртуға арналған шүберекті орналастырады. Оң жақта түрлі түсті қағаздар. (Ұ) Әліппе-альбомдағы материалмен жұмыс. Педагог тәрбиеленушілерге әліппе-альбомдағы суретке қарап, қазақ ұлттық киімінің таныс элементтерін атауды ұсынады(тақия, көкірекше, камзол). Олардың немен безендірілгенін«Ою» ұғымын айтып бер. Ою – белгілі бір тәртіпте орналасқан өрнек. Камзолды ирексу оюларымен, ал бешпентті гүл оюымен сәндеуді ұсынады. (Ұ) «Тату-тәтті саусақтар» жаттығуы. Бұл саусақтар шымшылайды (<i>бас бармақпен және сұқ саусақпен екінші қолымыздың алақанын шымшылаймыз</i>). Мына саусақтар серуендейді (<i>сұқ саусақ пен ортаңғы саусақты екінші қолдың үстімен «жүргіземіз»</i>). Мыналар әңгіме-дүкен құрғанды ұнатады (<i>ортаңғы саусақ пен аты жоқ саусақты қимылдатып, бір-біріне үйкейміз</i>). Мыналар ұйқыны жақсы көреді (<i>аты жоқ саусақ пен шынашақты алақанға қысамыз</i>). Бас бармақ пен шынашақ жуынғанды жақсы көреді (<i>бас бармақты және шынашақты айналдыра қозғаймыз</i>). (Ұ, Ж) Жұмыстың орындалу технологиясы Педагог балаларды жұмыс алгоритмімен таныстырады. Ою- өрнекке қызыл, сары, көк, жасыл түстер ерекше әдемі реңк беретінін айтады. Қағаз бүктеу білігіне назар аудартады(бұрышты бұрышқа). (Ұ) Қауіпсіз жұмыс жүргізу ережесі Педагог сабақ барысында қайшымен жұмыс істеу ережесін еске салады. Тәрбиеленушілердің назарын қағазды үнемдеп пайдалану керектігіне аударады. Ірі қиындыларды лақтырмау қажет, оларды ұсақ бөлшектерді жасау үшін пайдалануға болатынын ескертеді. (Ұ, Ө) Шағын көрме ұйымдастырылады.Балалар талқылап,ең үздік жасалған камзолдар мен көкірекшелерді таңдайды. «Бес саусақ әдісі». Балалар шеңберге тұрып, сол қолымен оң қолындағы таңдалған саусақты көрсетеді. Одан кейін, таңдалған саусаққа байланысты сұраққа жауап береді. III (шынашақ) – ойлау үдерісі. Сабақта қызықты және жаңа не болды? III (шылдыр шүмек) – мақсаттың жақындығы. Неге қол жеткіздің? О (ортаңғы саусақ) – рухани жағдай. Сенің көңіл күйің қалай? С (сұқ саусақ) – қызмет, көмек. Бүгін сен кімге жәрдемдестің, немен қуанттың? Б (бас бармақ) – сергектік, физикалық жағдай. Бүгін менің физикалық жағдайым қандай болды? Бүгін мен өз денсаулығым үшін не істедім?	Түрлі түсті қағаздар, жай қарындаштар, ПВА желімі (немесе қарындаш-желім), желімге арналған жаққыш, шүберектер, төсейтін клеенкалар. Әліппе-альбом, қазақ оюларынан жасалған сәндік жапсырма үлгісі Музыкалық сүйемелдеу Түрлі түсті қағаздар, жай қарындаштар, ПВА желімі (немесе қарындаш-желім), желімге арналған жаққыш, шүберек, төсейтін клеенка Жадынама (плакат немесе тұсаукесер слайд) Жұмыстарын көрмеге қояды. Музыкалық сүйемелдеу
---	--	---

Бекітілді:



Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

№4 ҰОҚ Тақырыбы: ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНДЕ (заттық аппликация)	Мектеп/МҰ: №8 негізгі орта мектеп	
Күні: 24,09,21	Педагогтың аты- жөні Қолшинбаева ҚШ	
СЫНЫП-ТОП: 0«А » сыныбы	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
ҰОҚ-ныоқытылмақсаттары	0.1.1.2. Үлгікалып/есте сақталған үлгі/затқа қарап жапсыруларды құрастыру, сәйкес түсті, пішінді, заттардың фактурасы мен пропорцияларын таңдау, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс пайдалану. 0.2.1.2. Симметриялы емес заттарды бейнелеу үшін салынған немесе қиялдау контур бойынша сұлбаларды қию. 0.2.2.1. Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсау (тығыздығы, түсі, текстурасы жағынан әртүрлі қағаздар) 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -жапсырма құрастыру үшін үлгікалыптарды пайдалана алады; -жапсыруға арналған материалдарды тиімді пайдалана алады; -желімді пайдалану дағдыларын қолдана алады. Көптеген тәрбиеленушілер: -бөлшектерді дұрыс жапсыру кезектілігін пайдалана алады;-симметриялы заттарды қия алады; -қағаз түстері мен олардың реңктерін өз бетімен таңдай алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -заттардың тиісті түсін, пішінін, пропорциясын және фактурасын өз бетімен таңдай алады; -композиция заңдарын қолдана алады; Дағдыларды дамыту: -жапсырма жасау бойынша ой ұсыну; -сөзбен түсіндіру арқылы композицияны нақтылау; -жұмыс әдістері мен кезектілігі туралы айтып беру ; -түпкі ойды түсіндіру ; -өзінің және өзгелердің жұмыстарын талқылау және түсіндіру ; -түстерді, пропорциялық қатынастарды сөзбен сипаттау ; -тақырыпқа қызығушылық туғызатын көркемсөзді тыңдау ; -қазақ халық шығармашылығы кейіпкерлерімен танысқан кезде сөздік қорды байыту <i>Көптілділік:</i> ертегі–сказка– fairy-tail. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -түс, пішін, пропорциялар, контур, қағаз, қайшы. Тілдік мақсаттар Талқылауға арналған сұрақтар: Қандай қию тәсілін пайдаланасыз? Бөлшектерді қағаз парағына қалай орналастырады? Қандай түстерді пайдаланасыз? Қажет болатын геометриялық фигураларды ата. Жапсырма бөлшектерін қалай жапсыру керек? Қайшыны пайдалану білігі: таспаларды тіктөртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп қию, шаршының немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын қию арқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып алу. Екіге, қатпарлап бүктелген қағаздан әртүрлі бейнелерді қию дағдылары. Қазақ ертегілері мен әлем халықтары ертегілерінің кейіпкерлерін білу.	
Алдыңғы білім		
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Оң көңіл күй орнату. 0–1 минут	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату. Амансың ба, көк аспан! <i>(Қолымызды жоғары көтереміз.)</i> Сәлеметсің бе, алтын күн! <i>(Қолымызды басымыздың үстіне көтерін, үлкен шеңбер сызамыз.)</i> Есенсің бе, Жер-ана! <i>(Қолымызды бірқалыпты төмен түсіреміз.)</i> Сәлеметсіңдер ме, балалар! <i>(Барлық балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтереді.)</i> (Ұ) Әліппе-альбомдағы материалмен жұмыс. Педагог балаларға қазақ ертегілері бойынша суреттерді көруді ұсынады. Қай кейіпкерді таныдың?Ертегілер қалай аталады?	Музыкалық сүйемелдеу. Иллюстрациялық материал.
II. Өмірлік тәжірибені өзектендіру. Мақсат қою 2–5 минут	(Ұ) Педагог тәрбиеленушілерге«Алдаркөсе» мультипликациялық фильмінен қысқа үзінді көруді ұсынады. Балалар Алдаркөсенің айлакер атануының себебі туралы өз пікірлерін айтады. Педагог балаларды алдағы жұмысқа жұмылдырады	
III. ҰОҚ-нің тақырыбы бойынша жұмыс 6–25 минут	Қай ертегі кейіпкеріне ұқсағың келеді? Не себепті? Балаларды «үлгікалып» және «трафарет» ұғымдарымен таныстырады. Үлгікалыпты сыртынан бастырады, ал трафаретті ішінен бастырады. Педагог балаларға жұмыстың құрал- жабдығынын: төсеніш клеенка, қайшы, желім, желім жаққыш, шүберек, қоқыс салғыштың дайындығын тексеруді ұсынады. (Ұ) саусаққа арналған жаттығу.	Әліппе альбом

IV. ҰОҚ-ның қорытындысы. Рефлексия. 28-30 мин	1. Алақандар үстел үстінде («бір-екі» деп санағанда саусақтар қосылып – ажыратылады). 2. Алақандар («бір-екі-үш» деп санағанда жұдырық қырынан қойылады) 3. Саусақтар амандасады («бір-екі-үш-төрт-бес» деп санағанда екі қолдың саусақтары қосылады: бас бармақ, бас бармақпен, сұқ саусақ сұқ саусақпен және т.с.с.) 4. Қояндар тұр (сұқ саусақ пен ортаңғы саусақ жоғары қарай созылады; бас бармақ, кішкентай саусақ және аты жоқ саусақ қосылады). 5. Қояндар тығылып қалды (жұдырық түйіледі). 6. Ағаштар жайқалып тұр (саусақтарды тарбитып, алақандарымызды өзімізге қарай бұрып, қолымызды жоғары көтереміз). 7. Ағаштар жоқ (қолдарымызды төмен түсіреміз). (Ұ, Ж) Жұмыстың орындалу технологиясы Педагог тәрбиеленушілерге қандай ертегі кейіпкерін бейнелегісі келетіндігі туралы ойлануды ұсынады. Өзінің шаблондарын қолдануға мәжбүрлемей, дене мүшелері туралы келіседі. Қандай трафареттер мен үлгі қалыптар қолданылады. Проблемалық сұрақ: қандай заттарды үлгі қалып ретінде пайдалануға болады? Трафаретті немесе үлгі қалыпты бастыру үшін жай қарындашты пайдалануға болады. Қиып алынған бөлшектер дайындалған фонға жапсырылады. Педагог желімнің парақтың жиегі бойынша жағылатынын ескертеді. Бұдан басқа, қағазды тура бүктеу сызығы бойынша және нұсқаны қайшыны қағаздан ажыратпай ойша көзге елестету арқылы қиюларына назарларын аударады. Симметриялы емес заттардың суреттерін қиғаны үшін мадақтайды. Педагог тәрбиеленушілерге фигураларды қиған кезде қағазды тиімді пайдалану керектігін ескертеді. Ірі қиындыларды лақтырмау қажет, оларды ұсақ бөлшектерді қию үшін пайдалануға болады. Тәрбиеленушілер қарындашпен немесе фломастермен ұсақ бөлшектерді толықтырып салады. Сурет салу процесін, жапсырманы орындау кезектілігін көрсету үшін педагог тікелей оқыту әдісін пайдаланады. Жұмыс кезектілігі барлық орындау кезеңдері көрсетілген схема түрінде тақтада бейнеленді. Үлгі қалыппен немесе трафаретпен жұмыс істеу тәсілін көрсету үшін педагог балалардың бірін шақыра алады. Тәрбиеленушілердің түсініктерін бекітуі және кезектілікті тағы да бір рет қайталауы үшін оның іс – қимылын нақтылап түсіндіреді. Тәрбиеленушілерге өз бетінше қателерін тауып, оның себебін түсіндірулерін ұсынады. Түстердің үйлесімдігіне, әдемі қиылған сызықтарға және жұмыстың жалпы сапасына көңіл бөледі. (Ұ) Қауіпсіз жұмыс жасау ережелері. Сабақ шеңберінде педагог желіммен қауіпсіз жұмыс істеу ережелерін еске салады: Желіммен жұмыс істеген кезде қажет болса, жаққышты пайдалан. Желімді осы кезеңде жұмысты орындау үшін қажетті мөлшерде ал. Желімнің артық мөлшерін жұмсақ шүберекпен немесе майлықпен мұқият сүртіп ал. 4. Жұмыс істеп болғаннан кейін желім жаққышты және қолдарыңды сабындап жу. (Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау: Жұмысты талдау: бөлшектердің дәл және мұқият қиылуы. Нәтиже қорытындыланады. Мазмұны бойынша символдық бағалау: бала өз әрекетін символдар (карточка, жетон, қимыл және т.б.) арқылы жай бағалайды.	Музыкалық сүйемелдеу Педагог дайындаған трафареттер. Мыналарды: көлемі әртүрлі қорапшалар, шынылар, стақандар, ағаш құрастырғыш бөлшектері және басқаларын шаблон ретінде қолдануға болады. Жадынама
---	--	---

Бекітілді:



Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

№5 Тақырыбы: Мектеп ауласында	Мектеп/МҰ:№8 негізгі орта мектеп	
Күні: 01.10.2021	Педагогтың аты- жөні: Қолшинбаева ҚШ	
СЫНЫП-ТОП:	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
ҰОҚ-ның оқытылу мақсаттары	0.1.2.1. Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау, заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыру. 0.2.1.1. Геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттардың бейнесін кию (жолақтарды тіктөртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп кию, шаршының немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын кию арқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып алу). 0.2.1.3. Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге бүктелген, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қиып алу. 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -сюжеттік жапсырмада заттарды кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып орналастыра алады; -қайшыны дұрыс ұстауды, оны еркін пайдалануды біледі.	
	Көптеген тәрбиеленушілер: -заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала алады; -бірнеше қабат етіп бүктелген қағаздан бірнеше геометриялық фигураны қиып алады	
	Кейбір тәрбиеленушілер: -таныс техниканы өз бетімен үйлесімдей алады; -қағаз түстері мен реңктерін өз бетімен таңдай алады.	
Тілдік мақсат	Дағдыларды дамыту: -мақсаттарды іске асыру үшін бейнелеу материалдарын пайдалану нұсқаларын талқылау ; -композицияны сөзбен түсіндіру арқылы нақтылау ; -жұмыс әдістері мен кезектілігі туралы айтып беру ; -түпкі ойды түсіндіру ; -сұрақтар арқылы зат құрылысының пішінін нақтылау ; -түстерді, пропорциялық қатынастарды сөзбен сипаттау ; -тақырыпқа қызығушылық туғызатын көркемсөзді тыңдау ; <i>Көптілділік:</i> геометриялық фигуралар–геометрические фигуры– geometry figures. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -сюжеттік композиция, кесу, қиып алу, желімді пайдалану, мектеп ауласы, мектеп, ағаштар. Талқылауға арналған сұрақтар: Мектеп қандай геометриялық фигураға ұқсайды? Сен қандай қағазды пайдаланасың? Қайшымен қалай жұмыс істеу керек? Жұмыс үстелін таза ұстау керек пе? Қай бөлшек бірінші болып жапсырылады? Мектепке не үшін бару керек?	
Алдыңғы бөлім	Объектілердің шамасы бойынша қатынасын білдіру, әртүрлі заттардың бөлшектерінің пішінін көрубойынша қарапайым дағдылар. Геометриялық фигураларды, түстер мен реңктерді білу. Қайшыныпайдаланудың техникалық дағдылары.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыты	Жоспарланған жұмыс түрлері	Ресурстары
I Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. 0–2мин.	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату. Біздің топта күнбе-күн Жаттығулар жасаймыз. Қаз-қатар сапқа тұрамыз, Отырамыз, тұрамыз. Басымызды айналдырып, Созыламыз, бұрыламыз, Күлімдейміз, қол бұлғаймыз. (Ұ) Педагог балалардан сабаққа келе жатып нені көргендерін айтып беруді сұрайды. Мектеп ауласында не бар? Олардың қайсысын адамжасады, ал қайсысы табиғи болып табылады? Тәрбиеленушілер ағаштардың, бұталардың, мектептің көлемдерін, түстерін айқындайды. Оқып білім алады, Сол мектептен балалар. Педагог балаларға жұмыс үстелі жабдығының: төсеніш клеенка, қайшы,желім, желім жаққыш, шүберек, қоқыс салғыштың дайындығынтексеруді ұсынады.	Музыка мен сүйемелдеу Алаңдардың, аулалардың фотосуреттері, иллюстрациялар
II Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам. 3–5 мин		

ҰОҚ-ның ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 6 – 27мин	(Ұ) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялармен жұмыс Педагог балаларға суретке қарап, онда ненің бейнеленгенін айтып берудіұсынады. Тәрбиеленушілер аула мектебінің жапсырмасын қандай тәсілмен істеугеболатынын айқындайды. (Ж) Практикалық жұмыс:педагог тәрбиеленушілерге қағазбен жұмысістеудің әртүрлі тәсілдерін көрсетеді. Қағазды ширатады, жапсырады,жыртады, қияды, бүктейді. Балалар тәжірибеге қатысады.Педагог балаларға жапсырудың белгілі тәсілдерін пайдалана отырыпжұмыс жасауды ұсынады. (Ұ) Саусақтарға арналған жаттығу «Қайырлы таң». Қайырлы таң, көздерім! <i>(Сұқ саусақпен көздерімізді сипалаймыз).</i> Сендер ояныңдар ма?<i>(Саусақтардан«дүрбі»жасап, онымен қараймыз).</i> Қайырлы таң, құлақтарым! <i>(Қолымызбен құлақтарымызды сипалаймыз).</i> Сендер ояныңдар ма? <i>(Қолымызды құлақтарымызға«Чебурашка» тәрізді тақаймыз).</i> Қайырлы таң, қолдарым! <i>(Кезек-кезек қолдарымызды сипалаймыз).</i> Сендер ояныңдар ма? <i>(Шапалақтаймыз).</i> Қайырлы таң, аяқтарым! <i>(Тізелерімізді сипалаймыз).</i> Сендер ояныңдар ма? <i>(Аяқтарымызды топылдатамыз).</i> Қайырлы таң, алтын күн! <i>(Қолдарымызды жоғары қарай созып, күнгеқараймыз).</i> Біз ояндық! (Ұ, Ж) Жұмыстың орындалу технологиясы. Мектеп құрылымының бөліктерін анықтандар – қабырға, шатыр, есік-терезелер. Балаларға қажет болуы мүмкін әзірлемелердің геометриялықфигураларын атауды ұсыныңыз. Балалардың мектеп бөліктерінің пішіні,өлшемі және орналасуы туралы түсінігі болуы тиіс.Қиып алу кезінде қағаз түсі мен текстурасын таңдауға ерекше назар аударыңыз (балалардың барқыт немесе қатпарланған қағаз пайдалануы да мүмкін). Балалар түрлі түсті қағаздан тіктөртбұрыш қиып алуы тиіс. Ол мектеп ғимараты болады.Тіктөртбұрыштан трапеция пішінді шатыр қиып алынады. Трапецияпішінін қиып шығару үшін таспаның екі қарама-қарсы жіңішке жақтарынбір-бірімен қосып, қиғаш сызық бойымен бұрышы қиылады.Қағазды диагоналі бойынша екіге бүктеп, қарама-қарсы бір бұрыштанекіншісіне дейін қиғаштап қию арқылы үшбұрышты шатыр жасалады. Әзірлемеден таспаларды қиып, оларды тіктөртбұрыш немесе шаршы етіпқию арқылы терезе жасайды.Көкорай шөп жасыл түсті қағаз парағына салынған иректі сызық бойымен қиып алынады. (Балаларға тіктөртбұрышты тігінен екіге бүктеп,ағаштардың сұлбаларын қиюды ұсыныңыз. Қағаздың бүктеу сызығы ағаш бұтасыныңортасына дәл келуін қадағалай отырып бүктелген қағаздың бір жағынажай қарындашпен ағаштың жарты сұлбасының суреті салынады жәнеқиып алынады. Балалар дайындалған бөлшектерді жазған кезде ағаштыңсұлбасы дайын болады.Жақсырақ орналастыру жолдарын таңдай отырып бөлшектерді негізгіпараққа орналастырыңыз. Педагог тәрбиеленушілерге аппликациядағимараттардың және т. б. нысандардың дұрыс орналасуын көрсетугеқомектеседі. Балалардың назарын бейнелеуді өз беттерінше жобалауға, жұмысты қиюдан бастауға, алдымен көлемді бөліктерін жапсыруға, содан соң кіші бөліктермен толықтыруға және соңында өзгешелік сипатберетін бөліктермен аяқтауға аударды.Барлық бөлшектер негізге кезектілікпен жапсырылады. (Ұ) Қауіпсіз жұмыс жасау ережесі ҰОҚ барысында педагог тәрбиеленушілердіңназарын қағазды түзу сызық бойымен қиған кезде қайшыныңаңашын кең ашпау және соңына дейін жаппау керектігінеаударды. Қайшымен қиған кезде қайшының ұшын ғанапайдалану керек. Қайшымен жұмыс істеген кезде баланың қайшыныемес, қағазды бұруына назар аударды. Жұмыс орнын ретке келтіру қажеттілігі туралы ескертеді (Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау. Педагог балаларды бір-бірін бағалауға тартады.Сабақтың соңында тәрбиеленушілер педагог ұсынған сұрақтарға жауапбереді: бір-бірінің құлағына сыбырлайды немесе ойын кейіпкерлеріне небүкіл сыннықа дауыстап айтады:Сен нені барлығынан да жақсырақ істедің?Бүгін саған кім көмектесті? Сен нені жасай алмадың және не себепті? Келесіде оны жасау үшін не істейсің? Ең қиыны не болды? Ең қызықтысы не болды? Тағы да нені жасай алмадың? Сабақтағы жұмысы үшін кімге алғыс айтар едің?	Әліппе-альбом, иллюстрациялық материал. Музыкалық сүйемелдеу. Түрлі түсті қағаздар, жай қарындаштар, ПВА желімі (немесе қарындаш-желім), желімге арналған жаққыш, шүберек, клеенка. Балалар бір-бірінің жұмыстарын қарайды
IV. ҰОҚ-ның қорытындысы. Рефлексия. 28-30 мин.		

Бекітілді: 
Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

№ 6 ҰОҚ Тақырыбы: Жапырақтардан композиция жасау(заттық аппликация)	Мектеп/МҰ: №8 негізгі орта мектеп	
Күні: 08.10.2021	Педагогтың аты- жөні Қолшинбаева ҚШ	
СЫНЫП-ТОП: 0«А»сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
ҰОҚ-ның оқытылу мақсаттары	заттардың фактурасы мен пропорцияларын таңдау, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс пайдалану. 0.2.1.3. Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге бүктелген, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қиып алу. 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -өсімдік элементтері негізінде өрнектерден жапсырма құрастыра алады; -өрнектерді симметриялы, ырғақты орналастыра алады; -желімді пайдалану дағдыларын қолдана алады; -жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарды ретке келтіре алады. Көптеген тәрбиеленушілер: -екіге, қатпарланып бүктелген қағаздан симметриялы пішіндерді қия алады; -қағаздың түстері мен реңктерін өз бетімен таңдай алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -елестету бойынша суреттерді құрастыра алады.	
Тілдік мақсат	Дағдыларды дамыту: -оқу міндетін түсіну және оны орындауға тырысу; -сұрақтарға жауап беру , бұрын меңгерілген біліктерді еске түсіру; -шығармашылық процесінің барысында мүмкіндіктер аясын талқылау ; -қазақ, ағылшын тілдерінде таныс сөздерді есту арқылы тану ; -бейнелеу материалдарын мақсаттарды іске асыру үшін пайдалану, түпкі ойды түсіндіру ; <i>Көптілділік:</i> жапырақтар–листья– leaves. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -композиция, жапырақтар, өрнектер, түс, реңк, екіге бүктеу, қатпарлап бүктеу. Талқылауға арналған сұрақтар: Жылдың әртүрлі маусымында ағаштардың жапырақтарында қандай айырмашылықтар болады? Күзгі жапырақтардың түсі қандай? Қараағаш,терек, аққайың жапырақтарының пішіні қандай? Қағаз парағын екіге және қатпарлап қалай бүктейді? Симметриялы сурет дегеніміз не?	
Алдыңғы бөлім	Халық өнерінің желісі бойынша әртүрлі пішінді қағаздан, (шеңберлер, шаршылар, сопақша) геометриялықэлементтерден өрнектер құрастыру. Қағазды бірнеше қабат етіп бүктеу, бірден көп геометриялық сәндікэлементтер, фигуралар қию, шаршы, тіктөртбұрыш, шеңбер, сопақша пішіндерді екіге бөліп қию,шаршыны диагоналі бойынша қию білігі. Қазақстанның өсімдік әлемі туралы түсінік.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыты	Жоспарланған жұмыс түрлері	Ресурстары
I Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. 0–2мин. II Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам. 3–5 мин	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату. Педагог күз туралы өлең оқиды. (Ұ) Педагог тәрбиеленушілерге күз туралы тақпақ білетіндерін еске түсірудіұсынады. Күз белгілерінің мысалын келтіруді сұрайды. Ұшпаңдар деп жалынғанмен, Ұшып кеттің желге еріп. Төбелермен, шатырлармен, Аулалармен, көшелермен Кетіп барад жаз да ұшып. С. Сон Педагог балалардың сабақтың тақырыбына дайындықтарын тексереді	

ҰОҚ-ның ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 6 – 27мин	Ұ) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялық материалмен жұмыс. Педагог балаларға суретке қарап, жапырақтардың қай ағаштан түскенінанықтауды ұсынады. Тәрбиеленушілер жапырақтардың әрқайсысының түсін, нысанын, көлемін сипаттайды (гербарийді немесе мектепке жолбойынша жиналған жапырақтарды пайдаланыңыз). Педагог балаларға күзгі жапырақтардан қандай композиция құруға болатыны жөнінде қиялдап көруді ұсынады. Сәндік жапсырма құрастыруғатартады. (Ұ) «Күзгі десте» саусаққа арналған жаттығу. Балалар, күзгі дестені жинаймыз. Жапырақ тереміз (<i>жұдырықтарды түю-ашу</i>). Аққайыңның жапырағын, Шетеннің жапырағын, Теректің жапырағын, Көктеректің жапырағын Еменнің жапырағын (<i>кезек-кезек саусақтарды бұғу</i>), Бір дестеге жинаймыз. Анамызға күзгі десте сыйлаймыз (<i>жұдырықтарды түю-ашу</i>). (Ж, Ұ) Жұмыстың орындалу технологиясы Негізін шеңбер, шаршы немесе таспадан дайындаймыз. Желім негізгі беттің жиегіне ғана жағылады. Тәрбиеленушілер қандай пішінді жапырақтарды қиып алатынын және қағаздың қандай түсі қажет болатынын айқындауы тиіс. Барлық жапырақтар симметриялы. Сондықтан әзірлемелерді алдын ала екіге бүктеу әдісін қолданған орынды. Қағаз парағын (көлемі 4х6 см тіктөртбұрыш) тігінен екіге бүктейміз. Бұғусыздығы бойымен үлгі қалыптың көмегімен немесе үлгіге қарап суретсаламыз. Үлгі қалып ретінде серуендеген кезде жиналған жапырақты қолдануға болады. Педагог әзірleme пішінін, оның ені мен ұзындығын, көлемі мен бояуын өзгерткенде жапырақтардың, әсіресе күзгі жапырақтардың әртүрлілігін көрсетуге мүмкіндік беретініне балалардың назарын аударады. Жапырақтарды қиып алып түзетеміз. Педагог жапырақты қиып алу тәсілін балаларға көрсету үшін олардың бірін ортаға шақыруына болады. Бұл тәрбиеленушілердің өз түсінігін бекітуі және кезектілікті қайталауы үшін қажет. Жапырақтардың әзірлемелері дайын болған кезде оларды дайындалған негізгі бетке орналастырамыз. Педагог балалардың назарын өрнектің қарапайым болуы, яғни бір элементтен тұруы немесе күрделі болуы, яғни жекелеген сарын бір-екі элементтен кейін қайталануы мүмкін екендігіне аударады. Педагог балалардың назарын негізгі беттің кеңістігінің біркелкі толтырылуына аударады. Сұлбаны қию кезінде балалардың назарын шеткі сызыққа аударады және қайшының қозғалысының кеңістікте бағдарлануына, маңыздылығына көңіл бөледі. Алдын ала композицияны қарап алғаннан кейін жапырақтарға желім жағып, оларды қатырма қағазға жапсырады. Тәрбиеленушілердің қалауына кептірілген жапырақтар мен гүлдерді пайдалануға болады. (Ұ) Қауіпсіз жұмыс жасау ережелері Тәрбиеленушілерге мынаны ескерту қажет: қайшылар өткір болғандықтан, қауіпті құрал болып табылады. Қайшымен ойнауға болмайды, қайшымен қиып жұмыс жасалады. Қайшыны бетке жақындатуға, рұқсатсыз алуға, оны сілтеуге, лақтыруға, оны ұстап жүруге, әсіресе оны қолға ұстап жүгіруге болмайды, өйткені өзіңе зиян келтіруің мүмкін. Қайшыны бір-біріңе жабық күйінде берулерің керек. Қайшымен үстел басында отырып ғана жұмыс жасайды. Жұмыс жасап болған соң, қайшыны өз орнына қояды. (Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау: Педагог балаларды өзара бағалауға шақырады. Ұ, Ө) Шағын көрме ұйымдастырылады. Балалар талқылап, өздерінің арасындағы ең үздік жұмысты таңдайды. Педагог рефлексияның бір түрін таңдайды: • физикалық (үлгердім – үлгермедім); • сенсорлық (өзін-өзі сезіну: қолайлы – қолайсыз); • зияткерлік (нені түсіндім, ұғандым – нені түсінбедім, қандай қиындыққа кезіктім); • рухани (жақсардым – нашарлай түстім, өзімді, өзгелерді жақсарттым, күйреттім).	Әліппе-альбом. Күзгі жапырақтар жиналған гербарий. Күзгі жапырақтардан жасалған жапсырмалар (тәрбиеленушілердің жұмыстары, иллюстрациялар, слайдтар болуы мүмкін). Музыкалық сүйемелдеу . Түрлі түсті қағаздар, жай қарындаштар, ПВА желім (немесе қарындаш-желім), желімге арналған жаққыш, шүберек, клеенка.
IV. ҰОҚ-ның қорытындысы. Рефлексия. 28-30 мин.		Магниттік такта (флипчарттар). Көрнекі материал – қағаздан қиылған жапырақтар. Жұмыстарын көрмеге қояды

Бекітілді: 
Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Аппликация

9-ҰОҚ. ӘЖЕМНІҢ САНДЫҒЫ (сәндік аппликация)	Мектеп/МҰ: №8 негізгі орта мектеп	
Күні: 29.10.2021	Педагогтың аты- жөні Қолшинбаева ҚШ	
СЫНЫП-ТОП: сыныбы	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
ҰОҚ-ның оқытылу мақсаттары	0.1.3.2. Қуыршақтар мен ойыншықтарға арнап ұлттық бұйымдарды, сондай-ақ қазақ ою-өрнектерінің желісімен балалардың ойдан шығаруы/үлгіқалып бойынша түрлі бұйымдарды, шырша ойыншықтарын, құттықтау ашықхаттарын, ұжымдық панноларды сәндеу. 0.2.1.1. Геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттардың бейнесін кию (жолақтарды тіктөртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп кию, шаршының немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын кию арқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып алу). 0.2.2.3. Орталықты, бұрыштарды, әшекейлеу үшін екіге бүктелген қағаздан, қатпарлап бүктелген қағаздан қол ұстасуды, шеңбер айнала ән айтқан адам бейнелерін, шілтер үлгілерін, қар ұшқындарын, гүлдер, т.б. кию. 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру. Барлық тәрбиеленушілер: -ұлттық бұйымдарды ою элементтерімен сәндей алады; -геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттарды қиып ала алады; -жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіре алады. Көптеген тәрбиеленушілер: -қазақ халқы өрнектерінің желісі негізінде үлгіқалыпты пайдалана алады; -екіге бүктелген қағаздан орталық пен бұрыштарды сәндеуге арналған симметриялы пішіндерді қиып ала алады; -қағаз парағын толтыра алады, заттарды бір сызыққа орналастыра алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -жапсыруда түсті бейнелілік құралы ретінде пайдалана алады.	
Тілдік мақсат	Дағдыларды дамыту: -сұрақтарға жауап беру және бұрын меңгерілген біліктерді еске түсіру; -ұлттық дәстүрлермен және қолөнермен танысқан, халық шығармашылығы бұйымдарын жасаған кезде сөздік қорды байыту ; -тапсырмаларды орындау және проблемалық мәселелерді шешкен кезде сөйлеу және тыңдау дағдыларын бекіту ; -қазақ, ағылшын тілдерінде таныс сөздерді есту арқылы тану ; -өз жұмысын және өзге тәрбиеленушілердің жұмыстарын талдау және сындарлы бағалау . <i>Көптілділік:</i> сандық—сундук— trunk. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -сандық, ою, сәндік жапсыру, қазақ халқының өрнегі, симметриялы пішін, екіге бүктелген. Талқылауға арналған сұрақтар: Қазақ халқының қандай тұрмыстық заттарын білесің? Ою дегеніміз не? Оюдың қандай элементтерін білесің? Оларды ата. Тұрмыстық заттарды не үшін сәндейді? Өрнекті қандай тәсілмен қиып аласың?	
Өткен ҰОҚ-дан алған білім	Қазақ халқының салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігі туралы түсінік. Өртүрлі өрнектерді жасау бойынша бастапқы дағдылар. Қазақ ұлттық өрнегінің кейбір элементтері туралы білім. Қайшымен жұмыс істеудің техникалық дағдылары.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыты	Жоспарланған жұмыс түрлері	Ресурстары
I.Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. 0–2мин. 		

ҰОҚ-ның ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 6 – 27мин	(Ұ) Әліппе-альбомның иллюстрациялық материалымен жұмыс. Педагог балаларға сұрақтарға жауап беруді ұсынады. Бұрынғы замандарда адамдар сандықта не сақтағанын білесің бе? <i>(Балалардың болжамдары.)</i> Шағын зерттеу: тәрбиеленушілер әженің сандығының қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын айқындайды. Қуаныш балаларды дизайн шеберханасына шақырады. Әженің сандығын ұлттық ою-өрнектердің элементтерімен сәндеуді ұсынады. (Ұ) Саусақтарға арналған жаттығу. «Кім келді?» Кім келді? <i>(Бас бармақтар жанасады.)</i> Біз, біз, біз. <i>(Қалған төрт саусақ жанасады.)</i> Апа, апа, бұл сен бе? <i>(Бас бармақтар жанасады.)</i> Иә, иә, иә. <i>(Сұқ саусақтар жанасады.)</i> Әке, әке, бұл сен бе? <i>(Бас бармақтар жанасады.)</i> Иә, иә, иә. <i>(Аты жоқ саусақтар жанасады.)</i> Қарындасым, бұл сен бе? <i>(Шынашақтар жанасады.)</i> Барлығымыз біргеміз, иә, иә, иә. <i>(Барлық саусақтар жанасады.)</i> (Ұ, Ж) Апликацияны орындау технологиясы. Педагог суретті құрастыру процесін, жапсырма жасау кезектілігін көрсету үшін тікелей үйрету әдісін қолданады. Жұмыстың кезектілігі тактада барлық кезеңдері көрсетілген сызба түрінде бейнеленеді. Өрнектерді жасауға кірісуді ұсынады. Оюдың элементі – қайнар мен қошқармүйізге көңіл аудартады. Қайнар. Әзірлемені тігінен екіге бүктейді, оюдың үлгікалыпты (педагог дайындаған) әзірлеме парақтың бүтілген жеріне қойып, үлгікалыпты жай қарындашпен сызады. Ою контур бойынша қиып алынып, жазылады. Қошқармүйіз. Бүктеу сызығын жақсылап тегістей отырып, әзірлемені қатпарлап бүктейді. Оюды қойып, суреттің жартысын бүктеу сызығынан бастап жай қарындашпен бастырады. Шеткі сызық бойынша қиып алынады. Оюдың екі жағы да бірдей болуын қадағалайды. Педагог балалардың бөлшектерді бүлдірмей, дәл қиюын қадағалайды. Қию сызығы бұдырсыз, анық болуы және қиған кезде қағазды ойып алмауға тырысуы қажет. Педагог оюдың шет сызықтарына абай болуларын ескертеді. Шет сызықты қиғанда оңнан солға қарай қиған оңай болатынын айтады. Жақсырақ орналастыру жолдарын таңдай отырып, жапсырманың барлық бөлшектерін негіз-параққа орналастырады. Барлық бөлшектер кезектілікпен негізге жапсырылады. Педагог оюды әзірлеу тәсілін көрсету үшін балалардың бірін шақыра алады. Тәрбиеленушілердің түсініктерін бекітуі және кезектілікті тағы да бір рет қайталауы үшін оның іс-қимылын нақтылап түсіндіреді. Қиюдың кейбір тәсілдерін көрсетеді. Өткен ҰОҚ-дегі қию тәсілдерін айтқан тәрбиеленушілерді мадақтайды. (Ұ) Қауіпсіз жұмыс жүргізу ережелері. Педагог сабақ шеңберінде жұмыс орнын, құралдарды ретке келтіру керектігін еске салады. Желіммен жұмыс істеу ережесі: Желімді шағын мөлшерде шығар. Майлық пен жаққышты пайдалан. Көзге немесе киімге түскен кезде көп мөлшерде сумен жу.	Әліппе-альбом. Фотосуреттер. Музыкалық сүйемелдеу. Түрлі түсті қағаздар, жай қарындаштар, ПВА желім (немесе қарындаш-желім), желімге арналған жаққыш, шүберектер, төсеніш клеенкалар Жадынама
IV. ҰОҚ-ның қорытындысы. Рефлексия. 28-30 мин.	Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау: Шағын көрме ұйымдастырылады. Балалар талқылап, ең үздік жұмыстарды таңдайды. Сабақтың соңында тәрбиеленушілер педагог ұсынған сұрақтарға жауап береді: бір-бірінің құлағына сыбырлайды немесе ойын кейіпкерлеріне не бүкіл топқа дауыстап айтады: Сен нені барлығынан да жақсырақ істедің? Бүгін саған кім көмектесті? Сен нені жасай алмадың және не себепті? Келесіде оны жасау үшін не істейсің? Ең қиыны не болды? Ең қызықтысы не болды? Тағы да нені жасай алмадың? Сабақтағы жұмыс үшін кімге алғыс айтар едің?	Жұмыстарды қоюға арналған көрме қабырғасы.

Бекітілді: _____

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

7-ҰОҚ. ӘДЕМІ КӨБЕЛЕК (мозаика техникасында заттық аппликация)	Мектеп/МУ: №8 негізгі орта мектеп	
Күні: 15.10.21	Педагогтың аты- жөні Қолшинбаева ҚШ	
ҰОҚ-ның мақсаты	0.1.1.3. Елестету арқылы геометриялық пішіндер негізінде бірнеше бөліктен тұратын заттардың жапсырмасын құрастыру, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс қолдана отырып, тұтас ойыншық бейнелерін жасау немесе қисық жырттып алынған қағаздан жұмсақ ойыншық бейнелерін құрастыру. 0.2.1.3. Табиғи және қолдан жасалған екіге бүктелген, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қиып алу. 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -геометриялық фигуралар негізінде бірнеше бөліктерден жапсырмалар құрастыра алады; -екіге бүктелген, қатпарланып бүктелген қағаздан симметриялы пішіндерді қия алады. жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіре алады. Көптеген тәрбиеленушілер: -бөлшектерді жапсыру кезектілігін дұрыс пайдалана алады; -жапсырмада бейнелілік құралы ретінде түсті пайдалана алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -таныс техникаларды өз бетімен үйлесімді ете алады; -композиция заңдарын қолдана алады.	
Тілдік мақсат	Дағдыларды дамыту: -жапсырма жасау бойынша ойлар ұсыну ; -жұмыс әдістері мен кезектілігі туралы айту ; -сұрақтарға жауап беру , бұрын меңгерілген біліктерді еске түсіру ; -қазақ, ағылшын тілдерінде таныс сөздерді есту арқылы тану ; -бейнелеу материалдарын мақсаттарды іске асыру үшін пайдалану нұсқаларын талқылау ; -шығармашылық процесі барысында мүмкіндіктер аясын талқылау ; -өзінің және өзгелердің жұмыстарын түсіндіру . <i>Көптілділік:</i> көбелек–бабочка– butterfly. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -мозаика, көбелек, қағаз жолақтары, кию, жұмыс орны. Талқылауға арналған сұрақтар: Мозаика дегеніміз не? Қандай геометриялық фигуралардан мозаика құруға болады? Қағазды қандай тәсілмен киюға болады? Желімді қалай дұрыс пайдаланады? Мозаика техникасында жасалған суреттер қай жерде кездеседі? Бізге қандай түстер қажет болады?	
Алдыңғы оқыту	Қазақстанның жануарлар әлемі туралы ұғым. Балалардың заттың құрылымы туралы білімі. Қайшыны пайдалану білігі: жолақтарды тіктөртбұрыш етіп кию; шаршыларды үшбұрыш етіп кию; шаршы мен тіктөртбұрыштың бұрыштарын қиып тастап, дөңгелек және сопақша пішіндерді кию.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс эсерлі көңіл күй орнату. 0-2 минут	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату. Аспанда күн жарқырайды! (<i>Балалар қолдарын жоғары созып, тіктұрады.</i>) Алтын сәуле шашырайды. (<i>Алақандарын жоғары қаратып, қолдарын алға қарай созады.</i>) Қолымды алақаныңа салайын, (<i>Жұптарға бөлініп, бір-біріне қолдарын созады.</i>) Сенімен бірге шыр айналайын. (<i>Жұптасып айналады.</i>) Екеуіміз бірге шалғынға барамыз, (<i>Бір-бірімен қол ұстасып, тізбектеліп тұрады.</i>) Ол жерде шеңберге тұрамыз. (<i>Шеңбер құрып тұрады.</i>) Шыр айналып, ән айтамыз, Күнмен бірге айналамыз. (<i>Айналып жүреді.</i>) Қуана шапалақтаймыз, (<i>Шапалақтайды.</i>) Жылдам-жылдам адымдаймыз. (<i>Жылдам жүреді.</i>) Күн батты, демалуға кетті. (<i>Отырып, қолдарымен басын жабады, одан кейін қолдарын бір жақ бетінің астына салады.</i>) Біз ораламыз, орнымызға жайғасамыз. (<i>Ақырын орындарына барып отырады.</i>)	Музыкалық сүйемелдеу.
II. Мақсатты болжам. 3-5 минут		Тақтада ребус (флипчарт,

III. Тақырып бойынша жұмыс. 6-27 минут	(Ү) Көбелек туралы жұмбақ жасырады. Ұстасаң үгітіліп жоғалады, Дамылдап отырмайды ешбір жайда. (Көбелек) Бүгін біз қандай жұмысты орындаймыз? Көбелек жасаймыз. Педагог балаларды алдағы жұмысқа жұмылдырады. Педагог балалар жұмыс үстелінің дайындығын тексеруді ұсынады. (Ү) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялармен жұмыс. Педагог тәрбиеленушілерді көне өнердің бір түрі – мозаикамен таныстырады. Мозаиканың айқындамасын береді. Мозаика – кішкентай шаршылардан жасалған сурет. Оны қағаздан, өсімдіктердің дәндерінен, қатырғықағаздан, пластик тығындарынан және өзге де материалдан жасауға болады. (Т) Балалар көбелекті көре алады.Қанаттарының санына,бояуына назар аудартыңыз. Проблемалық сұрақ:мозаика қандай геометриялық фигураларданжасалады және оларды қалай қиюға болады? Қағаздың қандай түстері мен реңктерін пайдаланамыз? (Ү) Саусақтарға арналған жаттығу. «Көбелек» Ұйқыда жатқан гүл кенеттен оянды, Одан кейін ұйқысы оның келмеді. Жыбырлады, дірілдеді, Қанат қағып, ұша жөнелді. <i>(Қолдарының білезігі тұсынан айқастырылады, саусақтар төменге қарай түсіріледі. Қолдарын көбелектің қанаты тәрізді қимылдатады).</i> (Ж, Ү) Жұмыстың орындалу технологиясы. Көбелектің аппликациясын жасау барысында симметрияны қолданамыз. Жапсырмамен жұмысты бастау үшін үлгікалыптың немесе трафареттің көмегімен педагог дайындаған негізді қиып аламыз. Қабілеті жоғары балалар қалауы бойынша көбелектің контурын өз бетімен сыза алады. Көбелекке арналған негіздің қанық түстісін алған жөн, ол мозаика элементтеріне (қызыл, жасыл, күлгінкөк) қарама-қарсы болады. Одан кейін қағаздан (2–3 реңк) ені 1 см жолақтар қиямыз. Дайындалған жолақтарды ұсақ шаршылар етіп қиямыз. Жолақтарды қалай кесу керектігін қайшылардың өздері «айтады». Барлық қажетті эзірлемелерді жасаймыз. Педагог дайындалған қағаз бөліктерінің әртүрлі түстерін бөлек жинау керектігіне балалардың назарын аударады. Суреттің шағын бөлігіне желім жағамыз және алдын ала дайындалған қағаз бөліктерін желім жағылған бөлімге орналастырамыз. Жұмыс орындалғаннан кейін көбелектің мұрттарын, көздерін және т.б. салу үшін фломастерді пайдалануға болады. Педагог аппликация жұмысының барысын және талдауын қарастырғанда оның бейнелігін, өзгешелігін, айқындығын атап көрсетеді. (Ү) Қауіпсіз жұмыс жасау ережелері Сабақ шеңберінде педагог баланың ірі бөлшектерді қайшының кең ашылған ашаларымен, ал ұсақ бөлшектерді ұсақ, мұқият қимылдарменқиюға болатынын біле отырып, қайшы ұстаған қолының шынтағын алға қарай созбауын, екі қолының қимылдарын қадағалауынбақылайды.	слайд) бейнеленген. Әліппе-альбом. Иллюстрациялық материал. Энтомологиялық жиынтық (көбелектерден құрастырылған панно) немесе әртүрлі көбелектердің фотосуреттері. Түрлі-түсті қағаздар, жайқарындаштар, ПВА желім, желімге арналған жаққыш, шүберек, клеенка.
Қорытынды бөлім 28-30	(Ү, Ө) Рефлексиялық бағалау. Жұмыстар талданады және нәтиже қорытындыланады. Мазмұн бойынша бағалау: символикалық – бала символдардың (карточкалар, жетондар, қимылдар және басқалары) көмегімен өз әрекетін бағалайды.	Карточкалар, жетондар.

Бекітілді: 
Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

№4 ҰОҚ Тақырыбы: ҒАЖАЙЫП ФИГУРАЛАР (сюжетті аппликация, коллаж)		Мектеп/МҰ: №8 негізгі орта мектеп	
Күні: 22,10.2021		Педагогтың аты- жөні Қолшинбаева ҚШ	
СЫНЫП-ТОП: 0 «А»сыныбы		Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
ҰОҚ-ның оқытылу мақсаттары	0.1.2.1. Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау, заттардың кеңістіктікқатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыру. 0.2.1.1. Геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттардың бейнесін кию (жолақтарды тіктөртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп кию, шаршының немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын кию арқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып алу). 0.2.2.1. Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсау (тығыздығы, түсі, текстурасы жағынан әртүрлі қағаздар). 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.		
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -жапсыруда коллаж техникасын пайдалана алады; -жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсай алады (тығыздығы, түсі, текстурасы жағынан әртүрлі қағаздар); -желімді пайдалану дағдыларын қолдана алады. Көптеген тәрбиеленушілер: -қайшыны дұрыс ұстап, оны дұрыс пайдалана алады; -заттардың және олардың бөлшектерінің кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, текстурасын есепке ала алады; -жолақтарды тіктөртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп кию, шаршының немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын кию арқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып ала алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -өз бастамасы бойынша бейнелеудің әртүрлі тәсілдерін біріктіре алады; -әсерлі бейнені көрсету үшін сұлбалық қиып алу және жыртып жапсыру тәсілдерін пайдалана алады.		
Тілдік мақсат	Дағдыларды дамыту: -жұмыс әдістері мен кезектілігі туралы айту ; -жапсырма жасау бойынша ойларын ұсыну ; -бейнелеу материалдарын мақсаттарды іске асыру үшін пайдалану нұсқаларын талқылау ; -өзінің және өзгелердің жұмыстарын түсіндіру ; -тақырыпқа қызығушылық туғызатын көркем сөзді тыңдау ; <i>Көптілділік:</i> қағаз–бумаға– piece of paper. Негізгі терминдер және сөз тіркестері: -сюжет, коллаж, фигуралар, материал, қағаз, жыртыу, қайшы. Талқылауға арналған сұрақтар: Коллаж дегеніміз не? Қағаз қандай болады? Қағазбен не істеуге болады? Фигураны қалай қиуға болады? Қайшы мен желімді қалай пайдаланады? Сюжетті қағазды қалай орналастырады?		
Алдыңғы бөлім	Қағаздың әртүрлі түрлерімен жұмыс істеу білігі. Жалпы композиция құру, қағаз парағын толтыру, заттарды бір сызыққа, кең жолаққа (жоғарырақ, төменірек, 2–3 жоба), бүкіл параққа орналастыру бойынша қарапайым біліктер. Геометриялық фигуралармен таныстық.		
Жоспар			
Жоспарланған уақыты		Жоспарланған жұмыс түрлері	Ресурстары
I Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. 0–2 мин. II Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам. 3–5 мин		(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату. «Бірге қуанамыз» Күн мен құстарға қуанамыз, (Балалар қолдарын жоғары көтереді.) Күлімдеген жүздеріне қуанамыз, (Бір-біріне күлімдейді.) Ғаламшардағы бүкіл адамдарға, (Қолдарын екі жаққа созады.) «Қайырлы таң!» – дейміз, (Қол ұстасады.) Анам мен әкеме де «Қайырлы таң!» Баршаңызға «Қайырлы таң!» (Ұ) Педагог «Неге ұқсайды?» деген ойынды ұйымдастырады. Балалар пішіні әртүрлі бояу тамшыларына қарап, қиялдайды. Педагог бояу тамшыларының қалай пайда болатынын туралы айтады және балаларға сиқыршы болу ұсынылады. Ал сиқыршылардың қолынан барлығы да келеді.	Музыкалық сүйемелдеу. Пішіні әртүрлі бояу дақтарының суреттері.
ҰОҚ-ның ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 6 – 27 мин		(Ұ) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялармен жұмыс. Педагог балаларға суретке қарап, автордың осы жапсырмада нені пайдаланғанын айқындауды ұсынады. Тәрбиеленушілер материал мен құралдарды атайды. Педагог «коллаж» ұғымын береді. Коллаж – әртүрлі материалдардан – мата, қағаз, газет, фотосурет, таспалардан жасалатын сурет. Қосымша бөлшектерді бояулармен немесе қарындаштармен салуға	Әліппе-альбом. Әртүрлі – дәптер,

	болады. Педагог балаларға өздеріне белгілі қағазбен жұмыс істеу тәсілдерін еске түсіріп, сюжеттік коллаж жасауды ұсынады. Педагог балаларға жұмыс үстелінің дайындығын тексеруді ұсынады. (Ұ) Саусақтарға арналған жаттығу. Саусақтарды барынша тарбитамыз, <i>(Саусақтар тарбиган, тырысқан.)</i> Бір, екі, үш, төрт, бес. <i>(Санаған сайын саусақтар бас бармақтан бастап шынашаққа дейін бір-бірлеп жұдырыққа біріктіріледі.)</i> Бәрін бірге қысамыз – үш, төрт, бір орында билейміз, <i>(Саусақтар жазылады және «шамшырақ» қимылы жасалады.)</i> Өкшеге тұрамыз, <i>(Шынашақтар кездеседі, бас бармақтан басқа саусақтар бүгіліп, алақанға қысылады).</i> Одан кейін өкшеге тұрамыз, <i>(Бас бармақтардың бастары кездеседі).</i> Біз достармыз <i>(Шынашақтардың бастары кездеседі).</i> Енді жаттығу жасаймыз, <i>(Бас бармақтардың бастары кездеседі.)</i> (Ж, Ұ) Аппликация жасау технологиясы Педагог балаларға өзінің немен айналысатыны туралы көршісіне айтып беруді ұсынады. Оның альбомына қандай сиқырлы фигуралар қоныстанады? Олар қандай тәсілмен жасалады? Педагог тәрбиеленушілерге аппликацияда ғимараттардың және т. б. нысандардың дұрыс тұрғызылуын көрсетуге көмектеседі. Балалардың назарын бейнелеуді өз беттерінше жобалауға, жұмысты қиюдан бастауға, алдымен көлемді бөліктерін жапсыруға, содан соң кіші бөліктермен толықтыруға және соңында өзгешелік сипат беретін бөліктермен аяқтауға кеңес береді. Педагог тәрбиеленушілерге түрлі түсті қағаз, көшірме қағаз, газет-журналдардың кесінділерін, тұсқағаздардың киықтарын, үйден әкелінген фотосуреттерді (егер олар екі нұсқада болса) пайдалануға кеңес береді. Жұмысты орындау барысында педагог қолдануға болатын жапсыру тәсілдерін балалардың есіне салады: – қиып алынған заттардың бөлшектерінен жапсыру жасау; – қиып алынған заттардың сұлбаларынан жапсыру жасау; – жырту-мозаика; – контур бойынша жырту. Педагог жұмыс барысын қадағалайды және қажеттілігіне көмек көрсетеді. Педагог тәрбиеленушілерге фигураларды қиған кезде қағазды тиімді пайдалану керектігін ескертеді. Ірі қиындыларды лактырмау қажет, оларды ұсақ бөлшектерді қиып алу үшін пайдалануға болады. (Ұ) Қауіпсіз жұмыс жүргізу ережесі Педагог сабақта жұмысты қауіпсіз жүргізу ережесін және жапсыруға арналған материалдарды тиімді пайдалану туралы балалардың есіне салады.	газет-журнал, орама, қатпарлы және т.б. қағаздар. Музыкалық сүйемелдеу. Түрлі-түсті қағаздар, жай қарындаштар, ПВА желім, желімге арналған жаққыш, шүберек, клеенка.
IV. ҰОҚ-ның қорытындысы. Рефлексия 28-30 мин.	(Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау: Педагог балаларды өзара бағалауға шақырады. Бірінші рефлексияның бір түрін таңдайды: физикалық (үлгердім – үлгермедім); зияткерлік (өзін-өзі сезіну: қолайлы – қолайсыз); рухани (жақсы – жаман бола бастадым, өзімді, өзгелерді жақсы жаққа өзгерте немесе бұза бастадым).	Бірінші рефлексияның бір түрін таңдайды. Педагог балаларды өзара бағалауға шақырады.

Бекітілді:



Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

10-ҰОҚ. АЛТЫН БАЛЫҚ (заттық аппликация, жазықтықта үлгілеу)		
Күні: 12.09.2021		
Мектеп/МҰ: №8 негізгі орта мектеп		
Педагогтың аты- жөні Қолшинбаева ҚШ		
ҰОҚ-нің оқыту мақсаттары	0.1.1.2. Үлгікалып/есте сақталған үлгі/затқа қарап жапсыруларды құрастыру, сәйкес түсті, пішінді, заттардың фактурасы мен пропорцияларын таңдау, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс пайдалану. 0.2.1.1. Геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттардың бейнесін кию (жолақтарды тіктөртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп кию, шаршының немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын кию арқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып алу). 0.2.2.1. Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсау (тығыздығы, түсі, текстурасы жағынан әртүрлі қағаздар). 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
Күтілетін нәтижелер	Барлық тәрбиеленушілер: -шаблон бойынша жапсырма құрастыра алады; -геометриялық фигуралар негізінде бірнеше заттардан жапсырма құрастыра алады; -шаршының бұрыштарын қиып отырып, дөңгелек пішінді қия алады. заттарды бүкіл параққа орналастыра алады. Көптеген тәрбиеленушілер: -бөлшектерді жапсыру кезектілігін пайдалана отырып, заттардың тиісті түсін, пішінін, пропорциялары мен фактурасын таңдай алады; -жапсыруға арналған материалдарды тиімді пайдалана алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -өз бастамасы бойынша бейнелеудің әртүрлі тәсілдерін біріктіре алады.	
Тілдік мақсаттар	Дағдыларды дамыту: -жұмыс әдістері мен кезектілігі туралы айту; -түпкі ойды түсіндіру; -сұрақтар арқылы заттар құрылысы пішінінің ерекшеліктерін нақтылау; -түстің, пропорциялық қатынастардың ерекшелігін сөзбен сипаттау; -өзінің және өзгелердің жұмыстарын талқылау және сындарлы бағалау; -қорытынды сұрақтарға жауап беру, өз жетістіктерін бағалау. <i>Көптілділік:</i> шеңбер – круг – circle.	
	Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -үлгілеу, шеңберлер, үлгікалып, трафарет, қағаз, қайшы, желім.	
	Талқылауға арналған сұрақтар: Қандай геометриялық фигураларды білесің? Қағаз үлгі дегеніміз не? Қағаз үлгіні немен алмастыруға болады?	
Алдыңғы білім	Геометриялық фигураларға тән ерекшеліктерді білу. Барлық заттардың бөліктерден тұратыны, әрқашан негізінде үлкенірек және ірілеу бөліктердің болатыны, қалғандары – ұсақ, ерекше бөлшектердің қажеттілігіне қарай орналасатыны туралы түсінік. Жануарлар әлемінің өкілі – балықтар туралы білім.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Оң көңіл күй орнату. 0–1 минут	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату Кел, шеңберден қалма, Айналаңа күлкі сыйла. Сыңғырлаған сол күлкің, Достарыңа арналсын. Не аспанда қалықтай. Қанат қақсын аққудай. Қабақ шытпа, күлімде, Шын ниетпен күлгенде Жарқырайды әлем де!	Музыкалық сүйемелдеу.
II. Өмірлік тәжірибені өзектендіру. Мақсат қою 2–5 минут	(Ұ) Педагог балаларды «Қағаздар» мультипликациялық фильмінен үзінді көруге шақырады. Балаларды қағаздан үлгілеу тақырыбына әкеледі.	
III. ҰОҚ-нің тақырыбы бойынша жұмыс 6-25 минут	(Ұ) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялармен жұмыс Педагог суреттерге қарап, олардың қандай геометриялық фигуралардан тұратынын айқындауды ұсынады. Қағаздан үлгілеу ұғымын береді. Қағаз үлгілерді жасау өте қызықты. Геометриялық фигуралардан алтын балықтың үлгісін жасап көреміз. (Ұ) Саусақтарға арналған жаттығу. «Балықты құйрығынан ұстап ал» Балалар, шеңберге тұрындар. 1–2 деп есептесіндер. 1-нөмірлі балалар балықшы, ал 2-нөмірлі балалар балық болады.	Әліппе-альбом.

	Бір-біріне беттерінді бұрып тұрындар. Қолдарымыздың шынтақтары бүгулі, алақандарымыз бен саусақтарымызды біріктіреміз. Барлығымыз бірге: – Балықшы өзен жағасында балық аулап отыр, – дейміз (алақандарымыз бен саусақтарымызды қысып тұрамыз). – Бір, екі, үш. (Балықтың рөлін ойнайтын балалар қолдарымен балықшылардың қолдарының үстімен төмен қарай алақандарына дейін сырғанау қимылын жасап, бір сәтке тоқтап қалады). – Ұста! (Балық-балалар өте жылдам балықшылардың қолдарының үстімен төмен қарай алақандарына дейін сырғанау қимылын жасап, саусақтарын тартып алады, ал балықшы-балалар балықты құйрығынан, яғни саусақтарынан ұстап алуға тырысып, екі қолының саусақтарын бүгеді; осыдан кейін олар рөлдерімен алмасады). (Ж, Ұ) Аппликация жасау технологиясы. Педагог тәрбиеленушілерге алгоритм бойынша жұмыс жасауды ұсынады: Барлық төрт бұрышты бірқалыпты дөңгелете отырып, шаршыдан (8x8 см) шеңбер қиып аламыз. Бұрыштарды шаршының бір жағының ортасынан екінші жағының ортасына қарай бірқалыпты дөңгелете отырып қиылады. Балықтың денесі дайын болды. Қағазды екіге бүктейміз (1,5x1,5 см) және екі домалақтың суретін салғанда көздері пайда болды. Оларды қиып алып, балықтың денесіне жапсырамыз. Қанаттары мен құйрығы үлгіқалыптың көмегімен немесе шеңберлерден жасалады. Бөлшектерді аквариумның әзірлемесіне орналастырамыз, орналасуын еске сақтап, жапсырамыз. Алдымен ірілеу бөлшектерді, одан кейін ұсақтауларын. Қуаныш пен Айсұлу оның аузын салуды және жанына досын орналастыруды ұсынады. Педагог симметриялы емес суреттерді (балық, шаян, сегізаяқ) қиған балаларды марапаттайды. Ол аппликацияда жануарлардың дене мүшелерін дұрыс орналастыруға көмектеседі. Тәрбиеленушілерді жұмысты тез, тиянақты істеуге, киюдың тиімді тәсілін пайдалануға, қағазды орынды жұмсауға, жұмыс орнын ұқыпты ұстауға бағыттайды. (Ұ) Қауіпсіз жұмыс жүргізу ережесі. Педагог жұмыс кезінде қайшы ашасының қозғалысын қадағалау, ашаны ашық қалдырмау керектігі туралы ескертеді. Педагог балалардың бөлшектерді бүлдірмей, дәл киюын қадағалайды. Кию сызығының бұдырсыз, анық болуын, қиған қағазын ойып алмауын ескертеді.	Қағаздан үлгі суреттер. Музыкалық сүйемелдеу. Түрлі түсті қағаз, жай қарындаштар, қайшы, ПВА желімі (немесе желім-қарындаш), желім жағатын қылқалам, шүберек, төсейтін клеенка. Жаднама.
IV. ҰОҚ қорытындылау. Рефлексия. 26–30 минут	(Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау. Педагог сабақты қорытындылайды. Бүгін барлығын ойдағыдай орындаған балаларға шапалақтап қошемет көрсетуді ұсынады. Одан кейін қиындыққа тап болғандарға шапалақтауды ұсынады. «Бағдаршам». Балалар карточкалармен белгі береді: Жасыл – осындай тапсырмалардың көп болуын қалаймын, барлығын орындадым. Сары – ұнады, бірақ барлығын ойдағыдай орындай алмадым. Қызыл – бұл іс ұнамады, зеріктім.	Балалар бір-біріне қолдау көрсетеді.

Бекітілді: _____

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

Күні: 19.11.21

Мектеп/МҰ: №8 негізгі орта мектеп		
Педагогтың аты- жөні Қолшинбаева ҚШ		
ТАҚЫРЫБЫ: МАЛ ҚОРАСЫНДА		
ҰОҚ-ның мақсаты	0.1.2.1. Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау, заттардың кеңістіктік мақсаттары қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыра алады. 0.2.1.2. Симметриялы емес заттарды бейнелеу үшін суреті салынған немесе қиялдағы контур бойынша сұлбаларды қию. 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -жұмыс жасау барысында үлгіқалыптарды пайдалана алады; -сюжетті композиция құрастыра алады; -қайшыны дұрыс ұстап, еркін пайдалана алады; -жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіре алады. Көптеген тәрбиеленушілер: -бейнелерді қағаз бетіне жапсыруды алдымен ірі бөліктерінен бастап, кейін ұсақ, ерекше бөліктерімен толықтыра алады; -заттарды бүкіл парақ бетіне орналастыра алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -танымал техниканы өз бетінше үйлесімдей алады; - композиция заңдарын қолдана алады; -бейненің мәнерін көрсету үшін сұлбаны қиып алу мен жыртып жапсыру тәсілдерін қолдана алады.	
Тілдік мақсат	Дағдыларды дамыту: -сабақтың оқу міндетін түсіну және оны орындауға тырысу; -жапсыру жөнінде ойларын ұсыну; -сөзбен түсіндіру арқылы композицияны нақтылау; -жұмыс тәсілдері мен реті жөнінде айтып беру; -түпкі ойын түсіндіру; -өзінің және өзгелердің жұмыстарын талдау және түсіндіру; -түстің, пропорциялық қатынастардың ерекшеліктерін сөзбен айқындау; -қорытынды сұрақтарға жауап беру және сабақтағы өз жетістіктерін бағалау. Көптілділік: үлгі–трафарет– stencil. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -сюжетті композиция, үлгіқалыптар, трафареттер, сұлбаларды қию тәсілдері, мал қора, үй жануарлары. Талқылауға арналған сұрақтар: Бейнелер парақта қалай орналасады? Трафаретпен және үлгіқалыппен қалай жұмыс істейді? Нәліктен қайшымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау керек? Сұлбаны қалай дұрыс қияды? Қандай үй жануарларын білесің?	
Алдыңғы оқыту	Үй жануарлары, олардың әкелетін пайдасы туралы түсінік. Трафареттермен және үлгіқалыппен жұмыс істеудің техникалық дағдылары.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. 0-2 минут	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату. «Сәлеметсіздер ме!» – амандасу. Тәрбиеленушілер көршісінің саусақтарын кезек-кезек ұстап, былай дейді: Әрқашан (бас бармақтарын), әр жерде (сұқ саусақтарын) мол (ортаңғы саусақтарын) табыс (аты жоқ саусақтарын) тілеймін! (шынашақтарын түйістіреді).	Музыкалық сүйемелдеу.
II. Мақсатты болжам. 3-5 минут	(Ұ) Педагог балаларға үй жануарлары туралы жұмбақтар өзектендіру жасайрады. Тәрбиеленушілердің сабаққа дайындығын тексереді. Алдағы жұмысқа жұмылдырады. (Ұ) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялармен жұмыс. Әліппе-альбом. тақырыбы бойынша Педагог иллюстрацияларға қарап, өздері білетін үй жануарларын жұмыс атауды және оларды сипаттауды сұрайды. Балаларды педагог дайындаған үлгіқалыппен және трафареттері мен жұмыс жасауға жұмылдырады., – Үй жануарларының үлгіқалыбын және трафареттерін бастырып.	Үй жануарларының трафареттермен үлгіқалыптары: сиыр, түйе ат, қой

III. Тақырып бойынша жұмыс. 6-27 минут	сыз. Оларды қағаз бетіне жапсыр. Қоршаған ортаның қажетті суреттерін салып толықтыр. (Ұ) Саусақтарға арналған жаттығу. «Екі лақ». (Екі қолымыздың ортаңғы және шынашақ саусақтарын бас бармақтармен басамыз). Бірде бір лақ көпір үстімен Қонаққа бара жатты. (Қолымызды көлденең ұстап, бір-біріне жақындатамыз). Екінші жақтан екінші лақ Үйіне келе жатты. (Өр жолдың бірінші буынында қолдарымызды құлаштап жаямыз). Екі ақымақ ерке лақ Көпір үстінде кездесіп, Бір-біріне жол бермей, Сүзісіп қалды. Артқа шегініп, алға ұмтылып, Маңдайлары «тарс!» етіп түйісті. («Тарс!» сөзіне алақандарымызды соғамыз.) Екеуі суға «шалп!» етіп құлап түсті. («Шалп!» сөзіне қолымызды тіземізге түсіреміз.) (Ұ, Ж) Апликацияны орындау технологиясы Педагог бейнені жасау процесін, жапсырманы орындау ретін көрсету үшін тікелей үйрету әдісін қолданады Жұмыс реті орындаудың барлық кезеңдері бейнеленген схемалар түрінде тақтада көрсетіледі. Тәрбиеленушілер әзірлеменің жиегіне ғана желім жағып, паракқа жасыл фон жапсырады. Сосын қажетті трафареттер мен үлгікалыптарды таңдап, жай қарындаш көмегімен белгілі бір түрлі түсті қағазға бастырып сызады. Педагог балалардың жұмыстың эстетикалық сапасына – түстердің әдемі үйлесуіне, көргенде көз қуанатындай орналасуына, кейде орындаудың тазалығы мен ұқыптылығына назар аудартады. Өзіндік жұмыс кезінде педагог тапсырма берудің орнына, балаға кеңестер, жанама сұрақтар қойып, оның өз бетімен жұмыс жасауына қолдау көрсетеді. (Ұ) Қауіпсіз жұмыс жүргізу техникасы. Педагог сабақ барысында қайшымен және желіммен жұмыс істеу ережелерін еске салып отырады	Музыкалық сүйемелдеу Түрлі түсті қағаз, жай қарындаштар, қайшы, ПВА желімі (не желімді қарындаш), желім жаққыштар, сүрткіштер, клеенка
--	--	--

Бекітілді:



Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Апликация

ТҮСКІІЗ ЖАСАЙМЫЗ (сәндік аппликация))	
Күні: 26.11.2021	Педагогтың аты – жөні: Қолшинбаева ҚШ
Сынып-Топ: 0«А» сыныбы	Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
ҰОҚ – ның оқытылу мақсаты	0.1.3.1. Қазақстан халықтарының сәндік-қолданбалы өнерінің желісімен, өрнектерді симметриялы, ырғақпен, пішіндер мен ою элементтерін кезектестіре отырып, жапсырудағы өрнек элементтерінің кеңістіктік қатынасын есепке ала отырып, геометриялық пішіндер, өсімдік элементтері негізінде өрнектерден жапсырулар құрастыру.
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -ою элементтерінен жапсырма құрастыра алады; -екіге бүктелген, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қиып ала алады; -желімді пайдалану дағдыларын қолдана алады. қайшыны дұрыс ұстап, еркін пайдалана алады
	Көптеген тәрбиеленушілер: -ою пішіндері мен элементтерін кезектестіре отырып, өрнектерді симметриялы, ырғақты орналастыра алады; -жапсыруда әртүрлі түстерді бейнелілік құралы ретінде қолдана алады; -түпкі ойын тұрақты сақтап, өзінің әрекеттерін жоспарлай отырып, жұмысын соңына дейін жеткізе алады
	Кейбір тәрбиеленушілер: --бірнеше қабат етіп бүктелген қағаздан бірнеше геометриялық сәндік элементтерді қиып ала алады; -өз бастамасымен түрлі бейнелеу тәсілдерін біріктіре алады.
Тілдік мақсаттар	Дағдыларды дамыту: -сұрақтарға жауап беру, бұрын меңгерген біліктерін еске түсіру; -шығармашылық процесс барысында мүмкіндіктер аясын талқылау; -ұлттық салт-дәстүрлермен және қолөнермен танысқан, халық шығармашылығының бұйымдарын жасаған кезде сөздік қорын байыту; -тапсырмаларды орындау және проблемалық міндеттерді шешу кезінде сөйлеу және тыңдау дағдыларын бекіту; -қазақ, ағылшын тілдерінде таныс сөздерді есту арқылы тану; -қорытынды сұрақтарға жауап беру, өз жетістіктерін бағалау. <i>Көптілділік:</i> қайшы – ножницы – scissors.
	Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: --сәндік жапсыру, тұрмыстық зат, ою, контур бойынша қиып алу, екіге бүктеу, қатпарлап бүктеу..
	Талқылауға арналған сұрақтар: Қандай оюды қолданадың? Оюдың қандай түсін қолданадың? Қазақ халқының тұрмыстық заттары неге оюмен безендіріледі? Оюдың әзірлемесін қандай тәсілмен бүктеуге болады?
Алдыңғы білім	Қазақтардың шығармашылығы туралы түсінік. Сәндік композициялар құрастырудың қарапайым біліктері. Қағазды бүктеп, бірнеше пішіндерді қиып алу білігі. Қайшымен жұмыс істеудің техникалық дағдылары.
Жоспар	
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет
Оң көңіл күй орнату. 0-1 минут	Ресурстар Музыкалық сүйемелдеу. (Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату. Орнымыздан тұрайық, Қолды белге қояйық. Алға қарай бір адым, Артқа қарай бір адым, Жоғары, төмен қарайық, Орнымызды табайық. (Ұ) Педагог балаларға «Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері» фильмінен қысқа үзінді көрсетеді. Тәрбиеленушілердің алдағы іс-әрекеттері туралы болжамдарын тыңдайды.

II. Өмірлік тәжірибені өзектендіру. Мақсат қою 2-5 минут III. ҰОҚ-нің тақырыбы бойынша жұмыс 6-25 минут	(ұ) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялармен жұмыс. Педагог балалардың назарын қазақтың тұскизіне аударады. Тәрбиеленушілер оюға қарап, оюдың таныс элементтерін атайды. Педагог балаларға қазақ халқының ежелден жапсырманы қолданып келгенін, ақ киізге түрлі түсті тұскиізді тіккенін айтады. Түрлі түсті қағаздан өрнек қиып алып, тұскиізді безендіруді ұсынады. Педагог балаларды әртүрлі түстердің мәнімен және кілем жасаудағы түстердің үйлесімімен таныстырады: Сары түс – күнді білдіреді. Көк түс – су мен аспанды білдіреді. Қызыл мен қара – даналықты білдіреді. Қоңыр мен жасыл – жерді білдіреді. (ұ) саусақтарға арналған жаттығу. Алақандар үстел үстінде, (<i>«бір-екі» саусақтар бірге, саусақтар бөлек.</i>) Алақан – жұдырық – қырынан қою, (<i>«бір-екі-үш».</i>) Саусақтардың амандасуы (<i>«бір-екі-үш-төрт-бес» екі қолдың саусақтары қосылады: бас бармақ бас бармақпен, сұқ саусақ сұқ саусақпен және т.с.с.</i>). Қояндар (<i>сұқ және ортаңғы саусақты жоғары қарай көтеріп, бас бармақ, төртінші және бесінші саусақтар біріктіріледі.</i>) Қояндар тығылып қалды (<i>жұдырық түйіледі</i>). Ағаштар өсіп тұр (<i>саусақтар тарбиып алақандарды өзіне қарай бұрып, қолдарын жоғары көтеру</i>). Одан кейін қолдар төмен қарай түсіріледі (<i>ағаштар жоқ</i>). (Ж, ұ) Жұмыстың орындалу технологиясы. Педагог тәрбиеленушілердің ұлттық ою-өрнектердің әр алуандығына қызығушылығын оятады. Тәрбиеленушілерге аппликациялық бейнелеуде оюдың пішінін, түсін назарға ала отырып, біркелкі орналастыруға көмектеседі. Педагог тікелей үйрету әдісін қолданады. Жұмыстың реті барлық орындау кезеңдері бей-неленген схемалар түрінде тактада көрсетіледі. Симметрия және ырғақ заңдылығымен киюге және түрлі элементтерді біріктіруге (геометриялық, өсімдіктестес пішінді) баса назар аударады. Жұмысты бастамас бұрын бейне қандай болатынын, қандай түсті қағаз қажеттігін, оюды қандай тәсілмен кию керектігін ойластырып алуларын айтады. Оюдың үлгікалығын қиып алу қажет. Содан кейін түрлі түсті қағаздан әзірлеме қиып алынады.	Кемелердің суреттері. Түрлі түсті қағаздар, жай қарындаштар, ПВА желімі (немесе қарындаш-желім), желімге арналған жаққыш, шүберектер, төсейтін клеенкалар. Әліппе-альбом Музыкалық сүйемелдеу Ақ қағаз парақтары(А4 пішімді). Түрлі түсті қағаздар, жай қарындаштар, ПВА желімі (немесе қарындаш-желім), желімге арналған жаққыш, шүберек, төсейтін клеенка
IV. ҰОҚ-ның қорытындысы. Рефлексия 28-30 минут	(ұ, ө) Рефлексиялық бағалау: Педагог балаларды бір-бірінің жұмысын бағалауға шақырады. Педагог рефлексияның бір түрін тандайды: физикалық (үлгердім – үлгермедім); сенсорлық (өзін-өзі сезіну: қолайлы – қолайсыз); зияткерлік (нені түсіндім, ұғындым – нені түсінбедім, қандай қиындыққа кезіктім); рухани (жақсы – жаман бола бастадым, өзімді, өзгелерді жақсы немесе жаман жаққа үйрете бастадым)	Балалар бір-біріне қолдау көрсетеді.

Бекітілді:



Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

ҰОҚ. Тақырыбы: Шыршаны безендіреміз

(заттық аппликация, қиып алынған сұлбалардан құралған көлемді аппликация)

Күні: 03.12.2021

ҰОҚ-нің оқыту мақсаттары	0.1.1.2. Үлгікалып/есте сақталған үлгі/затқа қарап жапсыруларды құрастыру, сәйкес түсті, пішінді, заттардың фактурасы мен пропорцияларын таңдау, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс пайдалану 0.2.1.3. Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қию. 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.
Күтілетін нәтижелер	Барлық тәрбиеленушілер: -көлемді жапсырма құрастыра алады; -бөлшектерді жапсыру кезектілігін дұрыс қолдана алады; -қайшыны дұрыс ұстап, еркін пайдалана алады. Көптеген тәрбиеленушілер: -салынған контур бойынша сұлбаны қиып ала алады; -бейнелерді қағаз бетіне жапсыруды алдымен ірі бөліктерінен бастап, кейін ұсақ, ерекше бөліктерімен толықтыра алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -қиялдағы контур бойынша сұлбаларды қиып ала алады; -таныс техниканы өз бетінше үйлесімдей алады.
Тілдік мақсаттар	Дағдыларды дамыту: -жапсыру жасау жөнінде ойларын ұсыну; -сөзбен түсіндіру арқылы композицияны нақтылау ; -жұмыс тәсілдері мен кезектілігі жөнінде айтып беру. -түпкі ойын түсіндіру ; -қазақ, ағылшын тілдерінде таныс сөздерді есту арқылы тану ; -өзінің және өзгелердің жұмыстарын талқылау және түсіндіру ; -тақырыпқа қызығушылық тудыратын көркем сөзді тыңдау . -өзінің және өзге тәрбиеленушілердің жұмыстарын талдау және түсіндіру ; -тақырыпқа қызығушылық тудыратын көркем сөзді тыңдау ; -қорытынды сұрақтарға жауап беру , өз жетістіктерін бағалау . Көптілділік: шырша–елочка– fir-tree. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: көлемді жапсырма, сұлба, заттық жапсыру, екіге бүктеп қию. Талқылауға арналған сұрақтар: Көлемді жапсырма дегеніміз не? Қиюдың қандай тәсілі қолданылады? Шыршаны немен безендіруге болады?
Алдыңғы білім	Көлемді жапсырма туралы бастапқы түсінік. Сұлбаны салынған сурет бойынша қия білу. Қағаздың түсін, мөлшерін таңдау. Техникалық дағдылар.

Жоспар

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс- әрекет	Ресурстар
I. Оң көңіл күй орнату. 0–1 минут	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату. Достық туралы Күн мен жел достасады. Ш.өп пен шық достасады. Көбелек пен гүл де дос, Біз екеуміз мәңгі дос. Бәрін доспен бөлісеміз, Біз ешқашан ренжіспейміз. <i>Юрий Энтин</i> Ұ) Педагог балаларға жұмбақ жасырады: Менен асқан сәнқой бар ма? Мойнымда жылтыр алқа. Төбемде алтын жұлдыз жарқырай ма? Жылына бір рет қана. Осыларды бойыма тағатыны Мені әбден қынжылтады. (Шырша) ҰОҚнің тақырыбына қатысты балалардың болжамдарын тыңдау. Мақсат қою. Бүгінгі ҰОҚ-де не туралы айтатынымызды түсіндіңдер ме? Жаңа жылдың алдында адамдар не істейді? Біз бүгін шыршаны безендіреміз.	Музыкалық сүйемелдеу.
II. Өмірлік тәжірибені өзектендіру. 2–5 минут		Жаңажылдық шырша суреттері, балалардың жаңажылдық ертеңгіліктерінен суреттер.

III. ҰОҚ-нің тақырыбы бойынша жұмыс 6–25 минут	Ұ) Әліппе-альбомның иллюстрациялық материалымен жұмыс Суретке кара. Суретте не бейнеленген? Төменгі бұтақтарда қандай ойыншықтар ілулі тұр? Шыршаның жоғарғы бұтақтарында не ілулі тұр? Педагог балаларды көлемді жапсырмамен таныстырады. Көлемді жапсырма – бұл өте қызықты әрі оп-оңай! Педагог ауызша көркем сөзді пайдаланып, затқа (шыршаға) сенсорлық зерттеу ұйымдастырады. Оны үстел үстіне қоюға немесе шыршаға ілуге болады!	Әліппе-альбом. Иллюстрациялық материал.
IV. ҰОҚ қорытындылау Рефлексия. 26–30 минут	(Ұ) Саусақтарға арналған жаттығу. Алдымызда шырша тұр. («Шырша» – қолдардың саусақтары айқастырылып, жоғары көтерілген, бұл – «шыршаның» төбесі.) Жаңғақтар, инелер. («Жаңғақтар» – түйілген жұдырықтар, «инелер» – тарбиған саусақтар.) Шарлар, шамдар. («Шарлар» – саусақтары бір-бірінен сәл ашақтатылған «жарты шөміш» тәрізді алақан жоғары қарай бұрылған, «шамдар» – дәл осындай күйдегі алақан төмен қарай бұрылған.) Қояндар, шырақтар. («Қояндар» – сұқ және ортаңғы саусақтарды шошайтып, қалғандарын жұдырық етіп түйю, «шырақтар» – саусақтары біріктірілген алақандарды түйстіру.) Жұлдыздар, адамдар. («Жұлдыздар» – саусақтары тарбиған алақандар біріктірілген, «адамдар» – «құлақтары» төмен қарайды). (Ж, Ұ) Жұмыстың орындалу технологиясы. Балаларға көлемді шырша жасап, оны ойыншықтармен безендіруді ұсыныңыз. Қағазды екі бүктеп, шыршаның сұлбасын сызып, қиып алу қажет. Содан кейін балалар шыршаны кесілген сусымалармен безендіреді. Педагог осы жұмыстың басқа нұсқасын ұсына алады: алдымен жасыл қағаз жолағын үшке бүктейді, содан кейін шыршаның үлгісін сызып, контур бойынша сұлбаны қиып алады. Үш бірдей сұлба шығады. Кейін әрбір сұлбаны екі бүктеп, бір жартысына желім жағады да екі бөлшектің жартыларын қалған жартысы бос қалатындай етіп желімдейді. Сосын желімді қалған бос жартыларға жағып, үшінші сұлбаны желімдейді. Енді тұратын көлемді шырша шығады Балаларға шыршаны түрлі түсті қағаздан жасалған ойыншықтармен безендіру ғана қалады. Қағазды бүгу сызығы бойынша бүктеу өте ыңғайлы. Бүгу сызығы пунктирлі сызықпен көрсетіледі. Педагог тәрбиеленушілерге өз беттерінше қателерін тауып, олардың себебін түсіндіруді ұсынады. Балалардың назарын түс үйлесімдігіне, кино сызығының әдемілігіне, жұмыстың жалпы сапасына аударады. (Ұ) Қауіпсіз жұмыс жүргізу ережелері. Жұмыс орнында тәртіп сақта. Жарамды құралдармен ғана жұмыс жаса. Жұмыс кезінде қайшы жүзінің қозғалысын бақыла. Қайшының сақинасын өзіңе қаратып қой. Қайшымен ойнама, қайшыны бетіңе жақындатпа. Қайшыны мақсатына қарай пайдалан. (Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау: Педагог сабақты қорытындылайды. Жұмысты сәтті орындағандар қол шапалақтасын. Сосын жұмыс қиналғандар қол шапалақтасын. Тәрбиеленушілер сабақ соңында педагог қойған сұрақтарға жауап береді: бір-бірінің құлағына сыбырлайды, ойын кейіпкерлеріне немесе бүкіл топқа дауыстап айтады: Сен нені барлығынан да жақсырақ істедің? Бүгін саған кім көмектесті? Сен нені жасай алмадың және не себепті? Келесіде оны жасау үшін не істейсің? Ең қиыны не болды? Ең қызықтысы не болды?	Түрлі-түсті қағаз, жай қарындаштар, қайшы, ПВА желімі (не желімді қарындаш), желім жаққыштар, сүрткіштер, клеенка, жүннен иірілген Сусымалар, жылтырлар, пайеткалар. Жадынама (плакат, слайд). Балалар бір-біріне қолдау көрсетіп, қуанады.

Бекітілді:



Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Аппликация

Тақырыбы: Кел, Жаңа жыл! (сюжеттік аппликация, ұжымдық жұмыс)

Күні: 10.12.2021

Мектеп/МҰ: №8 негізгі орта мектеп

Педагогтың аты- жөні Қолшинбаева ҚШ

ҰОҚ-нің оқыту мақсаттары	0.1.2.1. Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау, заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыру. 0.2.1.3. Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қию. 0.2.2.3. Орталықты, бұрыштарды, әшекейлеу үшін екіге бүктелген қағаздан, қатпарлап бүктелген қағаздан қол ұстасуды, шеңбер айнала ән айтқан адам бейнелерін, шілтер үлгілерін, қар ұшқындарын, гүлдер, т.б. қию. 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.
Күтілетін нәтижелер	Барлық тәрбиеленушілер: -жапсыруда сюжетті композиция құрастыра алады; -екіге бүктелген, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қиып ала алады; -жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіре алады. заттарды бүкіл парақ бетіне орналастыра алады. Көптеген тәрбиеленушілер: -заттардың кеңістіктегі орналасуын ескере алады; -жапсыруда түсті бейнелілік құралы ретінде қолдана алады; -бейнелерді қағаз бетіне жапсыруды алдымен ірі бөліктерінен бастап, кейін ұсақ, ерекше бөліктерімен толықтыра алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -таныс техниканы өз бетімен үйлесімдей алады; -өз қиялын жеткізе алады.
Тілдік мақсаттар	Дағдыларды дамыту: -сұрақтарға жауап беру, бұрын меңгерген біліктерін еске түсіру; -шығармашылық процесс барысында мүмкіндіктер аясын талқылау; -түпкі ойын түсіндіру; -өзінің және өзге тәрбиеленушілердің жұмыстарын талдау және түсіндіру; -қорытынды сұрақтарға жауап беру, өз жетістіктерін бағалау. Көптілділік: шеңбер құрып жүру–хоровод–choir. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -жобалық жұмыс, сюжеттік жапсыру, контур бойынша қию. Талқылауға арналған сұрақтар: Қандай мереке келе жатыр? Жаңа жыл дегенміз не? Қиюдың қандай тәсілдерін қолдануға болады? Алақаныңды бастырып сызудың дұрыс тәсілі қандай?
Алдыңғы білім	Желімді пайдаланудың қарапайым дағдылары; шамасы бойынша заттардың арақатынасын, перспективтібұрмалануын бере білу. Шамасы бойынша заттардың арақатынасын, түрлі заттардың бөліктерінің пішінін көрсету, олардың құрылысын, пропорцияларын көру білігі.

Жоспар

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс- әрекет	Ресурстар
I. Оң көңіл күй орнату. 0–1 минут	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату. Педагог тәрбиеленушілерге өздерінің көңіл күйімен бір-бірімен жымып күліп бөлісуді ұсынады.	Музыкалық сүйемелдеу.
II. Өмірлік тәжірибені өзектендіру. 2–5 минут	(Ұ) Педагог тәрбиеленушілерге өлең оқиды. Мақсат қою. Ойыншықты мұншама Кім ілді екен шыршаға. Мандайында жұлдызы – Жарқырайды соншама. Балаларды жұмыстың ерекше түрі – топпен жұмыс жасау ызықтырады.	Суреттер, фотосуреттер, слайдтар.

Бекітілді: 
Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

ҰОҚ. Тақырыбы: Ақшақарға арналған көйлек (фольга мен майлықтарды пайдалана отырып сәндік аппликация)		
Күні: 24.12.2021		
ҰОҚ-ның мақсаты	0.1.3.2. Қуыршақтар мен ойыншықтарға арнап ұлттық бұйымдарды, сондай-ақ, қазақ ою-өрнектерінің желісімен балалардың ойдан шығаруы/шаблон бойынша түрлі бұйымдарды, шырша ойыншықтарын, құттықтау ашықхаттарын, ұжымдық панноларды сәндеу. 0.2.2.2. Бірнеше қабат етіп бүктелген қағаздан геометриялық сәндік элементтерді көбірек қиып алып, геометриялық пішіндерді (шаршылар, тіктөртбұрыштар, шеңберлер, сопақшалар) ортасынан немесе диагональ бойынша қию. 0.2.2.1. Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсау (тығыздығы, түсі, текстурасы жағынан әртүрлі қағаздар). 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -ою жасау үшін фольгадан шиыршық жасай алады; -желімді пайдалану дағдыларын қолдана алады; -қайшыны дұрыс ұстап, еркін пайдалана алады; -қиялдай алады. Көптеген тәрбиеленушілер: -фольгамен және қағаз майлықтармен өз бетімен жұмыс істей алады; -қазақтың халықтық өрнектерінің желісімен панноларды сәңдей алады; -түпкілікті ойын тұрақты сақтап, өзінің әрекеттерін жоспарлай отырып, жұмысын соңына дейін жеткізе алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -таныс техниканы өз бетімен үйлесімдей алады.	
Тілдік мақсат	Дағдыларды дамыту: -жапсыру жөнінде ойларын ұсыну ; -сөзбен түсіндіру арқылы композицияны нақтылау; -жұмыс әдістері мен кезектілігі жөнінде айтып беру ; -өзінің және өзгелердің жұмыстарын талқылау және түсіндіру ; -түстің, пропорциялық қатынастардың ерекшелігін сөзбен айқындау ; -тақырыпқа қызығушылық тудыратын көркем сөзді тыңдау ; -қорытынды сұрақтарға жауап беру , өз жетістіктерін бағалау . <i>Көптілділік:</i> өрнектер – узоры – patterns. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -сәндік жапсыру, өрнектер, фольга, майлықтар, шиыршық. Талқылауға арналған сұрақтар: Өрнек дегеніміз не? Неліктен аязда терезеге өрнектер түседі? Қағазға өрнекті ненің көмегімен салуға болады? Шиыршық қалай жасалады?	
Өткен ҰОҚ алған білім	Эстетикалық дағдылар, қоршаған ортадағы сұлулықты көре білу. Жапсыруда қолданылатын түрлі материалдар туралы түсінік. Шиыршық жасай білу.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-1 минут	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату. Педагог балаларға «Сәлемдесу» тренингін ұсынады. (Ұ) Педагог балаларға сабаққа дайындықтарын тексеруді және кім туралы айтып тұрғанын шешуді сұрайды: Аязатаның жанында Жүреді әрқашанда. Бізге жұмбақ жасыратын, Өн айтып, би билейтін Сәнді көйлек киетін Кім екенін айтыңдар? Бұл – (Ақшақар). Балалар кім немесе не туралы айтылғаны жөнінде болжамдар айтады. Педагог ҰОҚ-нің тақырыбына тоқталады, алдағы жұмысқа жұмылдырады.	Музыкалық сүйемелдеу. Репродукциялар.
II . Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам 2-5 минут	(Ұ) Әліппе-дәптердегі иллюстрациялармен жұмыс. Тәрбиеленушілер суретке қарап, Аязатаға Жаңа жылда балаларға кім сыйлық таратуға көмектесетінін айтады. (Ж) Проблемалық сұрақ: Ақшақардың қалай киінгенін білесің бе? Ол киімін қандай оюлармен әшекейлейді? Досыңмен бөліс! Педагог фольга мен қағаз майлықтарды пайдалана отырып, Ақшақардың көйлегіне ою салуды ұсынады. (Ұ) Саусақтарға арналған жаттығу. «Тату-тәтті саусақтар»	Әліппе-дәптер. Тақырып бойынша иллюстрациялық материал. Музыкалық сүйемелдеу.

ҰОҚ ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 6-25 минут	Бұл саусақтар шымшылайды, (Бас бармақпен және сұқ саусақпен екінші қолымыздың алақанын (немесе анамыздың алақанын) шымшылаймыз). Мына саусақтар серуендейді. (Сұқ саусақ пен ортаңғы саусақты екінші қолдың үстімен «жүргіземіз»). Мыналар әңгіме-дүкен құрғанды ұнатады, (Ортаңғы саусақ пен аты жоқ саусақты қимылдатып, бір-біріне үйкейміз). Мыналар ұйқыны жақсы көреді. (Аты жоқ саусақ пен кішкентай саусақты алақанға қысамыз). Бас бармақ пен кішкентай саусақ жуынғанды сүйеді. (Бас бармақты айналдыра қозғаймыз). (Ұ, Ж) Аппликацияны орындау технологиясы. Параққа Ақшақардың үлгікалыбын жай қарындашпен сызып алу қажет. Осыны негізге аламыз. Тағам фольгасынан жолақтар қиып, оларды шиыршықтап, Ақшақардың көйлегін әшекейлейміз. Педагог тәрбиеленушілерге оюлауға қолдануға болатын қазақтың ою-өрнек үлгілерін көрсетеді. Балаларға ою салу ыңғайлы болу үшін, жай қарындашпен ою-өрнектің сұлбасын сыздырып алыңыз. Шиыршықтар жолақтардың еніне байланысты болатынына балалардың назарын аудартыңыз. Шиыршықты қалай жасауға болады? Жолақтың ұшын сол қолмен ұстап, оң қолмен бұрау керек. Қолдың бас бармақтары жетектейді. Аралықтарды ақ түсті майлықтардан жасалған түйіршіктермен толтырамыз. «Ирис» тәрізді жібек жіптің қиындыларын пайдалануға болады. Желімді бейненің ортасынан бұрыштары мен шеттеріне қарай біркелкі етіп, ұқыпты жағу керек. Бұл үшін жаққышты, саусақты, сорғышты пайдалануға болады. Екі шетін саусақпен (бас бармақ пен сұқ саусақ немесе бас бармақ пен ортаңғы саусақ) ұстап қағаз бөлшектің бетін аударады. Педагог тәрбиеленушілерді жұмысты тез, ұқыпты істеуге, киюдың тиімді тәсілін пайдалануға, қағазды орынды жұмсауға, жұмыс орнын таза ұстауға бағыттайды. (Ұ) Қауіпсіз жұмыс жүргізу техникасы Бұл жұмысты желімсіз-ақ орындауға болады. Екіжақты скотчтың желімді астарында жапсырма әзірлеуге қажет материал бар.	Фольга, майлықтар, жай қарындаштар, қайшы, екіжақты скотч, клеенка. Ақшақар үлгікалыбы.
IV. ҰОҚ қорытындысы. Рефлексия 26-30 минут	(Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау: Педагог балаларды өзара бағалауға шақырады. Педагог рефлексияның бір түрін таңдайды: • физикалық (үлгердім – үлгермедім); • сенсорлық (өзін-өзі сезіну: қолайлы – қолайсыз); • зияткерлік (нені түсіндім, ұғындым – нені түсінбедім, қандай қиындыққа кезіктім); • рухани (жақсы – жаман бола бастадым, өзімді, өзгелерді жақсы жаққа өзгерте бастадым). Балалар шеңбер бойымен «жұмаршақ қарды» (қағаздан жасалған) бір-біріне беріп, ҰОҚ-да қолынан не келгендерін және нені пысықтау керектігін айтады	Қағаздан жасалған жұмаршақ қар.

Бекітілді:



Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

ҰОҚ. Тақырыбы: ӘНШІ СУЫҚТОРҒАЙ (жүннен иірілген жіпті пайдалана отырып, заттық аппликация)

Күні: 21.01.21

ҰОҚ-нің оқыту мақсаттары	0.1.1.2. Үлгікалып/есте сақталған үлгі/затқа қарап жапсыруларды құрастыру, сәйкес түсті, пішінді, заттардың фактурасы мен пропорцияларын таңдау, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс пайдалану 0.2.1.2. Симметриялы емес заттарды бейнелеу үшін суреті салынған немесе қиялдағы контур бойыншасұлбаларды қию. 0.2.1.3. Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қию. 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.
Күтілетін нәтижелер	Барлық тәрбиеленушілер: -шаблондар бойынша жапсырмалар құрастыра алады; -бөлшектерді жапсыру ретін дұрыс қолдана алады; -қайшыны дұрыс ұстап, еркін пайдалана алады. Көптеген тәрбиеленушілер: -заттардың тиісті түсін, пішінін, пропорциялары мен фактурасын таңдай алады; -бейнелерді қағаз бетіне жапсыруды алдымен ірі бөліктерінен бастап, кейін ұсақ, ерекше бөліктеріментолықтыра алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -өз бастамасымен түрлі бейнелеу тәсілдерін біріктіре алады.
Тілдік мақсаттар	Дағдыларды дамыту: -сөзбен түсіндіру арқылы композицияны нақтылау; -түпкі ойын түсіндіру; -жапсыру жөнінде ойларын ұсыну; -өзінің және өзгелердің жұмыстарын талқылау және түсіндіру; -тақырыпқа қызығушылық тудыратын көркем сөзді тыңдау. -өзінің және өзге тәрбиеленушілердің жұмыстарын талдау және сындарлы бағалау. Көптілділік: суықторғай–снегирь– bulfinch. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -заттық жапсыру, жүннен иірілген жіпті пайдалану, қию тәсілдері, құстың нобайы. Талқылауға арналған сұрақтар: Жапсырмаға қандай қосымша материалды пайдалануға болады? Шаблон дегеніміз не? Бізге қандай түстер қажет болады? Жүннен иірілген жіпті қай жерде пайдалануға болады?
Алдыңғы білім	Құстар туралы, олардың қылықтары мен ерекше қасиеттері туралы түсінік. Жіппен жұмыс істеудіңтехникалық дағдылары. Негізгі түстерді таңдай білу. Үлгікалыппен жұмыс.

Жоспар

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс- әрекет	Ресурстар
I. Оң көңіл күй орнату. 0–1 минут	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату. Сәлеметсің бе, оң қол! (Қолымызды алға қарай созамыз.) Сәлеметсің бе, сол қол! (Қолымызды алға қарай созамыз.) Сәлеметсің бе, достым! (Бір қолмен көршінің қолын ұстаймыз.) Сәлеметсің бе, достым! (Екінші көршінің қолын ұстаймыз.) Сәлем, сәлем татулық шеңбері! (Қолдарымызды тербелтеміз.) Қол ұстасып тұрғанда, біз шаттық шеңберін құрамыз. Кішкентай да бола аламыз. (Отырамыз.) Үлкен де бола аламыз. (Тұрамыз.)Бірақ ешкім де жалғыз қалмайды.	Музыкалық сүйемелдеу.
II. Өмірлік тәжірибені өзектендіру. 2–5 минут	(Ұ) Педагог тәрбиеленушілерге пазл суретті жинатып,суретте не бейнеленгенін анықтауды сұрайды. Бұл неткен керемет? Қыстың күні ағаш қалай гүлдеген? Қызыл кеуде құстарым, Жапырақтай шуладың. Ағаш толы қызыл гүл, Нан қиқымын жинап жүр. (Н.В. Заболоцкий) Педагог сабақтың тақырыбына тоқталады. Балалар алдына мақсат қояды.	«Суықторғай» пазлсуреттері.

III. ҰОҚ-нің тақырыбы бойынша жұмыс 6–25 минут IV. ҰОҚ қорытындылау Рефлексия. 26–30 минут	Ұ) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялармен жұмыс Педагог құсты мұқият қарап шығуды ұсынады. Оның өзіндік ерекшеліктерін айтқызады, төсінің, арқасының, қанаттарының түсін, мөлшерін анықтауды сұрайды. Үлгіқалып қолданып немесе суреті салынған сұлбаның көмегімен жұмысқа тартады. Жүннен иірілген жіпті қолдануға шақырады. Жіптің көмегімен нені бейнелеген дұрыс деген сұраққа тәрбиеленушілердің болжамдарын тыңдайды.(Ұ) Саусақтарға арналған жаттығу. Құстар үй жанына ұшып келді<i>(Екі сұқ саусақ бір-бірін қапсырып ұстайды. Қалған саусақтар құстың қанатындай құлаш сермейді.)</i> Құстар жем салғышқа отырды. <i>(Бір алақанды кеудемізге көлденең ұстаймыз.)</i> Тойғанша жем шокиды.<i>(Екінші қолдың бас бармағы мен сұқ саусағын біріктіріп, осы алақандысоққылаймыз.)</i> Бас шұлғып, алғыс айтты. <i>(Саусақтарды құстың басына ұқсатып біріктіреміз, қолдардың білезіктерімен иілгендей ишарат жасаймыз.)</i>(Ж, Ұ) Жұмыстың орындалу технологиясы.Педагог тікелей үйрету әдісін қолданады. Жұмыстың реті барлық орындаукезеңдері көрсетілген сызбалар түрінде тақтада көрсетіледі. Құстың сұлбасын үлгіқалып бойынша сызып алады немесе өз бетімен ескетүсіру арқылы немесе қара түсті паракқа құстың суретін қарап отырып салады. Салған суретін қиып алып, дайындалған қағазға желімдейді. Қара түсті қағазды тігінен екіге бүктейді де қанаттарын қиып алады. Қағазды екіге қалай дұрыс бүктейтінін және әзірлеменің қай жерінен ұстайтынын тәрбиеленушілерден сұраңыз. Жүннен иірілген жіпті ұсақтап қияды. Құстың төсіне және желімделген негізге желім жағып жүннен иірілген жіптің қиылған бөлшектерін орналастырады. Бейнені керек бөлшектерімен толықтырады. Бұтақты жырту тәсілімен дайындалған түрлі түсті қағаз жолақтарынан жасауға болады. Педагог бір баланы суықторғайды әзірлеу тәсілін көрсету үшін тақтаға шақырады, тәрбиеленушілер білгендерін бекітуі және жұмыс ретін қайталауы үшін сол баланың әрекеттерін нақтылап, түсіндіріп отырады. (Ұ) Қауіпсіз жұмыс жүргізу ережелері. Сабақ шеңберінде қайшымен жұмыс істеу ережелерін еске салып отыру. Қайшыны кезек-кезек ашып-жауып қию керек. (Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау: Педагог сабақты қорытындылайды. Жұмысты сәтті орындағандар қол шапалақтасын. Сосын жұмыст қиналғандар қол шапалақтасын. «Қар кесегі» (нұсқа) Балалар шеңбер бойымен «қар кесегін» (қағаздан жасалған) бір-біріне беріп, сабақта қолынан не келгендерін және нені пысықтау керектігін айтады.	Әліппе-альбом. Суықторғайдың фотосуреттері, суреттері. Музыкалық сүйемелдеу. Түрлі-түсті қағаз, жай қарындаштар, қайшы, ПВА желімі (не желімді қарындаш), желім жаққыштар, сүрткіштер, клеенка, жүннен иірілген қызыл түсті жіп. Жадынама. Педагогтің айтқанын мұқият тыңдайды.
--	---	--

Бекітілді: 
Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

ҰОҚ. Тақырыбы: ҚАЛА КӨШЕЛЕРІНДЕ		
Күні: 21.01.2022		
ҰОҚ-ның мақсаты	0.1.2.1. Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау, заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыру. 0.2.1.3. Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді кию. 0.2.2.2. Бірнеше қабат етіп бүктелген қағаздан геометриялық сәндік элементтерді көбірек қиып алып, геометриялық пішіндерді (шаршылар, тіктөртбұрыштар, шеңберлер, сопақшалар) ортасынан немесе диагональ бойынша қию. 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -геометриялық пішіндерді (шаршылар, тіктөртбұрыштар, шеңберлер, сопақшалар) ортасынан немесе диагональ бойынша қия алады; -заттарды бүкіл парақ бетіне орналастыра алады; -желімді пайдалану дағдыларын қолдана алады. Көптеген тәрбиеленушілер: -заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыра алады; -бейнелерді қағаз бетіне жапсыруды алдымен ірі бөліктерінен бастап, кейін ұсақ, ерекше бөліктерімен толықтыра алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -өздеріне таныс әдісті үйлестіре алады; -композиция заңдарын қолдана алады.	
Тілдік мақсат	Дағдыларды дамыту: -жапсырма жасау жөнінде ойларын ұсыну ; -жұмыс тәсілдері мен кезектілігі жөнінде айтып беру ; -түстің, пропорциялық қатынастардың ерекшелігін сөзбен айқындау ; -қазақ, ағылшын тілдерінде таныс сөздерді есту арқылы тану ; -өзінің және өзгелердің жұмыстарын талқылау және түсіндіру ; -қорытынды сұрақтарға жауап беру , өз жетістіктерін бағалау . <i>Көптілділік:</i> қала – город – town. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -геометриялық пішіндер, композиция перспективасы, қию тәсілдері, эзірлемелер, желімді астар, көлік, көше, ғимарат. Талқылауға арналған сұрақтар: Қандай геометриялық пішіндерді білесің? Жақын тұрған пішіндер қандай болып көрінеді? Көлікті қандай эзірлемелерден қиып алуға болады?	
Өткен ҰОҚ алған білім	Қарапайым сюжеттік композиция жасай білу, қағаздың бетін толтыра білу. Қайшымен жұмыс дағдылары. Геометриялық пішіндерді білу. Негізгі түстермен және олардың реңкімен танысу.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-1 минут	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату. Бүгінгі қала бейнесі Сілкіп тастап нала жүгін, Жасанып тұр қала бүгін. Сәулетіне, Дәулеті сай, Қос басындай таразының. Түнгі қала, Жұлдыздардың, Шоғырына айналып тұр. <i>Ө. Ақыпбекұлы</i> (Ұ) Педагог тәрбиеленушілерді үлкен және шағын қалалардың фотосуреттерінен (картиналар, иллюстрациялар) ұйымдастырылған шағын көрмеге шақырады. Педагог тәрбиеленушілерді алдағы әрекетке жұмылдырады. Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ.	Музыкалық сүйемелдеу.
II . Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам 2-5 минут	(Ұ) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялармен жұмыс. Педагог балалардан суретке қарап, ғимараттардан, көліктен, қоршаған ортадан қандай геометриялық фигуралар көріп отырғанын айтқызады. Балалардың назарын жыл мезгіліне аударады. Қар қайда жатыр? Үйлердің төбесінде, ағаш бұтақтарында,	«Қазақстан қалалары» фотосуреттері, иллюстрациялар, суреттер, картиналар (мүмкіндігінше).

ҰОҚ ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 6-25 минут	отырғыштарда. Педагог балаларға алдағы композицияны көрсетіп, онда қазір көкжиекке ұласқан (парақтың жоғарғы жағын нұсқайды) кең байтақ жер жатқанын (парақтың төменгі жағын нұсқайды) көрсетеді. Бірақ осы жақында аспанға бой тіктеп үйлер көтерілетінін, үйлерге адам қоныстанатынын, жолдармен көліктер ағылысатынын айтады. Осының бәрін қазір біз өзіміз жасаймыз өз қаламызды саламыз. Жакын орналасқан фигуралар үлкен болып көрінеді. Ал алыстағылары кішкентай сияқты көрінеді. (Ұ) Саусақтарға арналған жаттығулар Көңілді адамдар <i>(саусақтар алақан үстінде адымдайды)</i>, Өзен жанымен өтеді <i>(екінші алақанның үстімен адымдайды)</i>. Жүгіріп-секірді, <i>(үстел үстін тықылдатамыз)</i>, Күнді қарсы алды, <i>(бетіміздің үстімен жүреді)</i>, Көпірге шықты,<i>(саусақтардың басын біріктіреміз)</i>. Шеге қақты, <i>(жұдырықпен жұдырықты соққылаймыз)</i>. Содан кейін өзенге сүңгиді <i>(алақандарымызды сілкілейміз)</i>. Адамдар қайда? <i>(Қолдарымызды қолтығымызға тығамыз)</i>. Олар мұнда! <i>(Қолдарымызды көрсетеміз)</i>. (Ж, Ұ) Аппликацияны орындау технологиясы. Педагог жұмысты орындау алгоритмін айтып береді: – Үй салу үшін түрлі түсті қағаз әзірлемесін алу қажет. Егер үй екі қабатты болса, қағазды екіге бүктейміз. Енді ашқан кезде бірінші қабат пен екінші қабаттың қайда болатынын көруге болады. Үйде қанша кіреберіс болады? Қағазды енді басқа жағынан екіге бүктейміз, сосын тағы екіге бүктейміз. Ашып-жазамыз. Қанша кіреберіс шыққанын есептеуге көмектесесіңдер ме: бір, екі, үш, төрт – міне, төрт кіреберіс болды. Енді кіреберістерді бүктеп, үйдің төбесін қиып аламыз – міне, былай – бір жағындағы бұрышын, сосын екінші жағындағы бұрышын. Ашып-жазамыз – пішінді төбесі бар үй шыға келді. Енді терезелерін жасау керек. Педагог терезелерді сары немесе ақ түсті жолақтан қиып алуға болатынын түсіндіреді. Жолақты екіге бүктеп, сосын тағы екіге бүктеп, бүгілген жерін алақанмен жазамыз. Қағазды жайып, терезелер бірдей болу үшін бүгу сызығы бойымен дәлдеп қиямыз. Тәрбиеленушілер терезелерді үйлерге жапсырады. Педагог балаларға шаршы керек болатынына назар аударады. Оларға қиюдың жаңа тәсілімен таныстырады. Егер балалар қаласа, композицияға ағаштар қосуға болады – ағашты екіге бүктелген қағаздан немесе суреті салынған контур бойынша қиып алуға болады. Балалар бөлшектерді жалпы көрініске қондырады. Педагог оларды орналастыруға көмектеседі және алдымен үйлерді көкжиек сызығына жапсыру керектігін, сосын келесі қатарларды төмендете беріп жапсыру керектігін түсіндіреді. Үйлер үйлерді ішінара жауып желімделеді. Төменде жол жатыр, онымен машина жүйткіп барады. Олай болса, әліппе-альбомда берілген үлгіні қолданып, мәшине жасайық. Педагог аппликация жұмысының барысын және талдауын қарастырғанда оның бейнелік, өзгешелік, айқындығын атап көрсетеді. Аппликацияның барлық бөлшектерін матаға ретімен жапсырады. (Ұ) Қауіпсіз жұмыс жүргізу ережелері. ҰОҚ шеңберінде қайшымен жұмыс ережелерін еске салып отырыңыз. Бала желім жаққан кезде, пішінді қолмен ұстап отыруын, қолын жұмыс үстеліне жапсарлас жылжытуын	Әліппе-альбом. Тұсаукесер материалдары немесе флипчарттар. Музыкалық сүйемелдеу. Түрлі-түсті қағаз, жай қарындаштар, қайшы, ПВА желімі (не желімді қарындаш), желім жаққыштар, сүрткіштер, ластанбайтын төсем.
IV. ҰОҚ қорытындысы. Рефлексия 26-30 минут	(Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау: Педагог балаларды өзара бағалауға шақырады. Түрлі-түсті карточкаларды қолдану: жапырақ, қар, гүл, бағдаршамдар.	Карточкалар: жапырақ, қар, гүл, бағдаршамдар.

Бекітілді: _____

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

№ 18 ҰОҚ Тақырыбы. БАСҚҰРДЫ БЕЗЕНДІРЕМІЗ (сәндік аппликация)	Мектеп/МҰ: №8 негізгі орта мектеп	
Күні: 28.01.2022	Педагогтың аты – жөні: Колшинбаева КШ	
Сынып-Топ: 0 «А» сыныбы	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:

ҰОҚ – ның оқытылу мақсаты	0.1.3.1. Қазақстан халықтарының сәндік-қолданбалы өнерінің желісімен, өрнектерді симме-триялы, ырғақпен, пішіндер мен ою элементтерін кезектестіре отырып, жапсырудағы өрнек элементтерінің кеңістіктік қатынасын есепке ала отырып, геометриялық пішіндер, өсімдік элементтері негізінде өрнектерден жапсырулар құрастыру. 0.2.1.3. Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қию.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -қазақ оюлары элементтерінен жапсырма құрастыра алады; -екіге, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қиып ала алады; жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіре алады.	
	Көптеген тәрбиеленушілер: -жапсырмада ою элементтерінің кеңістіктік қатынастарын ескере отырып, оюларды өрнектің пішіндері мен элементтерін кезектестіре отырып, симметриялы, бірқалыпты орналастыра алады; -орталықты, бұрыштарды әшекейлеу үшін екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндерді қия алады; -тиянақты ойын сақтап, өзінің әрекеттерін жоспарлай отырып, жұмысын соңына дейін жеткізе алады.	
	Кейбір тәрбиеленушілер: -өз бастамасымен түрлі бейнелеу тәсілдерін біріктіре алады; -өз қиялын жеткізе алады.	
Тілдік мақсаттар	дағдыларды дамыту: -шығармашылық процесс барысында мүмкіндіктер аясын талқылау ; -ұлттық салт-дәстүрлермен және қолөнермен, халық шығармашылығы бұйымдарын жасаған кезде сөздік қорын молайту ; -қазақ, ағылшын тілдерінде таныс сөздерді есту арқылы тану ; -өзінің және өзгелердің жұмыстарын талдау және сындарлы бағалау ; -түпкі ойын түсіндіру ; -қорытынды сұрақтарға жауап беру , өз жетістіктерін бағалау . <i>Көптілділік:</i> үлгі – шаблон – template.	
	негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -ою-өрнек, басқұр, жолақ, әшекей, сәндік аппликация.	
	талқылауға арналған сұрақтар: Басқұр дегеніміз не? Оны тұрмыста не үшін пайдаланады? Басқұрдың жолағы қандай оюдан тұрады? Ою элементтерін қалай қиып алуға болады? Қағазды қалай бүктеу керек?	
Алдыңғы білім	Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білім. Қойдың қос мүйізіне негізделген «төрттайшық» оюын жасау тәжірибесі – қосмүйіз. «Қосмүйіз» оюының түр түрін жасау тәжірибесі: жиек оюлары, қосмүйізді шиыршықтар, геометриялық оюлар.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Оң көңіл күй орнату. 0-1 минут	(Ұ) Ұоқ-де оң көңіл күй орнату. Сәлем, алтын күн! Сәлем, көк аспан! Сәлем, самал жел! Сәлем, көк емен! Туған өлкем, Саған да бір сәлем!	Музыкалық сүйемелдеу.
II. Өмірлік тәжірибені өзектендіру. Мақсат қою 2-5 минут	(Ұ) Педагог балаларды киіз үйдің үлгісін қарауға шақырады. Тәрбиеленушілер киіз үйдің негізгі бөліктерінің мақсатын білу-білмеуін сұрайды. Киіз үйді немен безендірген? «Идеялар қоржыны» сыни ойлау қабілетін дамыту тәсілдерін ұсынады: ою-өрнек дегеніміз – бұл ... (тәрбиеленушілердің жауаптарының барлығын тыңдайды). Педагог балаларды алдағы әрекетке жұмылдырып, сәтті жұмыстар мен оларды орындау бойынша дұрыс жасауға ықпал етеді.	Киіз үйдің үлгісі. Иллюстрациялық материал. Энциклопедия

III. ҰОҚ-нің тақырыбы бойынша жұмыс 6-25 минут	(Ұ) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялармен жұмыс. Тәрбиеленушілер суретке қарайды. Басқұр – бұл қазақтың киіз үйін бекіту мен жабдықтауға арналған салтанатты әрі сәндік жолақтар. Басқұрды геометриялық және өсімдік оюлы өрнекпен әшекейлейді. Педагог балалардың қандай материалмен жұмыс істейтіні жөнінде ойлануды ұсынады. (Қағазбен) Қандай құралдармен? (Қайшы, желімге арналған жаққыш, қарындаш). Болжалды композицияға назар аударады: жолақтар қандай болады, қандай ою-өрнек қолданылады? Ұнаған ою-өрнек үлгілерін таңдауды ұсынады. (Ұ) саусақтарға арналған жаттығу Алақандар үстел үстінде, («бір-екі» – саусақтар бірге, саусақтар бөлек). Алақан – жұдырық – қырынан, («бір-екі-үш») Саусақтардың амандасуы («бір-екі-үш-төрт-бес» – екі қолдың саусақтары қосылады: бас бармақ бас бармақпен, сұқ саусақ сұқ саусақпен және т.с.с.). Қояндар (сұқ және ортаңғы саусақты жоғары қарай көтерді, бас бармақ, төртінші және бесінші саусақтар біріктіріледі.) Қояндар тығылып қалды (жұдырықты түю). Ағаштар өсіп тұр (алақандарды өзіне қарай бұрып, қолды жоғары көтеру). Ағаштар жоқ (одан кейін қолдар төмен қарай түсіріледі). (Ұ, Ж) Аппликацияны орындау технологиясы. Фон түсін таңдайды. Қию тәсілдерін анықтайды. Фон әзірлемесіне жай қарындашпен басқұр жолағының суретін салады, қиып альбомға жапсырады. Өз бетінше қиып алып, ою-өрнектің дайын үлгіқалыбын алады. Қағазды белгілі тәсілдермен: екіге немесе қатпарлап бүктейді. Ою-өрнектің бүгу сызығы бойымен ою-өрнектің үлгіқалыбын қойып, жай қарындашпен сызып алады. Педагог тәрбиеленушілердің назарын заттың шеткі сызықтарына аударады. Шеткі сызықты қию оңай болу үшін оң жақтан солға қарай қияды. Сосын белгілер бойымен ою-өрнекті қиып алады да жазады. (Ұ) қауіпсіз жұмыс жүргізу ережелері Сабақ шеңберінде педагог қайшымен жұмыс істеу ережелерін және жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіруді еске салып отырады.	Әліппе-альбом. Презентациялық материал. Музыкалық сүйемелдеу. Түрлі түсті қағаз, жай қарындаштар, қайшы, ПВА желімі (не желімді қарындаш), желім жаққыштар, сүрткіштер, клеенка. Қазақтың ою-өрнектері бар үлгіқалыптар мен трафареттер. Жадынама.
IV. ҰОҚ-ның қорытындысы. Рефлексия 28-30 минут	(Ұ, ө) Рефлексиялық бағалау. Жұмыстар талданып, нәтиже қорытындыланады. Мазмұны бойынша бағалау: танымдық белгімен бағалау – бала өзінің жұмысын танымдық белгілер (карточка-лар, жетондар, ишарат және т.б.) көмегімен бағалайды.	Символ-карточкалар.

Бекітілді: 
Білім саласы: Шығармашылық
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

№ 12 ҰОҚ Тақырыбы: ЖЕЛКЕНДІ КЕМЕ (оригами техникасын пайдалана отырып көлемді аппликация жасау)	Мектеп/МҰ: №8 негізгі орта мектеп	
Күні: 04.02.2022	Педагогтың аты- жөні Қолшинбаева ҚШ	
Сынып-Топ: « » сыныбы	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:

ҰОҚ – ның оқытылу мақсаты	0.1.1.3. Елестету арқылы геометриялық пішіндер негізінде бірнеше бөліктен тұратын заттардың жапсырмасын құрастыру, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс қолдана отырып, тұтас ойыншықбейнелерін жасау немесе қисық жыртып алынған қағаздан жұмсақ ойыншық бейнелерін құрастыру. 0.2.2.3. Орталықты, бұрыштарды, әшекейлеу үшін екіге бүктелген қағаздан, қатпарлап бүктелген қағаздан қол ұстасуды, шеңбер айнала ән айтқан адам бейнелерін, шілтер үлгілерін, қар ұшқындарын, гүлдер, т.б. қию. 0.2.2.1. Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсау (тығыздығы, түсі, текстурасы жағынан әртүрлі қағаздар). 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -оригами техникасын меңгеруге қатыса алады; -ойыншықтың тұтас бейнесін құрай алады; -қайшыны дұрыс ұстап, еркін пайдалана алады; -жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсай алады; -заттарды бүкіл парақ бетіне орналастыра алады. Көптеген тәрбиеленушілер: -симметриялы емес заттарды бейнелеу үшін суреті салынған немесе қиялдағы пішін бойынша сұлбаларды қиюға бейімделген; -бейнелерді қағаз бетіне жапсыруды алдымен ірі бөліктерінен бастап, кейін ұсақ, ерекше бөліктерімен толықтыра алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -өзіне таныс әдісті өз бетінше үйлестіре алады.	
Тілдік мақсаттар	Дағдыларды дамыту: -сөзбен түсіндіру арқылы композицияны нақтылау ; -жұмыс әдістері мен кезектілігі туралы айтып беру ; -түпкі ойын түсіндіру ; -жапсыру жөнінде ойларын ұсыну ; -өзінің және өзгелердің жұмыстарын талқылау және түсіндіру ; -қорытынды сұрақтарға жауап беру , өз жетістіктерін бағалау . <i>Көптілділік:</i> кеме–корабль– ship.	
	Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -оригами техникасы, қағазды бүктеу, симметриялы пішіндер қию, кемелер.	
	Талқылауға арналған сұрақтар: Оригами дегеніміз не? Қағазды қалай дұрыс бүктеу керек? Оригами техникасына қайшы керек пе? Оригами үшін қандай қағазды қолдануға болады?	
Алдыңғы білім	Оригами техникасында қарапайым пішіндерді жасай білу. Қайшымен қарапайым жұмыстарды орындау.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Оң көңіл күй орнату. 0-1 минут	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату. Теңіз Тыным таппай толқындары жарысқан, Кейде тыныш, кейде дүлей айбынды. Кемелер мен шағалалар табысқан, Телегей су – алып теңіз айдыны. «Мынау надан адам екен» дегізбей, Білім алғын тереңдігі теңіздей. <i>Е. Өтетілеуұлы</i>	Музыкалық сүйемелдеу.
II. Өмірлік тәжірибені өзектендіру. Мақсат қою 2-5 минут	(Ұ) Педагог тәрбиеленушілердің сабақта не істейтіндерін білген/ білмегенін сұрайды? Мақсат қою. Педагог балаларға жабдықтың – жұмыс парағының дайындығын тексеруді ұсынады: ластанбайтын төсем, қайшы, желім жаққыш, шүберек, түрлі-түсті қағаз, қоқыс салғыш. (Ұ) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялармен жұмыс. Тәрбиеленушілер суретке қарап, онда не бейнеленгенін сұрайды. Кемені сипаттайды. Қуаныш пен Айсұлу балаларды «оригами» түсінігімен таныстырады: оригами – бұл қайшы мен желімсіз, қағаздан жануарлардың, өсімдіктердің, құстардың, адамдардың пішіндерін бүктеп құрастыру. Педагог балаларға жұмысты оригами техникасында рет- ретімен орындап, өзінің кемесін теңіз айдынына жіберуді, яғни кемені қағазға жапсыруды ұсынады. Бұл ретте жұмысты керек бөлшектермен толықтыруға болады.	Кемелердің суреттері. Түрлі түсті қағаздар, жай қарындаштар, ПВА желімі (немесе қарындаш-желім), желімге арналған жаққыш, шүберектер, төсейтін клесналар. Әліппе-альбом
III. ҰОҚ-нің тақырыбы бойынша жұмыс		

6-25 минут IV. ҰОҚ-ның қорытындысы. Рефлексия 28-30 минут	алақандарды бір-біріне тақап, араларын сәл ашыңқыраймыз. Қайықтың толқындарда теңселгенін, одан кейін қолдардың тербелген қимылдарымен толқындарды көрсетеміз. Одан кейін аспанда ұшып жүрген шағаланы көрсетеміз. Ол үшін алақандарымыздың сыртқы жағын бір-біріне тақап, саусақтарды бұлғаймыз. Алақандарымызды бір-біріне тақап, балықтың суда жүзіп жүргенін көрсетеміз. Көк толқынды теңізде Мен ержүрек капитан, Аппак бұлтты көк аспанАқ шағала самғаған, Құстың даусы саңқылдап Көк теңізді паналап Балықтарды үркітіп Айналып келіп теңізді Саяхатшы-қаһарман Үйге келді дін аман! (Ұ, Ж) Жұмыстың орындалу технологиясы Педагог тікелей үйрету әдісін қолданады. Жұмыстың реті барлық орындау кезеңдері көрсетілген сызбалар түрінде тактада көрсетіледі. Педагог балаларға қағазды ұқыпты бүктеп, бүгілген жерін алақанмен тегістеу керектігін еске салады. Кеме жасау үшін бір парақ қағаз керек (А4 немесе кәдімгі альбом қағазы). Парақты алып, оны ұзына бойы екіге бүктейді. Сосын тағы бір рет бүктеп, қайтадан жазады – бұл бүгу сызығын белгілеу үшін жасалады. Жоғарғы бұрыштарын бірінші кезеңде белгілеген сызыққа қарай бүгеді. Сосын төменгі шетін жоғары қарай жартылай бүгеді (оң не теріс жағынан). Осыдан кейін төменгі бұрыштарын жоғарыға қарай 90 градусқа бүгеді. Сосын төменгі шетін екі жақтан соңына дейін бүгеді. Ортасынан алып, бұйымды екі жағынан тартады. Шаршының төменгі шетін жоғарыға қарай бүгеді. Енді қайтадан ортасынан алып, бұйымды екі жағынан тартады. Төменгі жағын бүгеді. Енді бұрыштардың ұштарынан ұстап, бұйымды тартады. Кеме шықты. Толқындарды қосыңыз. Әліппе-альбомда қию сызбасы берілген. Көгілдір түсті эзирлемелерден симметриялы емес пішінде бұлттар қиып алуға болады. Альбомда композиция құрастырып, эзирлемелерді жапсырыңыз. (Ұ) Қауіпсіз жұмыс жүргізу ережесі Сабақ шеңберінде қайшымен және желіммен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттігін еске салып отыру. (Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау. Педагог сабақты қорытындылайды. Жұмысты сәтті орындағандар қол шапалақтасын. Сосын жұмыста қиналғандар қол шапалақтасын.	Музыкалық сүйемелдеу Ақ қағаз парақтары(А4 пішімді). Түрлі түсті қағаздар, жай қарындаштар, ПВА желімі (немесе қарындаш-желім), желімге арналған жаққыш, шүберек, төсейтін клеенка Балалар бір-біріне қолдау көрсетеді.
---	--	---

Бекітілді:



Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

№ 18 ҰОҚ Тақырыбы.
Менің төрт аяқты
досым
(сәндік аппликация)

Мектеп/МҰ: №8 негізгі орта мектеп

Күні: 18.02.2022	Педагогтың аты- жөні Қолшинбаева ҚШ	
Сынып-Топ: 0« А » сыныбы	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
ҰОҚ – ның оқытылу мақсаты	0.1.2.1. Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау, заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыру. 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -симметриялы емес заттарды бейнелеу үшін суреті салынған немесе қиялдағы пішін бойынша сұлбаларды қиюға бейімделген; -сюжеттік жапсырма құрастыра алады; -желімді пайдалану дағдыларын қолдана алады.	
	Көптеген тәрбиеленушілер: -бейнелерді қағаз бетіне жапсыруды алдымен ірі бөліктерінен бастап, кейін ұсақ, ерекше бөліктерімен толықтыра алады; -тиянақты ойын сақтап, өзінің әрекеттерін жоспарлай отырып, жұмысын соңына дейін жеткізе алады.	
	Кейбір тәрбиеленушілер: -өз бастамасымен түрлі бейнелеу тәсілдерін біріктіре алады; -өз қиялын жеткізе алады.	
Тілдік мақсаттар	дағдыларды дамыту: -сөзбен түсіндіру арқылы композицияны нақтылау ; -жұмыс тәсілдері мен реті жөнінде айтып беру ; -түпкі ойын түсіндіру ; -өзінің және өзгелердің жұмыстарын талқылау және түсіндіру ; -түстің, пропорционалды қатынастардың өзіндік мәнін сөзбен айқындау ; -тақырыпқа қызығушылық тудыратын көркем сөзді зейін сала тындау ; -қорытынды сұрақтарға жауап беру , өз жетістіктерін бағалау бойынша бастапқы біліктерді меңгереді. <i>Көптілділік:</i> күшік – щенок – puppy.	
	негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -сюжетті композиция, заттарды орналастыру, қию тәсілдері, геометриялық пішіндер, сұлбалар.	
	талқылауға арналған сұрақтар: Заттарды паракқа қалай орналастыру керек? Қандай геометриялық пішіндерді білесің? Шаршыны, дөңгелекті, үшбұрышты қалай қиып алуға болады? Неліктен ит пен мысықты «үй жануарларына» жатқызады?	
Алдыңғы білім	Адаммен бірге өмір сүретін жануарлар туралы білімдер. Объектілерді мөлшеріне қарай қатынасын бере білудің, түрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылысын, пропорцияларын көре білудің қарапайым дағдылары. Техникалық дағдылар.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Оң көңіл күй орнату. 0-1 минут	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату. – Хал-жағдайың қалай? – Мынадай! Қалай жүзесің? Б ылай! Жауап үтемсің? Осылай! – Қол бұлғаймысың? – Былай! Қалай жүгіресің? – Таңда ұйықтап жатасың ба? – Осылай! – Алысқа	Музыкалық сүйемелдеу.
II. Өмірлік тәжірибені өзектендіру. Мақсат қою 2-5 минут	(Ұ) Педагог балаларға жұмбақ жасырады: Көзін жұмады, Көзін ашады. Сыбысын білдірмей, Ақырын басады. (Мысық) Өзі жуас, өзі момын, Бір шешпейді тонын. (Қой) Өзі үлкен жануар, Үстінде екі тауы бар. (Түйе) Тәрбиеленушілер бүгін сабақта не істейтіндерін түсінген/ түсінбегендерін сұрайды? Сабаққа дайындықты тексереді.	Үй жануарларының суреттері.

Бекітілді: 
Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

Тақырыбы: Тақияны безендіреміз	
Күні: 25.02.2022	
ҰОҚ-ның мақсаты	0.1.3.1. Қазақстан халықтарының сәндік-қолданбалы өнерінің желісімен, өрнектерді симметриялы, ырғақпен, пішіндер мен ою элементтерін кезектестіре отырып, жапсырудағы өрнек элементтерінің кеңістіктік қатынасын есепке ала отырып, геометриялық пішіндер, өсімдік элементтері негізінде өрнектерден

	жапсырулар құрастыру. 0.2.1.2. Симметриялы емес заттарды бейнелеу үшін салынған немесе қиялдағы контур бойынша сұлбаларды кию. 0.2.1.3. Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қиып алу. 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -салынған сұлбаны қиып ала алады; -ою элементтерін құрастырып жапсыра алады; -екіге, қатпарланып бүктелген қағаздан симметриялы пішіндер қия алады; -жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіре алады. Көптеген тәрбиеленушілер: -жапсырмадағы өрнек элементтерінің кеңістіктік қатынасын ескере отырып өрнек пішіндері мен элементтерін кезектестіре алады; -жапсыруда айқындық құралы ретінде түсті пайдалана алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -өз қиялын білдіре алады.	
Тілдік мақсат	Дағдыларды дамыту: -оқу міндетін түсіну және оны орындауға тырысу; -жұмыс әдістері мен кезектілігі туралы айтып беру ; -түпкі ойды түсіндіру ; -ұлттық дәстүрлермен және қолөнерлермен танысқан, халық шығармашылығы бұйымдарымен танысқан кезде сөздік қорды байыту ; -түстерді, пропорциялық қатынастарды сөзбен сипаттау ; -қазақ, ағылшын тілдерінде таныс сөздерді есту арқылы тану ; -өзінің және құрбы-құрдастарының жұмыстарын талдау және сындарлы бағалау . <i>Көптілділік:</i> салт -дәстүр – традиции – traditions. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: • өрнек, қазақ бас киімі – тақия, кию тәсілдері. Талқылауға арналған сұрақтар: Қандай қазақ ұлттық киімдерін білесің? Қазақтың бас киім түрлері қалай аталады? Өрнек дегеніміз не? Өрнекте қандай түстер қолданылған?	
Өткен ҰОҚ алған білім	Қайталау және ырғақ қағидалары негізінде қарапайым өрнектер құрастыру. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен танысу. Желіммен және қайшымен жұмыс. Қағазды бірнеше қабат етіп бүктеу, геометриялық сәндік элементтерді, фигураларды бірден көп етіп қияды, шаршыларды, тіктөртбұрыштарды, шеңберлерді, сопақ пішіндерді екіге бөліп кию, шаршыларды диагоналі бойынша кию және т.б.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату. Сәлеметсің бе, алтын күн! Амансың ба, көк аспан, Есенсің бе, табиғат ана! Қайырлы таң баршаңызға! Бақ-береке әрқашанда Салтанат құрсын ғаламда! (Ұ) Педагог балаларға байқатпай бөлмеге тақияны алып келеді, тәрбиеленушілерден бөлмеде жаңа заттың қайдан пайда болғанын айтуды ұсынады. Ежелден қазақтар бас киімді ерекше қастерлегенін айтады. Адамның басынан бас киімін жұлып алуға болмайды. Адамдар әрқашан, қай жерде болмасын бас киімін ерекше мұқият шешіп, мүмкіндігінше жоғарырақ қоюға немесе ілуге тырысқан. Бас киімнің еденде немесе орындықта жатпауына айрықша көңіл бөлінген, олай болмаған жағдайда оның иесінің денсаулығына нұқсан келеді деп саналған. Мақсат қояды. (Ұ) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялармен жұмыс Балалар суреттерді көреді. Өздеріне белгілі қазақтың ұлттық киімдерін атайды. Педагог қыздарға Айсұлуға арналған тақияны, ал ұл балаларға Қуанышқа арналған тақияны сәндеуді ұсынады. Тәрбиеленушілер трафареттерді немесе үлгіқалыпты пайдалана отырып, қағазды екіге немесе қатпарлап бүктеп киюға тапсырма алады. (Ұ) Сергіту сәтіне арналған жаттығу Секірейік, секірейік, Ұзын құлақ қоянша. Шаршағанды кетірейік. Болар сонда тамаша. (Ж, Ұ) Апликация жасау технологиясы. Жұмыстың орындалу алгоритмі: Педагог балаларға ою салу үшін тақияны әзірлеуді ұсынады. Одан кейін тәрбиеленушілер оюдың үлгіқалыбын қиып алады. Түрлі түсті	Музыкалық сүйемелдеу. <

ҰОҚ ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 6-25 минут	қағаздан әзірleme-жолақтарды қиып алады. Түрлі түсті қағаз жолақтарын екіге немесе қатпарлап бүктеп, ою үлгіқалыбын әзірleme-парақтың бүгілген сызығына жатқызады. Жай қарындаштың көмегімен үлгіқалыпты бастырып сызады. Қиып алып, тақияға орналастырады. Ойдағыдай болғанға дейін оюдың орналасуын өзгертуге болады. Жапсырманың барлық бөлшектерін негізге ретімен жапсырады. Оюды әзірлеу тәсілін көрсету үшін педагог балалардың бірін шақырады. Тәрбиеленушілердің түсініктерін бекітуі және кезектілікті тағы да бір рет қайталауы үшін оның іс-қимылын нақтылап түсіндіреді. (Ұ) Қауіпсіз жұмыс жүргізу тәсілдері. Педагог сабақ шеңберінде қайшымен жұмыс істеу ережелерін еске салады. Тәрбиеленушілердің назарын қағазды үнемдеп пайдалану керектігіне аударады. Қағаздың үлкен қиындыларын лақтыруға болмайды, оларды ұсақ бөлшектерді қиып алу үшін пайдалануға болады.	ПВА желімі (не желімді қарындаш), желім жаққыштар, сұрткіштер, клеенка. Жадынама.
IV. ҰОҚ қорытындысы. Рефлексия 25-30 минут 28-30	(Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау. Педагог балаларды бір-бірін бағалауға шақырады. Рефлексияның бір түрін таңдайды: • физикалық (үлгердім – үлгермедім); • сенсорлық (өзін-өзі сезіну: қолайлы – қолайсыз); • зияткерлік (нені түсіндім, ұғындым – нені түсінбедім, қандай қиындыққа кезіктім); • рухани (жақсардым – нашарлай түстім, өзімді, өзгелерді жақсарттым).	Балалар бір-бірін бағалайды.

Бекітілді:



Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

Тақырыбы: ҚОҢЫР ҮНДІ ДОМБЫРА	
Күні: .04.03.2022	
ҰОҚ-ның мақсаты	0.1.1.2. Үлгіқалып/есте сақталған үлгі/затқа қарап жапсыруларды құрастыру, сәйкес түсті, пішінді, заттардың фактурасы мен пропорцияларын таңдау, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс пайдалану. 0.2.1.1. Геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттардың бейнесін қию (жолақтарды тіктөртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп қию, шаршының немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын қию арқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып алу). 0.2.2.1. Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсау (тығыздығы, түсі, текстурасы жағынан әртүрлі қағаздар). 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -затқа қарап заттық жапсыруларды құрастыра алады; -бөлшектерді жапсыру кезектілігін пайдалана алады; - қайшыны дұрыс ұстай алады, оны еркін пайдалана алады; -жапсыруға арналған материалдарды тиімді пайдалана алады.

	Тәрбиеленушілердің басым бөлігі: заттардың тиісті түсін, пішінін, пропорцияларын және фактурасын таңдай алады; -заттарды бүкіл парақта орналастыра алады; -тұрақты түпкі ойды сақтай алады, өз әрекетін жоспарлай алады, жұмысын аяқтай алады. Кейбір тәрбиеленушілер: - өз бастамасы бойынша әртүрлі бейнелеу тәсілдерін біріктіре алады.	
Тілдік мақсат	Дағдыларды дамыту. -жұмыс әдістері мен орындау кезектілігі туралы айтып беру; -түпкі ойды түсіндіру; -ұлттық салт-дәстүрлермен, қолөнермен танысқан, халық шығармашылығы бұйымдарын жасаған кезде сөз қорын байыту; -түстерді, пропорциялық қатынастарды сөзбен сипаттау; -тақырыпқа қызығушылық туғызатын көркемсөзді тыңдау; - қорытынды сұрақтарға жауап беру, өз жетістіктерін бағалау. Көптілділік: музыкалық аспап – музыкальный инструмент – musicalin strument. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -музыкалық аспап, үлгіқалып, контур бойынша кию, негізгі бөліктер, ою-өрнек. Талқылауға арналған сұрақтар: Күнтізбе дегеніміз не? Сен осы жыл ішінде нені үйрендің? Саған бәрінен де қандай затты қиған ұнайды? Болашақта нені үйренгің келеді?	
Алдыңғы оқыту	Күнтізбе туралы қарапайым түсінік. Ұжымдық жұмысқа араласу білігі.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Оң көңіл күй орнату. 0–1 минут	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй туғызу. Келіндер, шеңберге тұрындар, Бір-біріңнің қолдарыңнан ұстандар, Күлімсіреп қараңдар, Күлкілер жүректерді жалғасын. Көңіліздіктен жасыма, Шынайы күлсеңдер Күн шуағы төгілер (Ұ) Педагог балаларға сұраққа жауап беруді ұсынады. Емен ағашы бар, ағашта он екі құстың ұясы орналасқан. Ал әрбір ұяда төрт сары шымшық тұрады. Мұның бәрі қайда сақталады? Балалардың болжамдарын тыңдайды. Күнтізбенің шағын көрмесін көрсетеді. Ұжымдық жұмысқа атсалысуға шақырады. Тәрбиеленушілер сабаққа дайындықты тексереді.	Музыкалық сүйемелдеу.
II. Өмірлік тәжірибені өзектендіру. Мақсат қою 2–5 минут	(Ұ) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялық материалмен жұмыс. Тәрбиеленушілер суретке қарап, күнтізбелердің не үшін қажет екені туралы ой тарқатады. Күнтізбе – мерекелік, демалыс және естелік күндері көрсетілген, бір жылдағы күндердің тізілімі. – Сен мектеп өмірінің табалдырығында тұрсың. Мектеп күнтізбесі саған және сенің достарыңа қызықты күндер мен мерекелерді өткізіп алмауға көмектеседі. Достарыңмен бірге күнтізбе жасап көр. Ол үшін көлемі үлкен қағаз қолдан. – Киюдың қандай тәсілін қолданасың? Қандай материалдар қажет? Қуаныш топқа бөлінуді ұсынады: бірінші топқа жырту жапсырмасы тәсілімен фондарды дайындайды, екінші топ киіз үйдің сұлбасын сызып, қиып алады, үшінші топ – киіз үйлер мен күнтізбені жапсырады.	Әртүрлі күнтізбелердің үлгілері Әліппе-альбом.
III. ҰОҚ-нің тақырыбы бойынша жұмыс 6–25 минут	(Ұ) Сауақтарға арналған жаттығу Апта күндері Дүйсенбіде кір жудым, (жұдырықтарды бір-біріне ысқылаймыз) Сейсенбіде еден сыпырдым, (алақанмен үстелдің үстін сүрткендей қимыл жасаймыз) Сәрсенбіде нан пісірдім, (бөліш пісіру) Бейсенбіде доп іздедім, (оң қолды маңдайға жақындатып, «күнқағар» жасаймыз) Жұма күні ыдыс жудым, (сол қолдың сауақтары жартылай бүгулі, алақан қырымен тұр, оң қолдың сауақтарымен сол алақанды кесе жуғандай, сипаймыз) Сенбі күні торт сатып алып, (алақанды ашып, шынашақ бағытында бүгу) Жексенбі күні құрбыларымды қонаққа шақырдым (алақанмен өзіне қарай сілкіу). (Ұ) Аппликацияны орындау технологиясы Балалар жыл ішінде жинақтаған тәжірибелерін қолданады. Киіз үйлерді қиып алады, қағаз жыртады, күнтізбелерді дайындап, композицияны жапсырады. Жырту техникасымен жұмыс істеген кезде педагог балалардың назарын бөлшектердің түстері бойынша бөлек-бөлек жиналатынына аударады. Негізгі беттің шағын бөлігіне желім жағып, желімделген бөлікке қағаз бөлшектерді орналастырады. Қайшымен қауіпсіз жұмыс істеу ережесін еске салады. Киіз үйлерді қиған кезде балаларға белгілі қағазды екіге бүктеу тәсілі қолданылады. Жылдағы айлар санына байланысты киіз үйлердің саны да он екі болуы тиіс. Күнтізбе принтерде (немесе баспаханада) басып шығарылады, қиылады және киіз үйлерге жапсырылады. Тәрбиеленушілер дайын бөлшектерді негіз-қағазға орналастырып көреді, одан кейін әзірлемені жапсыру туралы шешім қабылдайды. Педагог тәрбиеленушілерге жұмыс	Музыкалық үзіліс
		Түрлі-түсті қағаз, жай қарындаштар, қайшы, ПВА желімі (немесе желім-қарындаш), желімге арналған жаққыш, сулық клеенкалар.

	орнын ретке келтіру керектігі туралы ескертеді.	
IV. ҰОҚ қорытындылау. Рефлексия. 26–30 минут	(Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау. Жұмыстар талқыланып, нәтиже қорытындыланады: • аудиалдар: ауызша, жаппай: саған бүгінгі сабақ ұнады ма, сенің ойыңнан шықты ма? • кинестетиктер: «бет» карточкасы таратылады да, балалар оған ауыздың суретін салып, өз көңіл күйлерін смайликтер арқылы көрсетеді.	

Бекітілді:



Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

№ 18 ҰОҚ Тақырыбы. Керсуен қайдан келеді? (сюжеттік жапсыру)	Мектеп/МҰ:		
Күні: 11.03.2022	Педагогтың аты – жөні:		
Сынып-Топ: 0«А» сыныбы	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:	
ҰОҚ – ның оқытылу мақсаты	0.1.2.1. Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау, заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыру.		

Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -екіге, және қатпарлап бүктелген қағаздан әртүрлі симметриялы пішіндер қия алады; -қайшыны дұрыс ұстап, оны еркін пайдалана алады. Көптеген тәрбиеленушілер: -қатыстылығына қарай заттарды – жерге, суға, аспанға жатқыза алады; -қағаздың бетіне суретті үлкендерінен бастап жапсырып, оларды кішкентай, ерекше бөліктермен толықтыра алады; -фигуралардың көлемінің әртүрлі екендігін айқындай алады..	
	Кейбір тәрбиеленушілер: -өз бетімен таныс әдіспен үйлестіре алады; - композиция заңын қолдана алады.	
	дағдыларды дамыту: -сұрақтарға жауап беру , бұрын меңгерген біліктерді еске түсіру; -ұлттық дәстүрлер мен қолөнерді, жасалған халық шығармашылығы бұйымдарымен танысу кезінде сөздік қорды байыту ; -тапсырмаларды орындау кезінде және проблемалық міндеттерді шешу кезінде сөйлеу және тыңдау дағдыларын бекіту ; -қазақ, ағылшын тілдерінде таныс сөздерді есту арқылы тану ; түпкі ойды түсіндіру ; -қорытынды сұрақтарға жауап беру, өз жетістіктерін бағалау . <i>Көптілділік</i> : бота – верблюжонок – camel.	
Тілдік мақсаттар	негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -сюжеттік композиция, симметриялы емес пішіндер, қию әдістері, қағазды жырту тәсілі, керуен, түйелер.	
	талқылауға арналған сұрақтар: Симметриялы пішіндер деп нені айтуға болады? Симметриялы емес пішіндер қандай болады? Қағазды қалай дұрыс бүктеп, дестелеуге болады? Керуен дегеніміз не? Құмды қандай түс арқылы көрсетуге болады?	
Алдыңғы білім	Қағаз бетінде заттарды орналастыру дағдысы. Заттарды бір сызық бойымен орналастырудың қарапайым білігі. Жырту жапсырмасы дағдылары	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Оң көңіл күй орнату. 0-1 минут	(ұ) ҰОқ-де оң көңіл күй орнату. Сәлеметсің бе, оң қол! (<i>қолды алға қарай созамыз</i>) Сәлеметсің бе, сол қол! (<i>қолды алға қарай созамыз</i>) Сәлеметсің бе, достым! (<i>бір қолмен көршінің қолын ұстаймыз</i>) Сәлеметсің бе, достым! (<i>екінші көршінің қолын ұстаймыз</i>) Сәлем, сәлем татулық шеңбері! (<i>қолдарымызды тербелтеміз</i>) Қол ұстасып тұрғанда, біз бір ұзын лентамыз, Кішкентай да бола аламыз! (<i>отырамыз</i>) Үлкен де бола аламыз! (<i>тұрамыз</i>) Бірақ ешкім де жалғыз қалмайды.	Музыкалық сүйемелдеу.
II. Өмірлік тәжірибені өзектендіру. Мақсат қою 2-5 минут	(ұ) Педагог балаларға жұмбақтың шешуін табуды ұсынады: Ол сусыз ұзақ өмір сүреді. Тамақсыз да жүре береді. Азықты да талғамайды. Қараөрікті қаламайды. Оның азығы – тікендер. Айтыңдаршы, бұл қай жануар? Балалардың алдағы әрекеті туралы болжамдарын тыңдап көреді.	Фотосуреттер, суреттер, түйенің суреті бар бейнелер Түйе

III. ҰОҚ-нің тақырыбы бойынша жұмыс 6-25 минут	(Ұ) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялық материалмен жұмыс. Тәрбиеленушілер суретке қарап, ата-бабаларымыз түйені не үшін қолданғаны туралы өз болжамдарын айтады. Проблемалық сұрақ: не себепті түйелерді шөл кемесі деп атайды? Түйелерді «шөл кемесі» деп айтудың себебі, олар механикалық техника сияқты ұзақ уақыт су ішпей және азықтанбай жүре алады, бірақ аз шаршайды. Педагогтің хабарламасы: Түйе – ірі денелі жануар, ол шөл далада өмір сүруге бейімделген. Түйелер – өте шыдамды және төзімді жануар, 40 жылға дейін өмір сүре алады. Екі аптаға дейін сусыз және бір айға дейін азықсыз тіршілік етуі мүмкін. Ал түйенің жүні – көптеген ауруларға шипа. Түйенің екі түрі болады: бір өркешті және екі өркешті. Түйенің өркеші – оны күннің шыжыған сәулесінен қорғайды. Балалар, бүгін біз түйелерді қиып алып, олардан керуен құраймыз. (Ұ) саусақтарға арналған жаттығу. Менің қолымда бес саусақ, Бес жармасқыш, бес ұстағыш. Жону үшін, қажғау үшін, Алу үшін, беру үшін. Оны санау қиын емес: Бір, екі, үш, төрт, бес! Осылайша ырғақты түрде жұдырықты ашу және жұму керек. Есеп бойынша, екі қолдағы саусақтарды кезек-кезегімен жұмамыз.	Әліппе-альбом. «Түйелер» тұсаукесері. Музыкалық сүйемелдеу.
	(К, Ұ) Аппликацияның орындалу технологиясы. Педагог балаларға жапсыру алгоритмін түсіндіріп, жапсырма түстері гаммасының дұрыс таңдалуына назар аудартады. Бірнеше рет бүгілген қағаздан қию әдісі – көп бірдей суреттер алу, мысалы, түйелер керуенін жасау үшін қолданылатынын еске салады. Егер сурет симметриялы болса, онда бұғу сызығынан бастап суреттің жартысын ғана салу керек. Біздің түйелер сияқты симметриялық емес суреттерді парақтың ортасына салады. – Керуен жасау үшін, алдымен қағазды қатпарлап бүкте, одан кейін, түйенің сұлбасын сызып, қиып ал. Қиылған пішіндерді қағаз бетіне орналастыр. Енді жапсыруға да болады! Педагог сұлбаны қиып көрсеткенде балалардың назарын шеткі сызыққа, кеңістікте орналасуына және шамалардың қатынасы мен қайшының қию тәсіліне аударады. (Ұ) қауіпсіз жұмыс жүргізу ережесі. Мына жайттарды есте сақтау керек: • қайшылар өткір болғандықтан, қауіпті құрал болып табылады; • қайшымен ойнамайды, қайшымен жұмыс жасалады; • қайшыны бетке жақындатуға, рұқсатсыз алуға, оны сілтеуге, лақтыруға, оны ұстап жүруге, әсіресе оны қолға ұстап жүгіруге болмайды, өйткені өзіңе зиян келтіруің мүмкін;	Түрлі түсті қағаз, қарапайым қарындаштар, қайшы, ПВА желімі (немесе желім-қарындаш), желімге арналған жаққыш, сулық клеенка. Жадынама (слайд).
IV. ҰОҚ-ның қорытындысы. Рефлексия 28-30 минут	«Бес саусақ әдісі». Балалар шеңберге тұрып, сол қолымен оң қолындағы таңдалған саусақты көрсетеді. Одан кейін, таңдалған саусаққа байланысты сұраққа жауап береді. III (<i>шынашақ</i>) – ойлау үрдісі. ҰОҚ-да қызықты және жаңа не болды? A (<i>аты жоқ саусақ</i>) – мақсаттың жақындығы. Неге қол жеткіздің? O (<i>ортаңғы саусақ</i>) – рухани жағдай. Сенің көңіл күйің қалай? C (<i>сұқ саусақ</i>) – қызмет, көмек. Бүгін сен кімге жәрдемдестің, немен қуанттың? B (<i>бас бармақ</i>) – сергектік, физикалық жағдай. Бүгін менің физикалық жағдайым қандай болды? Бүгін мен өз денсаулығым үшін не істедім?	Танымдық белгілер

Бекітілді:



Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

Тақырыбы: Анамды құттықтаймын	
Күні: 18.03.2022	
ҰОҚ-ның мақсаты	0.1.3.1. Қазақстан халықтарының сәндік-қолданбалы өнерінің желісімен, өрнектерді симметриялы, ырғақпен, пішіндер мен ою элементтерін кезектестіре отырып, жапсырудағы өрнек элементтерінің кеңістіктік қатынасын

	есепке ала отырып, геометриялық пішіндер, өсімдік элементтері негізінде өрнектерден жапсырулар құрастыру. 0.2.1.3. Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қиып алу. 0.2.2.3. Орталықты, бұрыштарды, әшекейлеу үшін екіге бүктелген қағаздан, қатпарлап бүктелген қағаздан қол ұстасуды, шеңбер айнала ән айтқан адам бейнелерін, шілтер үлгілерін, қар ұшқындарын, гүлдер, т.б қию. 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -өсімдік элементтері негізінде жапсырма дайындай алады; -екіге қатпарлап бүгілген қағаздан әртүрлі симметриялы пішіндер қия алады; -қайшыны дұрыс ұстап, оны еркін пайдалана алады; -жұмыс барысында жұмыс орнын ретке келтіре алады. Көптеген тәрбиеленушілер: -бейнелілік құрал ретінде жапсырмада әртүрлі түстерді қолдана алады; -қағаздың бетіне суретті үлкендерінен бастап жапсырып, оларды кішкентай, ерекше бөліктермен толықтыра алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -өз бетімен таныс техникаларды үйлесімдей алады; - өз ой-қиялын көрсете алады.	
Тілдік мақсат	Дағдыларды дамыту: -жапсырма жасау жөнінде өз ойын ұсыну ; -өзінің және өзгелердің жұмысын талқылау және түсіндіру ; -пікір алмасу ; -қазақ, ағылшын тілдерінде таныс сөздерді есту арқылы тану ; -қорытынды сұрақтарға жауап беру , өз жетістіктерін бағалау . <i>Көптілділік:</i> ашықхат – откритка – letter. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: ашықхат, мейрам, ашықхатқа арналған негіздер, гүл, жапырақтар, желім қолдану, қосымша заттар. Талқылауға арналған сұрақтар: Ашықхат дегеніміз не? Қағазды қалай екіге бүктеуге болады? Қағазды қалай қатпарлауға болады?	
Өткен ҰОҚ алған білім	Мейрамдар туралы білім. Қағазды бірнеше қабат етіп бүктеу дағдысы, бірнеше геометриялық сәндік элементтерді қию дағдылары. Гүлдің құрылымы туралы түсінік.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-1 минут	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй туғызу. Кім таңертең маған келеді? Анашым. Кім орныңнан тұр деп айтады? Анашым. Кім ботқаны дайындайды? Анашым. Кім кесеге шай құяды? Анашым. Кім менің шашымды өреді? Анашым. Жалғыз өзі үй тазалайды? Анашым. Кім бақшадан гүл тереді? Анашым. Кім менің бетімнен сүйеді? Анашым. Кім балалардың күлгенін жақсы көреді? Анашым. Кім әлемде бәрінен де жақсы? Анашым. (У. Раджаб) (Ұ) Педагог тапқартың кім туралы айтылғанын сұрайды? Алда қандай мейрам келе жатыр? Сол мейрамда аналарға не сыйлауға болатынын балалардан сұрайды. Балаларды сабақтың тақырыбына жақындатып, сабақ мақсатын түсіндіреді. (Ұ) Өліппе-альбомдағы иллюстрациялық материалмен жұмыс. Балалар суреттегі бейнеге қарап, диалогқа араласады, оны талқылайды. Тағы басқа қандай мейрамдар бар? Педагог балаларды «ашықхат» ұғымымен таныстырады. Ашықхат – тік төртбұрыш пішініндегі тығыз қағаздың бөлігі, оған құттықтау сөздерін жазуға болады. Тәрбиеленушілерге аналары мен әжелеріне ашықхат жасау ұсынылады.	Музыкалық сүйемелдеу. <

	Мен шыршаны қағамын, Кішкентей аралар қайда? Кенеттен олар ұшып шығады: <i>(Қолды ажыратып, саусақтарды ашамыз және оларды қимылдатамыз, кішкентай аралар ұшып жатыр).</i> Бір, екі, үш, төрт, бес! (Ұ) Аппликацияны орындау технологиясы. Педагог әр тәрбиеленушіге өзінің құттықтау ашықхатына нені қиятынын және нені жапсыратынын өздері шешуін ұсынады. Картинаның өлшемі және орналасуы дұрыс болуын ескертеді. Жұмысты белгілі үйлесімді түсте (жылы, суық, бір түсті әртүрлі өнде беру) жасауға ерекше көңіл бөлулерін сұрайды. Қиюдың әртүрлі тәсілін пайдалануға, құрастырған композицияны сезінуге, ойындағысын көрсете білуге тәрбиелейді. Педагог тәрбиеленушілер бейнені өз бетінше жоспарлай білуді, жұмысты алдымен негізгі үлкен элементтерді қиюдан және жапсырудан бастауды, ақырындап кіші элементтермен толықтыруды және айшықты бейне шығу үшін қосымша бөліктермен безендіруді ұсынады. Тәрбиеленушілерге өз бетінше қатені тауып, себебін түсіндірулеріне, қию сызығының әдемілігіне, жұмыстың жалпы сапасына аударды. (Ұ) Қауіпсіз жұмыс жүргізу ережесі. Педагог ҰОҚ барысында желіммен жұмыс жасаудың қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау туралы ескертеді. Жапсырмаға арналған заттарды тиімді қолданудың не екендігі туралы түсіндіреді. Тәрбиеленушілерді жұмыс барысында өз жұмыс орны мен құралдарды ретке келтіру қажеттілігіне жұмылдырады.	Түрлі түсті қағаз, қарапайым қарындаштар, қайшы, ПВА желімі, желімді жағуға арналған жаққыш, клеенкалар. Жадынама.
IV. ҰОҚ қорытындысы. Рефлексия 26-30 минут	(Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау: Педагог балаларды өзара бағалауға шақырады. «Бағдаршам» Балалар танымдық белгілермен белгі береді: • жасыл – осындай тапсырмалардың көп болуын қалаймын, барлығын орындадым; • сары – ұнады, бірақ барлығын ойдағыдай орындай алмадым; • қызыл – бұл іс ұнамады, зеріктім.	Танымдық белгілер: жасыл, сары, қызыл.

Бекітілді: 
Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

Тақырыбы: ДҮКЕН СӨРЕСІНДЕ	
Күні: 01.04.2022	
ҰОҚ-ның мақсаты	0.1.2.1. Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау, заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып

	оларды аспаңға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыру. 0.2.1.1. Геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттардың бейнесін қию(жолақтарды тіктөртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп қию, шаршының немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын қию арқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып алу). 0.2.2.1. Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсау (тығыздығы, түсі, текстурасы жағынан әртүрлі қағаздар). 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -жапсырмада композиция жасай алады; -әртүрлі қағазды қолдана алады; -геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттарды қия алады; жапсырма материалын тиімді пайдалана алады. Көптеген тәрбиеленушілер: -сюжеттік жапсырма жасау кезінде коллаж техникасын қолдана алады; -қағазды жырту тәсілін белсенді пайдалана алады; -қағаздың бетіне суретті үлкендерінен бастап жапсырып, оларды кішкентай, ерекше бөліктермен толықтыра алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -өз бетімен таныс техникаларды үйлесімдей алады; -фигуралардың көлемінің әртүрлі екендігін айқындай алады; -ой-қиялын көрсете алады.	
Тілдік мақсат	Дағдыларды дамыту: -жұмыстың әдістері мен кезектілігі туралы айту ; -түпкі ойды түсіндіру ; -жапсырма жасау жөнінде ұсыныстар жасау; -өзінің және өзгенің жұмыстарын талқылау және түсіндіру ; -қорытынды сұрақтарға жауап беру , өз жетістіктерін бағалау . <i>Көптілділік:</i> дүкен – магазин – shop. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -дүкен сөресі, пайдалы азық-түлік, қарындаш, сызғыш, газет-журналдардың қиындылары, принтерден басып шығарылған қағаз, жырту тәсілі, сюжеттік жапсыру. Талқылауға арналған сұрақтар: Не себепті дүкендерге сөрелер қажет? Сызғышты қалай пайдалану керек? Сен қандай қағаз түрлерін білесің? Коллаж дегеніміз не?	
Өткен ҰОҚ алған білім	Әртүрлі қағазбен, желіммен жұмыс жасаудың дағдылары. Қайшымен жұмыс жасаудың техникалық дағдылары. Қалыптасқан әлеуметтік құзыреттілік.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй туғызу. «Досыңа жақсы көңіл күй сыйла» тренинг-ойын. (Ұ) Педагог тәрбиеленушілерге сұрақ қояды: Нан алу керек болса, Сыйлық алу керек болса, Өзімізбен сөмке алып, Біз далаға шығамыз, Сөрелер жанынан өтіп, Қайда біз барамыз? (Дүкенге) Педагог балалардан сөренің не екенін сұрайды. Ол қайда орналасады және не себепті қажет? Балаларға ҰОҚ-нің тақырыбын түсіндіреді. (Ұ) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялық материалмен жұмыс. Педагог балаларға суретті көруді ұсынады. Балалар жұптасып суреттегі азық-түліктердің пайдалы-пайдасыз екендігін және оның себебін талқылайды. Сөреде сатып алушыларға дүкеннен не сатып алуға болатыны көрсетіледі. Сөреде өнеркәсіп тауарлары, азық-түлік және киім-кешек көрсетілуі мүмкін. Педагог сабаққа дайындықты тексереді. Балаларға жапсырмада қандай сөрені бейнелейтіні туралы ойлануды ұсынады. Дүкен сөресін жасау үшін қарындаш пен сызғышты қолдану жөнінде кеңес береді. (Ұ) Саусақтарға арналған жаттығу Бостан-босқа тұрмайын, Алмұрттарды жинайын! (Сол қолды кеуде тұсында иіп ұстайды – «себет», оң қолмен ағаштан алмұртты жұлып алып, себетке салған қимыл көрсетеді.) Алманы да терейін, Досым келсе, берейін. (Қолдарын ауыстырады.) Бананды аршып, оны да,	Музыкалық сүйемелдеу. Иллюстрациялар, дүкен сөресінің фотосуреттері. Әліппе-альбом. Дүкен сөресінің фотосуреті. Музыкалық сүйемелдеу.
ҰОҚ ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс		Түрлі-түсті қағаз, журнал

6-25 минут	Ұстатам достың қолына! («Банан» ұстаған қолын алға созады.) (Ұ) Жапсыру жасау технологиясы. Әзірleme-негізде қалам мен сызғыштың көмегімен дүкен сөресін сызып алу керек. Тәрбиеленушілерге сызғышты қолдану ережесін еске салыңыз: сызғышты қағаз бетіне жатқызып, сол қолмен (егер бала солақай болса, оң қолмен) үстінен басып тұрады. Қарындашты сызғышқа қарай тігінен орнатып, қарындашты да тігінен ұстап, сызғыштан ажыратпай, сызық сызамыз. Сөре дайын болғанда, балалар оны толтыруға кірісе алады. Педагог, балаларға жоспар бойынша жапсырманы жасауға мүмкіндік бере отырып, қию техникасын қадағалап отырады. Қағазды түзу сызық бойымен қию кезінде оны төмен қарай түсіріп, біруақытта қайшыны жоғары қарай жылжыту керек. Домалақ және сопақ пішіндерді қию кезінде қайшы оң қолда бір орында қозғалыссыз ұсталады, ал сол қолмен қағаз сурет сызығының бойымен жылжытылады. Педагог балалардың дәл қиюын және бөлшектерді бүлдірмеуін қадағалайды. Өзіндік жұмыс кезінде педагог тапсырма берудің орнына, балаға кеңестер, жанама сұрақтар қойып, оның өз бетімен жұмыс жасауына қолдау көрсетеді. Қию сызығының анық, бұдырсыз болуын қадағалау қажет. Қиған кезде қағазды ойып алмауға тырысу қажет. (Ұ) Қауіпсіз жұмыс жүргізу ережесі Педагог ҰОҚ барысында қауіпсіз жұмыс ережелерін еске салады: Өз жұмыс орнында тәртіп сақта. Түзу құралдармен жұмыс жаса. Жұмыс барысында құрал жүзінің қозғалысына назар аудар. Қайшының сақинасын өзіңе қаратып қой. Қайшымен ойнама, бетке жақындатпа. Қайшыны мақсатына сай пайдалан. __	қиындылары, принтерден басып шығарылған қағаз, жай қарындаш, сызғыш, қайшы, ПВА желімі (немесе желім-қарындаш), желімге арналған жаққыш, сулық клеенка. Жадынама.
IV. ҰОҚ қорытындысы. Рефлексия 26-30 минут	(Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау: Педагог балаларды өзара бағалауға шақырады. Түрлі-түсті танымдық белгілер: парақша, қарша, гүлдер, бағдаршамдар пайдаланылады.	Түрлі-түсті танымдық белгілер: парақша, қарша, гүлдер, бағдаршамдар.

Бекітілді:



Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

Тақырыбы: Жаттығу жасаймыз?	Мектеп/МДҰ: №8 негізгі орта мектеп	
Күні: 2.04.2022	Педагогтің аты-жөні: Қолшинбаева Қ.Ш	
Сынып/топ: мад 0 «А»	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:

ҰОҚ-нің оқу мақсаттары	0.1.2.1. Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау, заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыру. 0.2.1.2. Симметриялы емес заттарды бейнелеу үшін салынған немесе қиялдағы контур бойынша сұлбаларды қию. 0.2.1.3. Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қиып алу. 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
Күтілетін нәтижелер	Барлық тәрбиеленушілер: -сюжеттік жапсырма жасай алады; -заттарды қағаз бетіне орната алады. Көптеген тәрбиеленушілер: -салынған немесе ойдағы контур бойынша сұлбаларды қия алады; -түпкі ойды сақтап, өз әрекетін жоспарлай алады және жұмысын соңына дейін жеткізе алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -композиция заңдарын қолдана алады.	
Тілдік мақсаттар	Дағдыларды дамыту: -кейіпкерлердің қарым-қатынастарын еске түсіру және сипаттау ; -сөзбен түсіндіру арқылы композицияны нақтылау ; -жұмыстың тәсілі мен реттілігін айту ; -сұрақтар арқылы заттың құрылымдық ерекшеліктерін нақтылау ; -түстердің және пропорциялық қатынастардың ерекшеліктерін сөзбен сипаттау ; -тақырыпқа қызығушылық туғызатын әдеби көркем сөзді тыңдау ; -қорытынды сұрақтарға жауап беру , өз жетістіктерін бағалау . <i>Көптілділік:</i> жаттығу жасау – зарядка – charging. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -адамның мүсіні, сюжеттік жапсыру, қағазды бүктеу, пішін бойынша қию. Талқылауға арналған сұрақтар: Жаттығуды не үшін жасау керек? Адамның мүсінін қалай қиюға болады? Адамның қандай дене мүшелері бар? Фигураны симметриялы қию үшін қағазды қалай бүктеу керек?	
Алдыңғы білім	Салауатты өмір салты туралы валеологиялық түсінік. Екіге және қатпарлап бүктелген қағаздан әртүрлі суреттер қию білігі. Бүтін композиция жасау, қағаз бетін толтыру, заттарды бір сызық бойымен және бір жолақ бойымен (жоғары, төмен, 2-3 жоспарлы) орналастыру бойынша қарапайым дағдылар.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Оң көңіл күй орнату. 0–1 минут	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй туғызу. Таңертең тәтті ұйықтап жатқанда, Радиодан жаттығу басталады, Демек, оянатын кез келді. Тік тұрамын, аяқтарды алшақ қоямын, қолымды жоғары көтеріп, жаттығуға қосыламын. Үйде тым-тырыс тыныштық, Тыныштықты мен бұзамын. Бір, екі, үш, төрт, бес – Дауыс шығарып есептеймін. Жан-жағыма қарайлап, Анамды, әкемді шақырамын. Дауыстап бәріміз бірге Жаттығуға кірісеміз. Таңертең күнді жаттығудан бастасаң – Күні бойы сергек жүресің. Денің де сау, тәнің де сұлу Мәз-мейрам боп күлесің. (Е. Яхницкая)	Музыкалық сүйемелдеу.
II. Өмірлік тәжірибені Мақсат қою 2–5 минут	(Ұ) Тәрбиеленушілер өзінің күнін неден бастайтыны туралы бөліседі. Жұмыс үстеліндегі құралдарды тексеру. – Жұмысқа қажетті заттар – желім, қайшы, сулық клеенка үстелде болуын тексереміз. Қайшыны, желімді дұрыс пайдалану ережесін еске түсіру және айтып беру ұсынылады. Сулық пен клеенка не үшін керек?	Балалардың суреті.
III. ҰОҚ-нің тақырыбы жұмыс бойынша 6–25 минут	(Ұ) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялық материалмен жұмыс. Тәрбиеленушілер сурет бойынша жұмыс жасайды. Жаттығуды не үшін жасау керектігі туралы ой бөліседі. Жаттығу – дененің буындары мен бұлшық еттерін шынықтыру үшін жасалатын жаттығулар кешені.	Әліппе-альбом.

IV. ҰОҚ қорытындылау. Рефлексия. 26–30 минут	Педагог балаларға қарындаш дайындауды ұсынады. Ол адам денесінің сұлбасын салу үшін қажет. (Ұ) Динамикалық үзіліс Аюлар тоғайда өмір сүреді, Бастарын айналдырып жүреді Былай, былай (<i>басты айналдыра қозғалту</i>) Бастарын айналдырып жүреді. Аюлар бал іздейді, Ағаштарды бірігіп сілкиді, Былай былай (<i>қолды жоғары көтеріп, оңға, солға ыргалту</i>) Ағаштарды сілкиді. Кейіннен аюлар былай жүрді, (<i>аюша жүру</i>) Өзендерден су ішті, Былай, былай (<i>денені алға еңкейту</i>) Өзендерден су ішті. Кейіннен олар биледі, (<i>денемен солға, оңға қозғалу</i>) Қолдарын жоғары көтерді (<i>қолдарды жоғары көтеріп, секіру</i>) Былай, былай Қолдарын жоғары көтерді. (Ұ Ж) Жапсыру орындау технологиясы. Адам денесін киюдан бұрын педагог балаларға сыммен жұмыс істеп, адамның сұлбасын жасауды ұсынады. Сұлба қолдарының төмен немесе жан-жаққа созылуына көңіл аудартады. Одан кейін түрлі түсті қағаздан тіктөртбұрышты әзірлемелер жасалады. Олар екіге бүктеледі. Бүктелген жерді жақсылап ысқылап тегістеу қажет. Жай қарындашпен адам сұлбасы салынып, пішін бойымен қиып алынады. Педагог балалардың дәл киюын және бөлшектерді бүлдірмеуін қадағалайды. Кию сызығының анық, бұдырсыз болуын қадағалау қажет. Қиған кезде қағазды ойып алмауға тырысу қажет. Қайшының ашасын кең ашып, жүзінің ортаңғы бөлігімен қияды. Қағаздың үлкен бөлігін ұстап тұрып, кішкентай бөлігін қиып алады. Желім жапсырылатын бөліктерге жағылады. Желімді жаққыштың көмегімен бөліктің ортасынан бастап, жиегіне қарай жылдам жағады. Желім жағылған бөлікті жоғарғы жағына салып, тексереді, оның үстіне парақты салып, шүберекпен ортасынан шетіне қарай ысқылап жапсырады. Педагог балаларға адам мүсінін толықтыру үшін оның бетін (көз, мұрын, ауыз, қас) салуды ұсынады. (Ұ) Қауіпсіз жұмыс жүргізу ережесі. ҰОҚ шеңберінде педагог қауіпсіз жұмыс ережелерін еске түсіреді: Қайшымен жұмыс орнында ғана жұмыс істе. Жұмыс кезінде құрал жүзінің қозғалысына назар аудар. Қайшының сақинасын өзіңе қаратып қой. Қайшының ашасын ашық қалдырма. (Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау: Жұмыстар талданады және нәтиже қорытындыланады. Мазмұны бойынша бағалау: танымдық белгі – балалар өз жұмыстарын танымдық белгі арқылы (карточка, жетон, кимыл) бағалайды. Нұсқа ретінде: сабақтың соңында тәрбиеленушілер педагог ұсынған сұрақтарға жауап береді: бір-бірінің құлағына сыбырлайды немесе ойын кейіпкерлеріне не бүкіл сыныпқа дауыстап айтады: Сен нені барлығынан да жақсырақ істедің? Бүгін саған кім көмектесті? Сен нені жасай алмадың және не себепті? Келесіде оны жасау үшін не істейсің? Ең қиыны не болды? Ең қызықтысы не болды? Тағы да нені жасай алмадың? ҰОҚ-дегі жұмысы үшін кімге алғыс айтар едің?	Музыкалық сүйемелдеу. Сымдар, түрлі түсті қағаз, жай қарындаштар, қайшы, ПВА желімі (немесе желім-қарындаш), желімге арналған жаққыш, сулық клеенкалар. Жадынама. Танымдық белгілер, жетондар
--	--	---

Бекітілді: 
Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

ҰОҚ Тақырыбы: Жұлдызды шылар әлемі (заттық аппликация)	Мектеп/МҰ: №8 негізгі орта мектеп	
Күні: 29.04.2022	Педагогтың аты – жөні: Қолшинбаева Қ	
Сынып/топ: 0«А» сыныбы	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:

ҰОҚ – ның оқытылу мақсаты	0.1.1.2. Үлгі қалып/есте сақталған үлгі/затқа қарап жапсыруларды құрастыру, сәйкес түсті, пішінді, заттардың фактурасы мен пропорцияларын таңдау, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс пайдалану. 0.2.1.2. Симметриялы емес заттарды бейнелеу үшін салынған немесе қиялдағы контур бойынша сұлбаларды қию. 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -геометриялық фигуралар негізінде өрнекті жапсырма құрастыра алады. Тәрбиеленушілердің басым бөлігі: -симметриялы емес заттарды бейнелеу үшін салынған немесе ойдағы контур бойынша сұлбаларды қия алады; -жапсырмада бейнелілік құралы ретінде түсті пайдалана алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -өз бетімен таныс әдістерді үйлестіре алады.	
Тілдік мақсаттар	Дағдыларды дамыту: -жапсырма жасау жөнінде ойларын ұсыну; -жұмыс әдістері мен кезектілігі туралы айтып беру; -түпкі ойды түсіндіру; -өзінің және өзгенің жұмысын талқылау және түсіндіру; -тақырыпқа қызығушылық туғызатын көркем сөзді тыңдау; -қорытынды сұрақтарға жауап беру, өз жетістіктерін бағалау. Көптілділік: жұлдыздар – звёзды – stars. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -жұлдызды аспан, сұлба қию, кеңістік, түс. Талқылауға арналған сұрақтар: Сен жұлдызды аспанды көрдің бе? Аспанда не бар? Жұлдыздар туралы не білесің? Жұлдыздардың пішіні қандай? Жұлдыздардың түсі қандай? Жұлдыздарды қандай тәсілмен қиюға болады?	
Алдыңғы білім	Жұлдыздар, ғаламшарлар және күн туралы қарапайым түсінік. Өз бетімен қағаздың және реңктерін таңдау барысында түс талғамының болуы. Қағаздың бетіне суретті үлкендерінен бастап жапсырып, оларды кішкентай, ерекше бөліктермен толықтыру білігі.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт Оң көңіл күй орнату. 0-1 минут	Жоспарланған іс-әрекет (Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй туғызу. Жұлдыздар – Ей, достар, Сендерге Ең қашық тұратын, Жарқырап түндерде, Түрлі өрнек құратын, Біз – Жұлдыз, Күннен де Жүз есе үлкенбіз. Сондықтан: «Әлемде Ең үлкен, зор, алып!» – деген ат Өзірге Біздерде тұр қалып! <i>Е. Өтетілеуұлы</i>	Ресурстар Музыкалық сүйемелдеу.
II. Өмірлік тәжірибені өзектендіру. Мақсат қою 2-5 минут	(Ұ) Тәрбиеленушілер жұмбақты шешеді: Аспанда бір ана бар, Маңы толған балалар. <i>(Ай мен жұлдыздар)</i> Педагог балаларды ғарышқа жұлдыздарға саяхат жасауға шақырады. Жұмысқа дайындықты тексереді. (Ұ) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялық материалмен жұмыс. – Суретке назар аудар. Нені көріп тұрсың? Мұны қашан көруге болады? – Осы шоқжұлдыздың қалай аталатынын білесің бе? – Қараңғы түнде аспанда Сикирлы бақ гүлдеді, – Алтын гүлдер ашылды, Қоржыннан жібек шашылды. – Өзіңнің жұлдызды аспаныңды жаса! Фон туралы ұмытпа. Пішіндері мен көлемі әртүрлі, жұлдыздарды қиып алып, қағаз бетіне орналастыр. (Ұ) Саусақтарға арналған жаттығу. Қолдағы бес саусақты Өз атымен атай біл!	Ғарыш және жұлдызды аспан – балаларға арналған бейнеэнциклопедия. Әліппе -альбом «Жұлдыздар» тақырыбы бойынша суреттер. Музыкалық сүйемелдеу.
III. ҰОҚ-нің тақырыбы бойынша жұмыс 6-25 минут		

IV. ҰОҚ-ның қорытындысы. Рефлексия 28-30 минут	Бас бармағым балпиған, Қарны жуан қампиған. Сұқ саусағым, міне, көр, Жөн сілтеп ол жіберер. Ортан қолым теректей, Қоймас өзін елетпей. Аты жоқ саусақ... Күлгенім: Неге аты жоқ? Білмедім! Шынашағым шілтиген, Жабырқау ғой, кім тиген?! (Ұ, Ж) Жапсыру орындау технологиясы. Балалар жұлдызшаларды қиғанды ұнатады, оларға көмектесіп жіберіңіз. Бәрінен де төрт сәулелі жұлдызшаны жасау оңай. Содан бастаңыз. Шаршыны тік бағытта екі бүктейді. Алынған тіктөртбұрышты тағы да көлденең екіге бүктейміз. Кішкентай шаршыны диагоналі бойынша екіге бүктейміз. Алынған үшбұрышты қиямыз. Осылайша, төрт сәулелі жұлдызша жасалды. Педагог балаларға симметриялы емес жұлдыздарды жасауды ұсынады, ол үшін әзірлемені қатпарлап бүктеп, жай қарындашпен жұлдыздың сұлбасын сызып, қиып аламыз. Балаларға үлгі бойынша Жетіқарақшы шоқжұлдызын жасауды ұсынуға болады. Қою көк түсті фонға көлемі әртүрлі жұлдыздарды жапсырамыз. Желімнің артық мөлшерін шүберекпен сүртіп аламыз. Симметрия түрінде қиып алған зымыранды жұлдыздарға ұшыруларына болатынын айтады. Педагог тікелей үйрету әдісін қолданады. Жұмыстың кезектілігі орындаудың барлық кезеңдері бейнеленген тақтада схема түрінде көрсетіледі. Жұлдызды кию тәсілін түсіндіру үшін баланы тартуға болады. (Ұ) Қауіпсіз жұмыс жүргізу ережесі Педагог сабақ барысында қайшымен жұмыс істеу ережесін еске салады. Тәрбиеленушілердің назарын қағазды үнемдеп пайдалану керектігіне аударады. Ірі қиындыларды лақтырмау қажет, оларды ұсақ бөлшектерді жасау үшін пайдалануға болады. (Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау. Педагог ҰОҚ қорытындылайды. Шағын көрме ұйымдастырылады. Балаларды бір-бірінің жұмысын бағалауға шақырады. Педагог рефлексияның бір түрін таңдайды: • физикалық (үлгердім – үлгермедім); • сенсорлық (өзін-өзі сезіну: қолайлы – қолайсыз); • зияткерлік (нені түсіндім, ұғындым – нені түсінбедім, қандай қиындыққа кезіктім); рухани (жақсардым – нашарлай түстім, өзімді, өзгелерді жақсарттым).	Түрлі-түсті қағаз, жай қарындаштар, қайшы, ПВА желімі (немесе желім-қарындаш), желімге арналған жаққыш, сулық клеенкалар. Жадынама Әліппе-альбом Балалар жасаған бұйымдардың шағын көрмесі.
---	--	--

Бекітілді: 
Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

Тақырыбы: Конструктор құрастырамыз	
Күні: 06.05.2022	
ҰОҚ-ның мақсаты	0.1.1.2. Шаблон/есте сақталған үлгі/затқа қарап жапсыруларды құрастыру, сәйкес түсті, пішінді, заттардың фактурасы мен пропорцияларын таңдау, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс пайдалану.

	0.2.1.1. Геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттардың бейнесін қию (жолақтарды тіктөртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп қию, шаршының немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын қию арқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып алу). 0.2.2.1. Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсау (тығыздығы, түсі, текстурасы жағынан әртүрлі қағаздар). 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -шаблон бойынша жапсырмалар жасай алады; -геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттарды қия алады; -жапсырма материалдарын тиімді пайдалана алады. Тәрбиеленушілердің басым бөлігі: -жапсыруға арналған заттарды тиімді пайдалана алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -өз бастамасымен бейнелеудің әртүрлі әдістерін біріктіре алады.	
Тілдік мақсат	Дағдыларды дамыту. -сөзбен түсіндіру арқылы композицияны нақтылау ; -жұмыстың тәсілдері мен кезектілігін айту ; -түпкі ойды түсіндіру ; -сұрақтар арқылы заттардың құрылымдық ерекшеліктерін нақтылау ; -түстер мен пропорциялық қатынастардың ерекшеліктерін айқындау ; -қорытынды сұрақтарға жауап беру, өз жетістіктерін бағалау . <i>Көптілділік:</i> Шаршы – квадрат – square Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -геометриялық фигуралар, конструктор, танграм, контур бойынша қию, фигураларды үлгі бойынша біріктіру. Талқылауға арналған сұрақтар: Танграм деген не? Оның элементтерінен не жасауға болады? Бөлшектерді суретке қалай дұрыс жапсыруға болады?	
Алдыңғы оқыту	Геометриялық пішіндер туралы білім. Танграммен, колумб жұмыртқасымен жұмыс жасау білігі. Техникалық дағдылар.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Қызығушылық ояту 0-3 мин	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй туғызу. Орнына ештеңе талап етпей, Жақсы көңіл күймен бөліс. Сәттілік пен ырыс тілей, Өзгеріс желімен бөліс. Бәріне, бәріне, бәріне, Ешкімді қалыс қалдырма, Көңіл күй, жақсылық тілеп, Сәтсіздікті болдырма. Күзгі күнге де күлімде, Адамдардың бәріне де, Күні бойы қуансын, жасы да, кәрі де. Қуанышпен бөлісуді кейінге қалдырма! Педагог тәрбиеленушілерге өзінің де, өзгенің де көңіл күйін көтеруді ұсынады. (Ұ) Педагог балаларға басқатырғыштардың үлгілерін көрсетіп, олардың не және не үшін керек екенін сұрайды. Бұлар басқатырғыштар! Басқатырғыш дегеніміз не! Балалардың болжамдарын тыңдайды. Педагог балаларға жұмыс үстелінің дайындығын –клеенка, қайшы, желім, желімге арналған жаққыш, түсті қағаздар және қалдыққа арналған сауыттың бар-жоғын тексеруді ұсынады. (Ұ) Әліппе-альбомдағы материалмен жұмыс. Тәрбиеленушілер суретке қарап, суреттегі балалардың немен айналысып жатқанын айтады. Педагог Танграмның геометриялық конструктор екенін түсіндіреді. Оның фигураларынан жануарлар, адамдар, құстар, балықтар, көліктерді және т.б. құрастыруға болады. Бір көңілді ойын бар, аты оның «Танграмм». Мұнда бес үшбұрыш бар: екі үлкен, екі кішкентай, орташаның жартысы. Сондай-ақ, бір шаршы бар, Оған да сен таңғалма. Сонымен қатар Танграмда Параллелограм да бар. Балаларға бөлшектерден әртүрлі заттардың бейнелерін жинап, қағазға жапсыруды ұсынады. Қайшымен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік ережелерін ескертеді. (Ұ) Саусақтарға арналған жаттығу. Бас бармаққа қонаққа	Музыкалық сүйемелдеу.
Негізгі бөлім 4-12 мин		Басқатырғыш ойыншықтар.
13-27мин		Әліппе-альбом. Танграмм үлгілері. Музыкалық сүйемелдеу.
		Түрлі-түсті қағаз, жай

	Бүгін келді бар саусақ: Сұқ саусақ, ортаңғы саусақ. Қалмады аты жоқ саусақ, Ілесті шынашақ. Достар қалай ажырамақ? (Ұ, Ж) Жапсырманы орындау технологиясы. Балаларға үлгі бойынша жапсырма жасауды ұсыныңыз. Бұл жұмыс уақытты талап ететін болғандықтан, фигураларды жасауды жұмыс қабілеті жоғары балаларға сеніп тапсыруға болады. Педагог балаларға жұмысты бастамас бұрын нені бейнелейтінін, қандай түсті қағаз қажеттігін, бөліктерді қандай тәсілмен қиятындарын және т. б. жасалатын жұмыстарды ойланып алуларын ұсынады. Қайшының ашасы кең етіп ашылады. Ашаның орта бөлігімен қияды. Қағаз парағының үлкен бөлігін ұстап тұрып, кіші бөлігін қиып алады. Желім жапсырылатын бөліктерге жағылады. Желім шетінен ортасына қарай жылдам жағылады. Желім жағылған бөлік үстіне салынады, оның үстіне парак жабылады және одан кейін шүберекпен оны ортасынан шетіне қарай мұқият тегістейді.	қарындаштар, қайшы, желім жаққыш, сулық клеенкалар, қоқыс салғыш.
Қорытынды бөлім 28-30	(Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау. Жұмыстар талданады және нәтиже қорытындыланады. Мазмұны бойынша бағалау: танымдық белгі – балалар өз жұмыстарын танымдық белгі (карточка, жетон, кимыл) арқылы бағалайды.	Символдық карточкалар.

Бекітілді:



Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

Тақырыбы: Күнтізбе	
Күні: 13.05.2022	
ҰОҚ-ның мақсаты	0.1.2.1. Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау, заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып оларды аспанға, суға,

	жерге қатыстылығы бойынша орналастыру. 0.2.1.3. Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қиып алу. 0.2.2.2. Бірнеше қабат етіп бүктелген қағаздан геометриялық сәндік элементтерді көбірек қиып алып, геометриялық пішіндерді (шаршылар, тіктөртбұрыштар, шеңберлер, сопақшалар) ортасынан немесе диагональ бойынша қию. 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -желімді пайдалану дағдыларын қолдана алады. Тәрбиеленушілердің басым бөлігі: -жапсыруда бейнелілік құралы ретінде түсті пайдалана алады; -фигурлардың көлемдерінің әртүрлілігін айқындай алады; -түпкі ойды тұрақты сақтап, өз әрекетін жоспарлай алады және жұмысын соңына дейін жеткізе алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -өз бастамасымен бейнелеудің әртүрлі тәсілдерін қолдана алады; -композиция заңдарын қолдана алады.	
Тілдік мақсат	Дағдыларды дамыту. -жапсырма жасау жөнінде ойларын ұсыну; -өзінің және өзгелердің жұмыстарын талқылау және түсіндіру; -ұжымдық жұмыс барысында пікір алмасу; -қазақ, ағылшын тілдерінде таныс сөздерді есту арқылы тану; -қорытынды сұрақтарға жауап беру, өз жетістіктерін бағалау. Көптілділік: ауыл – аул – village. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: күнтізбе, топ болып жұмыс істеу, сұлба бойынша қию Талқылауға арналған сұрақтар: Күнтізбе дегеніміз не? Сен осы жыл ішінде нені үйрендің? Саған бәрінен де қандай затты қиған ұнайды? Болашақта нені үйренгің келеді?	
Алдыңғы оқыту	Күнтізбе туралы қарапайым түсінік. Ұжымдық жұмысқа араласу білігі.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Оң көңіл күй орнату. 0–1 минут	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй туғызу. Келіндер, шеңберге тұрыңдар, Бір-біріңнің қолдарыңнан ұстандар, Күлімсіреп қараңдар, Күлкілер жүректерді жалғасын. Көңілсіздіктен жасыма, Шынайы күлсеңдер Күн шуағы төгілер	Музыкалық сүйемелдеу.
II. Өмірлік тәжірибені өзектендіру. Мақсат қою 2–5 минут	(Ұ) Педагог балаларға сұраққа жауап беруді ұсынады. Емен ағашы бар, ағашта он екі құстың ұясы орналасқан. Ал әрбір ұяда төрт сары шымшық тұрады. Мұның бәрі қайда сақталады? Балалардың болжамдарын тыңдайды. Күнтізбенің шағын көрмесін көрсетеді. Ұжымдық жұмысқа атсалысуға шақырады. Тәрбиеленушілер сабаққа дайындықты тексереді. (Ұ) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялық материалмен жұмыс. Тәрбиеленушілер суретке қарап, күнтізбелердің не үшін қажет екені туралы ой тарқатады. Күнтізбе – мерекелік, демалыс және естелік күндері көрсетілген, бір жылдағы күндердің тізілімі. – Сен мектеп өмірінің табалдырығында тұрсың. Мектеп күнтізбесі саған және сенің достарыңа қызықты күндер мен мерекелерді өткізіп алмауға көмектеседі. Достарыңмен бірге күнтізбе жасап көр. Ол үшін көлемі үлкен қағаз қолдан. – Қиюдың қандай тәсілін қолданасың? Қандай материалдар қажет? Қуаныш топқа бөлінуді ұсынады: бірінші топқа жырту жапсырмасы тәсілімен фондарды дайындайды, екінші топ киіз үйдің сұлбасын сызып, қиып алады, үшінші топ – киіз үйлер мен күнтізбені жапсырады. (Ұ) Саусақтарға арналған жаттығу Апта күндері Дүйсенбіде кір жудым, (жұдырықтарды бір-біріне ысқылаймыз) Сейсенбіде еден сыпырдым, (алақанмен үстелдің үстін сұрткендей қимыл жасаймыз) Сәрсенбіде нан пісірдім, (бөліш пісіру) Бейсенбіде доп іздедім, (оң қолды маңдайға жақындатып, «күнқағар» жасаймыз) Жұма күні ыдыс жудым, (сол қолдың саусақтары жартылай бүгулі, алақан қырымен тұр, оң қолдың саусақтарымен сол алақанды кесе жуғандай, сипаймыз) Сенбі күні торт сатып алып, (алақанды ашып, шынашақ бағытында бүгу) Жексенбі күні құрбыларымды қонаққа шақырдым (алақанмен өзіне қарай сілкен). (Ұ) Жапсыру орындау технологиясы Балалар жыл ішінде жинақтаған тәжірибелерін қолданады. Киіз үйлерді қиып алады, қағаз жыртады, күнтізбелерді дайындап, композицияны жапсырады. Жырту	Әртүрлі күнтізбелердің үлгілері Әліппе-альбом. Музыкалық үзіліс Түрлі-түсті қағаз, жай қарындаштар, қайшы, ПВА желімі (немесе желім-
III. ҰОҚ-нің тақырыбы бойынша жұмыс 6–25 минут		

	техникасымен жұмыс істеген кезде педагог балалардың назарын бөлшектердің түстері бойынша бөлек-бөлек жиналатынына аударады. Негізгі беттің шағын бөлігіне желім жағып, желімделген бөлікке қағаз бөлшектерді орналастырады. Қайшымен қауіпсіз жұмыс істеу ережесін еске салады. Киіз үйлерді қиған кезде балаларға белгілі қағазды екіге бүктеу тәсілі қолданылады. Жылдағы айлар санына байланысты киіз үйлердің саны да он екі болуы тиіс. Күнтізбе принтерде (немесе баспаханада) басып шығарылады, қиылады және киіз үйлерге жапсырылады. Тәрбиеленушілер дайын бөлшектерді негіз-қағазға орналастырып көреді, одан кейін әзірлемені жапсыру туралы шешім қабылдайды. Педагог тәрбиеленушілерге жұмыс орнын ретке келтіру керектігі туралы ескертеді.	қарындаш), желімге арналған жаққыш, сулық клеенкалар.
IV. ҰОҚ қорытындылау. Рефлексия. 26–30 минут	(Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау. Жұмыстар талқыланып, нәтиже қорытындыланады: • аудиалдар: ауызша, жаппай: саған бүгінгі сабақ ұнады ма, сенің ойыңнан шықты ма? • кинестетиктер: «бет» карточкасы таратылады да, балалар оған ауыздың суретін салып, өз көңіл күйлерін смайликтер арқылы көрсетеді.	

Бекітілді:



Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру

ҰОҚ. Тақырыбы: Күнтізбе . Қорытынды	
Күні:	
ҰОҚ-ның мақсаты	0.1.2.1. Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау, заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыру.

	0.2.1.3. Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді кию. 0.2.2.2. Бірнеше қабат етіп бүктелген қағаздан геометриялық сәндік элементтерді көбірек қиып алып, геометриялық пішіндерді (шаршылар, тіктөртбұрыштар, шеңберлер, сопақшалар) ортасынан немесе диагональ бойынша кию. 0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: -геометриялық пішіндерді (шаршылар, тіктөртбұрыштар, шеңберлер, сопақшалар) ортасынан немесе диагональ бойынша қия алады; -заттарды бүкіл парақ бетіне орналастыра алады; -желімді пайдалану дағдыларын қолдана алады. Көптеген тәрбиеленушілер: -заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыра алады; -бейнелерді қағаз бетіне жапсыруды алдымен ірі бөліктерінен бастап, кейін ұсақ, ерекше бөліктерімен толықтыра алады. Кейбір тәрбиеленушілер: -өздеріне таныс әдісті үйлестіре алады; -композиция заңдарын қолдана алады.	
Тілдік мақсат	Дағдыларды дамыту: -жапсырма жасау жөнінде ойларын ұсыну ; -жұмыс тәсілдері мен кезектілігі жөнінде айтып беру ; -түстің, пропорциялық қатынастардың ерекшелігін сөзбен айқындау ; -қазақ, ағылшын тілдерінде таныс сөздерді есту арқылы тану ; -өзінің және өзгелердің жұмыстарын талқылау және түсіндіру ; -қорытынды сұрақтарға жауап беру , өз жетістіктерін бағалау . <i>Көптілділік:</i> қала – город – town. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: -геометриялық пішіндер, композиция перспективасы, қию тәсілдері, эзирлемелер, желімді астар, көлік, көше, ғимарат. Талқылауға арналған сұрақтар: Қандай геометриялық пішіндерді білесің? Жақын тұрған пішіндер қандай болып көрінеді? Көлікті қандай эзирлемелерден қиып алуға болады?	
Өткен ҰОҚ алған білім	Қарапайым сюжеттік композиция жасай білу, қағаздың бетін толтыра білу. Қайшымен жұмыс дағдылары. Геометриялық пішіндерді білу. Негізгі түстермен және олардың реңкімен танысу.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-1 минут	(Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату. Бүгінгі қала бейнесі Сілкіп тастап нала жүгін, Жасанып тұр қала бүгін. Сәулетіне, Дәулеті сай, Қос басындай таразының. Түнгі қала, Жұлдыздардың, Шоғырына айналып тұр. <i>Ө. Ақыпбекұлы</i> (Ұ) Педагог тәрбиеленушілерді үлкен және шағын қалалардың фотосуреттерінен (картиналар, иллюстрациялар) ұйымдастырылған шағын көрмеге шақырады. Педагог тәрбиеленушілерді алдағы әрекетке жұмылдырады. Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ. (Ұ) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялармен жұмыс. Педагог балалардан суретке қарап, ғимараттардан, көліктен, қоршаған ортадан қандай геометриялық фигуралар көріп отырғанын айтқызады. Балалардың назарын жыл мезгіліне аударады. Қар қайда жатыр? Үйлердің төбесінде, ағаш бұтақтарында, отырғыштарда. Педагог балаларға алдағы композицияны көрсетіп, онда қазір көкжиекке ұласқан (парақтың жоғарғы жағын нұсқайды) кең байтақ жер жатқанын (парақтың төменгі жағын нұсқайды) көрсетеді. Бірақ осы жақында аспанға бой тіктеп үйлер көтерілетінін, үйлерге адам қоныстанатынын, жолдармен көліктер ағылысатынын айтады. Осының бәрін қазір біз өзіміз жасаймыз өз қаламызды саламыз. Жақын орналасқан фигуралар үлкен болып көрінеді. Ал алыстағылары кішкентай сияқты көрінеді. (Ұ) Саусақтарға арналған жаттығулар Көңілді адамдар <i>(саусақтар алақан үстінде адымдайды),</i>	Музыкалық сүйемелдеу.
II . Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам 2-5 минут		«Қазақстан қалалары» фотосуреттері, иллюстрациялар, суреттер, картиналар (мүмкіндігінше).
ҰОҚ ортасы		Әліппе-альбом.
III. Тақырып бойынша жұмыс 6-25 минут		Тұсаукесер материалдары немесе флипчарттар.

	Өзен жанымен өтеді (<i>екінші алақанның үстімен адымдайды</i>). Жүгіріп-секірді, (<i>үстел үстін тықылдатамыз</i>). Күнді қарсы алды, (<i>бетіміздің үстімен жүреді</i>), Көпірге шықты, (<i>саусақтардың басын біріктіреміз</i>). Шеге қақты, (<i>жұдырықпен жұдырықты соққылаймыз</i>). Содан кейін өзенге сүңгіді (<i>алақандарымызды сілкілейміз</i>). Адамдар қайда? (<i>Қолдарымызды қолтығымызға тығамыз</i>). Олар мұнда! (<i>Қолдарымызды көрсетеміз</i>). (Ж, Ұ) Жапсыру орындау технологиясы. Педагог жұмысты орындау алгоритмін айтып береді: – Үй салу үшін түрлі түсті қағаз әзірлемесін алу қажет. Егер үй екі қабатты болса, қағазды екіге бүктейміз. Енді ашқан кезде бірінші қабат пен екінші қабаттың қайда болатынын көруге болады. Үйде қанша кіреберіс болады? Қағазды енді басқа жағынан екіге бүктейміз, сосын тағы екіге бүктейміз. Ашып-жазамыз. Қанша кіреберіс шыққанын есептеуге көмектесесіңдер ме: бір, екі, үш, төрт – міне, төрт кіреберіс болды. Енді кіреберістерді бүктеп, үйдің төбесін қиып аламыз – міне, былай – бір жағындағы бұрышын, сосын екінші жағындағы бұрышын. Ашып-жазамыз – пішінді төбесі бар үй шыға келді. Енді терезелерін жасау керек. Педагог терезелерді сары немесе ақ түсті жолақтан қиып алуға болатынын түсіндіреді. Жолақты екіге бүктеп, сосын тағы екіге бүктеп, бүгілген жерін алақанмен жазамыз. Қағазды жайып, терезелер бірдей болу үшін бұту сызығы бойымен дәлдеп қиямыз. Тәрбиеленушілер терезелерді үйлерге жапсырады. Педагог балаларға шаршы керек болатынына назар аударады. Оларға қиюдың жаңа тәсілімен таныстырады. Егер балалар қаласа, композицияға ағаштар қосуға болады – ағашты екіге бүктелген қағаздан немесе суреті салынған контур бойынша қиып алуға болады. Балалар бөлшектерді жалпы көрініске қондырады. Педагог оларды орналастыруға көмектеседі және алдымен үйлерді көкжиек сызығына жапсыру керектігін, сосын келесі қатарларды төмендете беріп жапсыру керектігін түсіндіреді. Үйлер үйлерді ішінара жауып желімделеді. Төменде жол жатыр, онымен машина жүйткіп барады. Олай болса, әліппе-альбомда берілген үлгіні қолданып, мәшине жасайық. Педагог аппликация жұмысының барысын және талдауын қарастырғанда оның бейнелік, өзгешелік, айқындығын атап көрсетеді. Аппликацияның барлық бөлшектерін матаға ретімен жапсырады. (Ұ) Қауіпсіз жұмыс жүргізу ережелері. ҰОҚ шеңберінде қайшымен жұмыс ережелерін еске салып отырыңыз. Бала желім жаққан кезде, пішінді қолмен ұстап отыруын, қолын жұмыс үстеліне жапсарлас жылжытуын	Музыкалық сүйемелдеу. Түрлі-түсті қағаз, жай қарындаштар, қайшы, ПВА желімі (не желімді қарындаш), желім жаққыштар, сүрткіштер, ластанбайтын төсем.
IV. ҰОҚ қорытындысы. Рефлексия 26-30 минут	(Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау: Педагог балаларды өзара бағалауға шақырады. Түрлі-түсті карточкаларды қолдану: жапырақ, қар, гүл, бағдаршамдар.	Карточкалар: жапырақ, қар, гүл, бағдаршамдар.